ҚАЙЫРБЕКҰЛЫ А., ЖАМПЕИСОВ Д.Ә.,
ЖАМПЕИСОВ Д.Ә., СМАГУЛОВ Д.Е.

# ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**ҚАЙЫРБЕКҰЛЫ АЙДЫН**
**ЖАМПЕИСОВ ДУМАН ӘБІЛТАЙҰЛЫ**
**ЖАМПЕИСОВ ДӘУРЕН ӘБІЛТАЙҰЛЫ**
**СМАГУЛОВ ДИАС ЕРНҰРҰЛЫ**

# ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Семей – 2015

УДК 34
ББК 67
Т-29

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
Ғылыми Кеңесімен баспаға ұсынылған

Рецензенттер:
Заң ғылымдарының кандидаты **А.У.Мухамадиев**
PhD докторы **М.Д. Каражанов**

**Қайырбекұлы А., Жампеисов Д.А., Жампеисов Д.А., Смагулов Д.Е.**

Т-29 Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Шығыс Қазақстандағы жастардың құқықтық мәдениетінің дамуы: монография / А.Қайырбекұлы, Д.А.Жампеисов, Д.А.Жампеисов, Д.Е.Смагулов– Семей, 2015 – 94 с.

**ISBN 978-601-7799-62-5**

Осы монография Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Шығыс Қазақстандағы жастардың құқықтық мәдениетінің дамуының өзекті мәселелерін анықтауға бағытталған дербес зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысында жастардың құқықтық мәдениетіне байланысты барлық материалдар талдап қорытындыланған, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен мәселелерін айқындалып, олардың шешу жолдарын жазылып, құқықтық мәдениетті көтерудің теориялық және практикалық маңыздылығы анықталып талданған.

Монографияда тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми жаңалығы теориялық тұжырымдамаларды, шет елдердің құқықтық тәжірибесін, Қазақстан Республикасының заңнамасын терең зерттеуге негізделеді.

Осы зерттеу жұмысы құқықтық мәдениет мәселелерін зерттейтін заңгерлерге, студенттерге, оқырманның кең қауымына арналған.

УДК 34
ББК 67

© Қайырбекұлы А., Жампеисов Д.А.,
Жампеисов Д.А., Смагулов Д.Е., 2015

# АЛҒЫ СӨЗ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Еліміздің Ата Заңы бойынша демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялағаны бәрімізге мәлім, оның ең жоғарғы құндылығы адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп ерекше атап өтті. Тәуелсіздігімізге қол жеткізуіміз қоғамдағы көп жақты, көп сатылы қарым-қатынастарды реттеудің негізгі құралы ретінде құқықтық сана мен құқықтық мәдениет маңызының артуына жол ашты. Қоғамдағы шынайлық пен өркениеттің дамуына тек зиялы, білімді қоғам өз қалыптасуының барысында, демократияның барлық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жан-жақты аша түсетінін озық мемлекеттердің дамуы дәлелдеп отыр. Демократияның қанат жайып көркеюі, бұл қоғамдағы мәдениет пен шынайылық, ал оның басты кепілі - құқықтық мәдениеттің жан-жақты дами түсуі. Демократия дегеніміз - шетсіз де шексіз кеңістік немесе шектен тыс еркіндік емес, ол - белгілі бір дәрежеде заңмен, тәртіппен реттеліп отыратын қоғамдық келісім мен белсенділік.

Мемлекетіміз өзінің алдына ұзақ мерзімге үлкен жоспарлар қойып отырғанын біз жақсы білеміз. Еліміз дамыған 30 елдің қатарына кіруді жоспарлап отыр[1].

Бұл еліміздің болашағына сенімділікпен қарауға мүмкіндік береді.

Отанымызды биік дәрежеге көтеріп, оның болашағына ие болып, гүлдендіретін де жастар болып табылады. Ал жастарды осы бастан ел мен жерге құрмет көрсете білуі мақсатын қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келе жатқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің үлгілерін өз бойына сіңіруге, ғылым мен білімнің соңғы жетістіктерін жете меңгерген кәсіпқойлыққа баулуымыз қажет[2].

Зерттеу жұмысының өзектілігі – қазіргі қазақ қоғамындағы, соның ішінде Шығыс Қазақстандағы құқықтық мәдениеттің әлеуметтік-заңгерлік табиғатын айқындайтын факторларды анықтауында әрі оларға сипаттама беруінде. Құқықтық мәдениетке арнайы зерттеу объектісі ретінде қарау.

Біртұтас қазақ мемлекетінің сақталуына, экономикалық кризистің салдарын жеңуге, Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы орнын нығайтуға оның ұлттық, құқықтық мәдениетінің рухани негізі болған және қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптасқан ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып қана қол жеткізуге болады.

Елде жүргізіліп жатқан көптеген реформалық жандануларрдың сәтті болуы «Қазіргі Қазақстанның ұлттық құқықтық мәдениеті қандай?», «Қазақ құқықтық мәдениетінде «жалпы адамзаттық» және ұлттық құндылықтар қарым-қатынасы қандай?», «Құқықтық мәдениет қазақ қоғамының құқық жүйесінде қандай орын алады?» сынды сұрақтарға дұрыс жауап беруге байланысты. Бұл

---

[1] «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. //ИС «Параграф»

[2] Булгакова Д.А. Теория государства и права. Учебное пособие. – Алматы: Юридическая литература, -2004. – 114 с.

сұрақтар зерттеудің маңызын, өзектілігін көрсетіп және зерттеу тақырыбын таңдаудың себебін түсіндіреді.

**Зерттеудің объектісі мен пәні.** Зерттеудің объектісін негізінен құқықтық мәдениеттің жалпы теориялық мәселелері, құқықтық мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктері мен нысандары, құқықтық мәдениетті жетілдірудің мәселелері мен даму феномені құрайды.

Зерттеудің негізгі пәнін құқықтық мәдениет жүйесіндегі жастардың құқықтық мәдениетінің негізгі мәселелері және жастардың құқықтық мәдениетін көтерудегі құқықтық тәрбиенің атқаратын рөлі, жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісінде олардың девианттық жүріс-тұрыстарының қаншалықты кері әсері болатындығы, жастардың құқықтық мәдениетін көтеру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралардың мәні мен маңызын саралау құрайды.

**Бұл жұмыстың мақсаты** – қазіргі жастардың бойындағы құқықтық мәденеиеттің даму деңгейі мен оған әсер ететін факторларын анықтау, және осыған қатысты туындайтын мәселелерді саралап, оны шешудің теориялық-құқықтық амалдарын ұсыну.

**Міндеттері.** Көзделген мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттерді шешу керек:

- жастардың құқықтық мәдениетін зерттеу барысында қоғамның жалпы құқықтық мәдениетінің орны мен рөлін ашып көрсету;
- әлеуметтік ғылымдардағы мәдениет ұғымының дамуын және шығуын қарастыру;
- жастардың құқықтық мәдениет деңгейін анықтауда сұрақ жауап (анкета) жүргізу;
- жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісінде девианттық жүріс-тұрыстың кері әсерінің деңгейін анықтау және оның себеп-салдарын көрсету;
- жастардың құқықтық мәдениетін көтеру жолында құқықтық тәрбиенің алатын орны мен атқаратын рөлін межелеу;
- қазіргі Қазақстанның құқықтық мәдениетінде қалыптасып келе жатқан нигилистік үрдістердің туу себептері мен даму динамикасын зерделеу;
- қазіргі жағдайға сай құқықтық мәдениетті дамытудағы жолдарын анықтау және кездесетін кедергілерді жоюға байланысты ұсыныстар жасау.

**Зерттеу жұмысының теориялық құндылығы** – ондағы қорытындылар мен ұсыныстар, көп жағдайда мемлекет пен құқық теориясының «Құқықтық мәдениет және құқықтық сана», «Қазіргі құқықтық жүйелер», «Құқықты қолданудың түрлері», «Әлеуметтік реттеу жүйесіндегі құқықтың ролі», «Құқық жүйесі» сияқты бөлімдерін нақтылауында әрі дамыта түсуінде.

Зерттеу жұмысының нәтижелері жастардың құқықтық мәдениетін зерттеуде жаңа ой тұжырымдар қалыптастыруға септігін тигізеді. Жастардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәрбиесі және жастардың мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға қатысты ізденістерді тереңдетуге негіз бола алады. Зерттеудің нәтижелерін елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардағы жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің құқықтық базасын қандай

басымдықтар мен қағидаларға сүйене отырып қалыптастырудың ғылыми негіздерін жасау барысында пайдаланылануға болады. Сонымен қатар, мемлекеттік жастар саясатын жүргізудің заңдық тетіктерін жасау ісінде де қолдануға болады.

Сондай-ақ зерттеу жұмысының кешенді сипаты зерттеу қорытындыларының мемлекет пен құқық тарихына, саяси және құқықтық ілімдер тарихына, заңгерлік мәдениеттану, мемлекеттік құқық, т.с.с. салаларға қатысты зерттеулерге қолдануға мүмкіндік береді. Заң оқу орындарында мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, мемлекет және құқық жалпы тарихы, саяси және қүқытық ілімдер тарихы бойынша дәрістер жүргізуде қосымша материал ретіндегі падалануға болады.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы** – зерттеу қортындыларының келесі мақсаттарда қолданылу мүмкіндігімен айқындалады:

а) Ғылыми зерттеу ісінде, жалпы құқықтық мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастар, құқықтық мәдениеттердің өзара ықпалдасуы, т.б. мәселелерді зерртеу барысында;

б) Құқық шығару саласында, қазіргі таңдағы ұлттық заңнаманы жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен ережелерді дайындау барысында;

в) Мемлекет және құқық теориясы, саяси және құқықтық ілімдердің тарихы, конституциялық құқық, саясаттану, мәдениеттану және т.б. пәндер бойынша лекциялар дайындау, семинар сабақтары мен тәжірибелік сағаттарды өткізу барысында.

г) Арнайы «Құқықтық мәдениет» курсын дайындауда және өткізуде.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Зерттеудің теориялық негізін философиялық, саяси-құқықтық ойдың әлемдік классиктері: Аристотель, Вольтер, Гегель, Гердера, Дидро, Еллинека, Монтескье, Кант, Платон, Руссо, Локка, Цицерон, және т.б. еңбектері құрайды.

Теориялық негіз ретінде, сондай-ақ, танымал қазақстандық және ресейлік заңгерлер: С.С.Алексеев, В.К. Бабаев, С.Н. Байбурин, В.М.Баранов, В.В. Бродин, И.А. Возгин, С.Б. Глушаченко, Ю.И.Гревцов, В.Г. Графская, Х.С. Гуцериев, А. В. Зиновьев, С.З. Зиманов, А.С. Ибраева, С.В. Игнатьева, Г.Д. Ковалев, А.И. Королев, Э.В. Кузнецов, В.И. Леушин, Д.И. Луковская, В.В. Лысенко, В.С. Нерсесянц, Л.А. Николаева, Л.С. Мамут, Р.А. Ромашов, В.П. Сальников,М.В. Сальников, В.Д. Сорокин, Л.И. Спиридонов, С.В. Степашин, И.Е. Тарханов, В.П. Федоров, А.Г. Хабибулин, Е. Н. Щендригин және т.б. еңбектері қолданылды.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі көптеген ғалымдар тарапынан жалпы құқықтық мәдениет мәселелерін қарастыру барысында сөз болады. Жалпы жастардың құқықтық мәдениеті кешенді мәселе болғандықтан, кейін оның әрбір қыры жеке-жеке зерттеудің пәніне айналып отырған.

Жастардың құқықтық тәрбиесі мәселесі Л.А. Сахипова, А.И. Долгова, М.В. Лукьяненко, В.М. Фокин, В.И. Новоселов, К.Х. Найманов, А.П.Чугунов, В.В. Альхиминко, А.Б. Козловский, В.В. Бородин, Е.С. Кубанков, З.А. Бренчев, Г.Б. Елемисов, К.А. Бегалиевтің, А.С. Ибраева, С.Б. Бейсебаева еңбектерінде

кеңінен қарастырылып, арнайы зерттеу нысанасына айналған.

Сонымен қатар, жастардың құқықтық мәдениетін жетілдірудің мәселелері құқықтық сананың аясында қарастырылады. Бұл бағыт Л.М. Голубеваның, С.А. Батованың, В.В.Оксамытныйдің еңбектерінде жүйелі түрде сөз етіледі. Жастардың құқықтык мәдениетін тәрбиелеу ісі Е.А. Зорченконың және т.б. еңбектерінде арнайы зерттеледі.

"Жастардың құқықтық мәдениеті" атты зерттеу тек С.М. Ходыревскийдің қаламынан туған болатын. Еңбекте отбасы мен мектептің, өндіріс ұжымының жастардың құқықтык мәдениетін қалыптастыруда алатын орны мен рөлі талданады. Студент жастардың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық мәдениеті Л.А. Сахипова мен З.Ч.Чикеевалардың еңбектерінде зерттелініп, жеке байлам мен түйіндерге арқау болған.

Мемлекеттік жастар саясаты арнайы зерттеу тақырыбына өзек болған болатын. Бұл бағытта Ш.З. Рустемов пен қазақстандық ғалымдар Л.Ю. Зайцеваның, Д.А. Калетаевтың еңбектері өте қомақты.

Әрине, аталған еңбектердің барлығында жастардың құқықтық мәдениетінің белгілі бір қырлары сөз болады. Бүгінгі күнге дейін жастардың құқықтық мәдениетінің толық табиғаты ашылып, негізгі ғылыми бағасы айқындала қоймаған. Бұл тақырыптағы зерттеулерді қоспағанда, аталған еңбектердің басым көпшілігі кіші-гірім деңгейдегі кітапшалардан құралған. Олардың негізгі мақсаттары жастар тәрбиесімен айналысушыларға көмекші құрал ғана қызметін атқару болып келді.

Ал, ұсынылған осы жұмыста жастардың құқықтық мәдениеті кешенді мәселе ретінде жеке алынып, жүйелі, жан-жақты зерттеудің нысанасы ретінде қарастырылып отыр.

**Зерттеудің әдістері және әдістемесі.** Зерттеудің әдістемелік негізін әлеуметтік құбылыстарды, әсіресе саяси-құқықтық ойларды, олардың тарихи дамуындағы теориялар мен концепцияларды, олардың қарым-қатынастарын, ұлттық және жалпы өркениеттік ой-пікірлердің өзара байланыстарын танып білу принциптері құрайды. Ұлттық құқықтық мәдениет феноменін зерттеуде құрылымдық-функционалдық әдіске ерекше мән беріледі.

Жастардың құқықтық мәдениеттін зерттеу пәнаралық теориялық әрі тәжірибелік, кешенді тәсілдерді қолдануды талап етеді. Осы жайт зерттеу жұмысында жүйелік әдісті қолдануға себепкер болды. Бұған қоса зерттеу жұмысында ресми-заңгерлік, салыстырмалы құқықтық, құқықтық және мемлекеттік модельдеу, идеялар мен теорияларды қайта құру және т.с.с. әдіс-тәсілдер қолданылған.

Сонымен қатар зерттеу жұмысының әдістемелік негізін әлеуметтік құбылыстарды жалпы философиялық бастама жүйесін зерттеуде қолданылатын диалектикалық фундаменталды ережелер құрайды. Қоғамдағы жастардың құқықтық мәдениетінің нақты тарихи дамуын зерттеу үшін және қазіргі кездегі оның көріністерінің ерекшеліктерін анықтау үшін тарихи әдісті пайдаланылды.

Жастардың құқықтық мәдениетін зерттеуде оның жүйелік мәнін, жан-жақтылығын және әртүрлі дәрежедегі қарым-қатынастарының динамикасын атап өту қажет. Мұндағы көптеген байланыстарды шешу үшін, оларды

сипаттауда жастардың құқықтық мәдениетінің әлеуметтік, философиялық, құқықтық, экономикалық қырларына көңіл бөлінді, сонымен бірге, әлеуметтік және статистикалық мәліметтер де пайдаланылды. Зерттеу барысында кең түрде танымның жалпы және арнаулы әдістері: талдау, синтез, талдап қорыту, жүйелеу, құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық-заңдық әдістерге көбінше орын беріледі.

Заң әдебиеттерімен қатар философиялық, әлеуметтік, психологиялық еңбектер, баспасөз материалдары, нақты-әлеуметтік зерттеу мәліметтері пайдаланылды.

Диссертант осы тақырып бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеулер өткізу істеріне қатынасты. Зерттеудің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының ағымдағы заңдары құрады.

Зерттеудің эмпирикалық базасын автор өткізген және баспасөзде жарияланған статистикалық мәліметтер мен әлеуметтік зерттеулердің деректері қалады. Зерттеу жұмысын жазу барысында автор заң ғылымының көрнекті өкілдері: С.З. Зиманов, Ж.Д. Бусурманов, С.С. Сартаев, Ғ.С. Сапарғалиев, М.Т. Баймаханов, Қ.Ә. Бегалиев, Н.Б. Мухитдинов, З.Ж. Кенжалиев, А.К. Котов, А.С. Ибраева, Д.А. Булгакова, А.У. Бейсенова, М.В. Лукьяненко, Е.Қ. Нүрпейісовтердің еңбектерін әдістемелік арқау етті.

Сонымен қатар, құқықтық мәдениеттің әр қырымен айналысушы А.И. Долгова, А.С. Павлов, Л.М. Голубева, И.Амиралиев, Г. Б.Елемисов, Е.В.Татаринцева, В.Головченко, А.М.Медведев, А.П. Кожевникова, Е.С. Кубанков, А.Б. Альхименко, А.Б. Козловский, С.М. Ходыревский, В.В.Оксамытный және т.б. ғалымдардың еңбектеріне елеулі дәрежеде көңіл бөлінді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Зерттеу жұмысында түңғыш рет Шығыс Қазақстан облысы жастарының құқықтық мәдениеті кешенді түрде жүйелі зерттелініп отыр. Жұмыста құқықтық мәдениеттің түсінігі мен құрылымы ізденуші тарапынан саралауға түсіп, өзіндік ой-тұжырымға, бағалауға ие болды. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісіндегі құқықтық тәрбиенің орны мен рөлі айқындалды. Жастарға құқықтық тәрбие берудің нысандары мен әдістері айқындалып, талданды және жастар арасындағы девианттық жүріс-тұрыстың себептері мен оған әсер ететін факторлар талданды. Қазақстан Республикасындағы жастардың құқықтық мәдениетін көтерудің кейбір негізгі мәселелері саралауға түсті.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- жастардың құқықтық мәдениетін зерттеуде жалпы құқықтық мәдениеттің алатын орны мен атқаратын рөлі көрсетіледі. Құқықтық мәдениет жастардың құқықтық мәдениетін зерттеудің базалық, дүниетанымдық категориясы болып табылады. Құқықтық мәдениеттің динамикалық процесс болып табылатындығы анықталды. Оның құрылымы мен жүйесі де қоғам талабына сәйкес дамып отыратын құбылыс екендігі атап көрсетілді;
- жас ұғымының табиғаты ашылып жастарға 14-30 жас аралығындағы адамдардың барлығы жататындағы туралы байлам жасалды. Қолданыстағы заңдарда жастар ұғымының қалай да болмасын көрініс

табуының кажеттілігі айқындалды және жастар ұғымының заңдық негізде бекітілуі қоғамның осы категориясының мүдделерін қорғау ісінде заңдарды қолдануда айқындыққа, нақтылыққа жол ашатындығы көрсетілді;

- жастардың құқықтық әлеуметтенуінің ерекшеліктері олардың жас мөлшеріне, психологиялық даму жағдайларына, жастарға тән әсершілдікке және т.б. жағдайларға байланысты екендігі көрсетілді. Сондықтан да жастардың әлеуметтену үрдісінің жүйелі іс-шараларды жүргізуді қажет ететіндігі негізделді. Жастардың құқықтық әлеуметтенуінде отбасының оқу мекемелерінің атқаратын рөлінің өте маңызды екендігі негізделді. Сонымен қатар құқықтық мәдениеттің дамуы күштеп емес қызығушылық пен қажеттіліктен туындайды. Сол себепті де бұнда БАҚ үлесі ерекше. Ол жай ғана мәлімет, бағдарлама, деректі фильм, мультфильм, тіпті шоу бағдарламалары арқылы жүзеге асрылады. Себебі, құқықтық әлеуметтенуді балалық шақтан бастау өмірде өзінің тиімділігін көрсетуде. Осы кезде қабылдау мүмкіндіктері жоғары болады. Жастар арасында құқықтық әлеуметтенуді жүргізу ісінде мектеп пен оқу орнының атқаратын рөлі, олардың жүйелі және ғылыми негізде құқықтық тәрбие ісін жүргізетіндігі туралы байлам жасалды;

- жастардың құқықтық санасын қалыптастыру ісі көп уақытты талап ететін тәрбиелік әдіс-тәсілдерді қолданудан тұратындығы айқындалды. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру мен орнықтыруда құқықтық тәрбиені үзбей жүргізудің қажет екендігі негізделді. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыруда олардың жас ерекшеліктері мен психологиялық қабылдау мүмкіндіктерін, олардың өздері араласатын қатарлары мен достарының қандай ортада өскендіктерін, отбасындағылар ата-ана, бауырларымен қатынастарда алған тәрбиелерін ескерудің және сол тәрбиенің жалғасы бала бақша мен мектептерде болған білімінің де үлкен рөл атқаратындығы нақты деректермен тұжырымдалып көрсетілді;

- құқықтық тәрбие жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы негізгі жол екендігі айқындалды. Құқықтық тәрбиенің мәні мен қоғамда атқаратын рөлі қоғам дамуына сәйкес өзгеріп, толығып отыратын динамикалық құбылыс екендігінде. Құқықтық тәрбиенің негізгі қағидалары әділдік, теңдік, жүйелілік, демократиялық т.б. болып табылады. Сондықтан да жастарға құқықтық тәрбие берудің негізгі нысандарын әртүрлі негіздер бойынша топтастыруға болады. Құқықтық тәрбиенің негізгі уақыт сынынан өткен, оның мәні мен маңызын айқындайтын нысандарына: құқықтық білім, құқықтық үгіт-насихат, құқықтық тәжірибеге тарту, өзін-өзі құқықтық тәрбиелеу жатады. Аталған құқықтық тәрбиенің нысандарының мазмұны мен мақсаттарының өзгеріп отыратын құбылыс екендігі негізделді;

- жастардың құқықтық мәдениетін көтеруде девианттық жүріс-тұрыстың өте кері әсер ететіндігі айқындалды. Жастардың девианттық жүріс-тұрыстарының көп тараған түрлеріне: нашақорлық, ішімдікке салыну, қылмыстық әрекеттер жатады. Девиантық жүріс-тұрыстың негізгі себептеріне жастардың құқықтық сауаты мен тәрбиесінің төмендігі, олардың бос уақыттарын өткізудің жүйелі ұйымдастырылмауы және т.б. жағдайлар жатады.

Жастар арасындағы девианттық жүріс-тұрысты болдырмау ісінде құқықтық тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін ұтымды, орайлы пайдалану ұсынылды;

- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты – мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың, жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жүйелі қамтамасыз етуге бағытталған қызметтер мен жастардың саяси-қоғамдық белсенділігін көтеруге байланысты атқарылатын іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету жүйесі;

- елімізде құқықтық мемлекет орнату кезінде жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісін кешенді шаралар арқылы жүзеге асыру керек. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеруде жастарды саяси-қоғамдық қызметке тарта отырып, белсенділігін көтеру – іс-жүзінде өзін тәжірибеде ақтап отырған бірден-бір дұрыс жол. Жастар ісі бойынша заңдар осы бағытта дамуы жөн.

# I ТАРАУ. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

## 1.1 Жастардың құқықтық мәдениетін зерттеу мәселелерінің теориялық-әдістемелік аспектілері

Жастардың құқықтық мәдениеті жалпы құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан да біз бұл мәселені зерттеуде теориялық және әдістемелік (методикалық) маңызы бар мәселенің бірі жалпы «құқықтық мәдениеттің және оның орны мен рөліне тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. Мәселеге осы қырынан келу бізге жастардың құқықтық мәдениетінің табиғатын жете түсінуге және оның жалпы құқықтық мәдениет жүйесінде алатын орнын толыққанды салмақтауға мүмкіндік тудырады.

Жалпы құқық теориясында құқықтық мәдениет мәселесі әртүрлі аспектілерде, ракурстарда қарастырылып жүрген өте ауқымды мәселенің бірі болып саналады. Әрине, құқықтық мәдениет қана емес жалпы "мәдениет" мәселесі ғылымда осы күнге дейін өзінің бір ізді шешімін таба қоймаған, сан түрлі концептуалдық ғылыми ұғымдар мен теориялық бағыттарды өмірге әкелген күрделі түсінікке айналып отыр.Мәдениет ұғымы да қоғам дамыған сайын толығып, әр қырынан байи түсетін ұғымдық жүйе. "Мәдениет" ұғымының ғылыми мазмұндалуы - қоғам дамуының әрбір кезеңі тудырған ұстанымдар деңгейінде кемелденіп отыратын дамушы құбылыс[1]. Құқықтық мәдениет бұл – адамдар мен жеке адамның шығармашылық-тәжірибелік және теориялық әрекеттерінің спецификалық мәдени-құқықтық нәтижесі.

Құқықтық мәдениеттің сараптамасына арналған әдебиетте өзара байланысқан, бірақ салыстырмалы түрде жеке құбылыстарға негізделген түрде көрсетіледі:

-қоғамның құқықтық мәдениеті;

-белгілі әлеуметтік топтың мәдениеті (өзінің жастық, аумақтық, кәсіптік және т.б. ерекше сипаттамаларымен ерекшеленеді);

-жеке бастың құқықтық мәдениеті.

Бұл дәрежелер өзінің құрылымы жөнінен бірдей емес, қызметтері әртүрлі. Соған қарамастан олар көп жағынан ұқсас, өзара тәуелді келеді, өйткені жеке бастың құқықтық мәдениеті оған сәйкес келетін қоғам мәдениетінсіз, әлеуметтік саяси тәртіп факторларының әрекетінсіз туындауы мүмкін емес (жеке меншік түрі, мемлекеттік құрылым, билік және т.б.). Құқықтық мәдениет термині саяси мәдениет терминімен ауыстырылған.

Әдебиеттің сараптамасы құқықтық мәдениеттің ортақ қабылданған анықтамасы жоқ екендігін көрсетеді. 60-шы жылдардың соңына дейін құқықтық мәдениет түсінігінің анықтамасын екі жақты қарастырған: қоғамның көзқарастық (пікірлік)-құқықтық жағдайы жағынан (оның дамуының белгілі

[1] Булгакова Д.А. Теория государства и права. Учебное пособие. – Алматы: Юридическая литература, -2004. – 114 с.

сатысында) және құқықты білудің жиынтығы, заңды қолдана білу мен мәртебелеу тұрғысынан. Қарастырылып отырған құбылысты осылай түсінудің салдарынан оның сыртқы келбеті мен ішкі мазмұнының бір-біріне тәуелсіз екенін көреміз.

Жоғарыда келтірілгендерден былайша қорытынды шығарамыз: құқықтық мәдениеттің әдебиеттегі анықтамасы пішіні жағынан шынайы болғанымен қазіргі шарттардағы құқықтық реттеудің теориялық және практикалық талаптарын қанағаттандырмайды, өйткені олар сипатталатын құбылысты жеткіліксіз бейнелейді.

Ю.Ф. Феофанов өз жұмыстарының бірінде: "Құқықтық білім нені болады, нені болмайды деген түсінік емес, бұл - ешқандай баспайдаға қарамастан әрқашан да, барлық жағынан да заңға бағыну, әділ болу",-деп жазады.

60-шы жылдардың соңында құқықтық мәдениеттегі құқық субъектісінің құқықтық нормалармен сәйкес келуі сияқты маңызды жағына назар аударылды. Құқықтық мәдениетке заңды білу, оны қолдана алу, дұрыс түсіну, сонымен қатар нормативті актілердің әділдігіне тереңінен көз жеткізу және заңнамаларды құрметтеуді қосумен қатар З.Д.Иванов құқықтық мәдениеттің құқықтық нормаларды сақтау, орындау және қолдану сияқты маңызды белгісін ерекшелейді. Жекелей алғанда, мәдениет пен заңдылықтың өзара байланысын нұсқай отырып ол былай жазады: "Заңдылықтарды сақтау үшін азаматтар өз қылықтарын нормативті актілермен тағайындалған ережемен сәйкес етуі қажет. Бұл құқықтық нормалардың барлық түрлерін жүзеге асыруға қажет".

Осыған ұқсас талқылауларды басқа да авторлар айтқан. Жоғарғы талқылаулардан алынатын негізгі қорытынды: құқық - қоғамда басқа да адамдармен өмір сүретін адамның басқалармен санаса отырып, өз еркін тия білуін талап етеді. Құқықтың аумағы, ереже бойынша, сезім облысында біздің практикалық әрекеттерімізбен шектелінеді. Құқықтың мінезден айырмашылығы ол жеке адамнан сөзсіз мейірімділікті талап етпейді, ол тек сыртқы әрекеттер облысына қатысты.

Мәдени-құқықтық құбылыстарды тарихи-құқықтық жүйе деңгейіне және керісінше ауыстыру мүмкіндігі құқықтық мәдениеттің әртүрлі концепцияларының методологиялық тиімділігінің маңызды критериі болып табылады.

В. И. Каминская және А. А. Ратинов құқықтық мәдениеттің құрамына бес негізгі компоненттерді қосады: құқық, құқықтық қатынас, юристік мекемелер құқықты үғыну, құқыққа сай және құқыққа қайшы келетін қылықтар.

С.С. Алексеев құқықтық мәдениетке келесі элементтерді қосады: құқықты білудің жағдайы, заңдылықтар, заң шығару, соттың, прокуратураның, басқа да юристік органдардың тәжірибелік жұмысы.

"Құқықтық мәдениет – құқықтық шындыққа қатысты рухани және материалды құндылықтардан тұратын жалпы мәдениеттің көп түрлілігі",- деп жориды авторлардың көпшілігі. Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің көптүрлілігі бола тұра әлеуметтік сипатқа ие, яғни бұл қоғам өмірінің ажырамас жағы. Құқықтық мәдениет жөнінде қарастырылған көзқарастардан біз оның негізгі элементтерін ерекшелеп аламыз: тіл, білім, құқықты үғыну, көз

жеткізу, нормалар, құндылықтар, құқықтық институттар (олардың әрекетінің тиімділігі).

Құқықтық мәдениеттің негізгі компоненттерінің сараптамасын оның қызметінің сипаттамаларымен толықтыруға болады.

Құқықтық мәдениеттің қызметтері бір жағынан рухани мәдениет пен материалдық мәдениет арасындағы айырбас каналы болып табылады, екінші жағынан кұқықтық өмір, құқықтық жүйе болып табылады. Олар рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың құқықтық өмірге қандай бағытпен, қаншалықты, қандай дәрежеде енгенін, құқықтық әрекеттердің пішіні мен әдістерінің дамуына әсер етуін көрсетеді.

Біздің көзқарасымызша, құқықтық мәдениеттің келесі қызметтерін ерекшелеуге болады: танымдылық әлемді көру, құндылықты, нормативті, коммуникативті, мәлметтерді жинақтау және сақтау қызметі, тәрбиелік-прогностикалық.

Философиялық әдебиеттерде "қоғам мен мәдениеттің арасындағы қатынас бүтін және бөліктің қатынасындай, бүтін және оның сапасының қатынасындай" белгіленеді.

Құқықтық мәдениеттің мақсаттық және сандық жағдайы арасында тура және кері байланыстар жүйесі бар, олардың көмегімен құқықтық мәдениет жүйесі тепе-теңдікті ұстап тұруға ұмтылады. Даму деңгейі төмен құқықтық акт басқару субъектісінің көмегімен жойылады және жаңа акт қабылданады.

Құқықтық мәдениет бұл нормативті және жеке юристік актілердің даму дәрежесі ғана емес, бұл сонымен қатар барлық құқықтық әрекеттердің даму дәрежесі, барлық құқықтың даму дәрежесі, бұл – құқықтық психологиялық климат, құқықтық құндылықтар, дәстүрлер және ең бастысы бұл-мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамдағы жеке тұлғаның шынайы құқықтық жағдайы, оның мемлекетпен кепілдендірілген құқығының жағдайы.

Қоғамның құқықтық мәдениеті бұл – қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысымен шартталған қоғамның құқықтық өмірінің сапалық жағдайы. Сонымен қатар ол қоғамдағы жеке адам бостандығын мемлекеттің кепілдеу дәрежесін сипаттайды[1].

Құқықтық мәдениет теориясындағы тағы да бір маңызды мәселенің біріне құқықтық мәдениеттің құрылымы және оның элементтері жатады. Құқықтық мәдениеттің құрылымы теорияда көптеген авторлар тарапынан әртүрлі компоненттер жүйесінен тұратын құрылым ретінде қарастырылуда. Былайша айтқанда, құқықтық мәдениеттің құрылымдық сипатын құрайтын элементтерді ажыратып көрсету әлі болса теорияда өзінің біркелкі шешімін таба қойған жоқ. Соған қарамастан құқықтық мәдениетпен айналысушы ғалымдар бұл мәселені терең талдауға ұмтылған сайын, шешуі қиын шиыршықталған ойдың қармауында қалып отыр. Мұның өзі құқықтық мәдениеттің сан қырлы сипаты бар құбылыс екендігін тағы бір рет дәлелдейтіндей. Қанша дегенмен, құқықтық мәдениеттің мәнін түсінуде, оның құрылымдық жүйесіне кіретін элементтерді

---

[1] Ибраева А.С. О некоторых особенностях правовой культуры традиционного казахского общества. // Правовая реформа в Казахстане. -2003. -№ 3(21), -с.27-32.

ашып көрсету өте қажет. Әйтпесе, құқықтық мәдениеттің мәнін толық ашып, бағалау мүмкін емес. Құқықтық мәдениеттің құрылымы арқылы біз жалпы құқықтық мәдениеттің тұтас құрылым ретінде қызмет етуімен даму бағыттарын; ерекшеліктері мен оған тән негізгі белгілердің қырларын толық түсінуге мүмкіндік аламыз.

Құқықтық мәдениетке қатысты пайымдаулар мен қатар, заң әдебиеттерінде оны құқықтық болмысымыздың жақсы жақтарының көрсеткіші ретінде де бағалауды кездестіреміз. Аталған бағыттың негізгі ойын Р.К.Русиновтың құқықтық мәдениетке берген мына төмендегі мінездемесі толық ашып көрсетеді: «Под правовой культурой понимается обусловленное всем социальным, духовным, политическим и экономическим строем качественное состояние правовой жизни общества, выражающееся в достигнутом уровне развития правовой деятельности, юридических актов, правосознания в целом, в уровне правогого развития субъекта (человека различных групп, всего населения), а также степени гарантированности государством и гражданским обществом свобод и прав человека». Осымен астасатын пікірді құқықтық мәдениет теориясы бойынша белгілі ізденістер жүргізіп, қомақты нәтижелерге қол жеткізген осы саланың білгірлерінің бірі А.П. Семитконың еңбектерінен де кездестіреміз.

Құқықтық мәдениетті құқықтық құрылым, оның қызмет етуі, құқықтық ықпал ету механизмдерімен біртұтастықта екенін айта келіп, В.П. Федорин: «В основе указанной трактовки лежит наиболее широкий подход к правовой культуре как особому социальному механизму, представляющему собой систему взаимодействующих элементов, направленных на развитие способностей, навыков субъектов права в процессе регулирования общественных отношений»[1] деп, оның аясының кеңдігіне көңіл бөледі.

Отандық заң ғылымында осы саламен көп жыл бойы айналысып жүрген ғалым А.С. Ибраеваның да құқықтық мәдениетке қатысты қалыптасқан көзқарастар мен пікірлерді саралай келе берген өзіндік анықтамасын да осы сипатқа жатқызуға болады[2].

Құқықтық мәдениет қоғам дамуымен ілгері жылжып отыратын, тарихи сабақтастықта, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отыратын құқықтық болмыстың ақиқаты іріктеп алып отырған құндылықтар мен тұлғаның құқықтық қызметін қалыптастырған мәдени маңызды өлшемдердің озық жүйесі болып табылады. Құқықтық мәдениетке оның негізгі мәнін көрсететін ерекше белгілер тән болып келеді. Оған, біздің ойымызша, А.С. Ибраеваның бөліп көрсеткен негізгі мына белгілері жатады:

«Правовая культура – это особое социальное образование, выражающее оценку правовых явлений как культурологических ценностей с точки зрения того, как и насколько они способны обеспечить наследование социальных форм жизнедеятельности, функционирование и продолжителность существование

---

[1]Федорин В.П. Правовая культура как фактор укрепления социалистической законности. – М., 1986. – 142 с.
[2] Ибраева А.С. К вопросу о периодах формирования правовой культуры казахского народа // Вестник Университета имени Д.А. Кунаева. -2003. -№3 (8).

конкретных общественных систем»[1].

Көрсетілген құқықтық мәдениетті сипаттайтын белгілер шын мәнінде құқықтық мәдениеттің негізгі мәнін ашатын және оған тән белгілерді жалпылап көрсететін әмбебаптық сипаттағы белгілер десек те болатындай.

Қоғамдық тіршіліктің маңызды бір қыры ретінде, құқықтық мәдениет белгілі бір әлеуметтік қауымның болмыс-бітімін айқындайтын әлеуметтік-тарихи, экономикалық, географиялық және т.с.с. көптеген факторлармен сипатталады. Халықтың құқытық бітімі оның ұлттық құқықтық санасы, құқықтық түсінігі, құқықтық қатынастағы құндылықтар жүйесі, ұлттық заң шығару жұмысы мен заңгерлік әдіс-тәсілдері жиынтығынан құралады.

Қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде мораль мен құқық бір-бірімен тығыз байланыста болып отырады. Олардың талаптары бір-біріне ұқсас болады, құқық жақтайтын не кінәлайтын іс-әрекеттерді мораль да жақтап, кіналауы мүмкін. Жоғарыда біз атап өткендей, адамгершілігі мол, сыпайы тәрбиелі адам құқықтық норманың да талаптарын сол деңгейде орындап отырады. Құқық талаптарын бұзуға бейім адам ол рухани жұтаң, өзімшіл, өркөкірек, билік құмар болып келеді.

Дегенмен, құқық пен моральдың арасында қайшылық болуы да мүмкін. Оның обьективті де, субьективті де себептері болады. Обьективті себептер моральмен құқық арасындағы айырмашылықтардан туындауы мүмкін.

Ал субьективті себептер құқықтық қатынастардың тез өзгеріп отыруына байланысты қалыптасады.

Құқықтың әлеуметтік құрылымның ең маңызды принципіне айналудың себептері бұл өркениеттің дербес, аса жоғары феномені екендігін айқын дәлелдеп отыр. Құқық демократия, халық үкіметі, экономикалық бостандық, тұлғалық бостандық жағдайында қоғамдық қарым-қатынастарды оптимальды түрде реттеп отыруға тиіс.

Өркениет пен мәдениеттің маңызды құбылысы ретінде құқық мемлекеттің жағымсыз іс-әрекеттеріне заңды түрде тосқауыл қоя отырып, адамның табиғи тарихи еркіндігі мен бостандығының жанашыр, гаранты ролін атқарып отырады. Сөйтіп, адамға оның жан-жақты еркін дамуына, қысылмай ыңғайлы өмір сүруіне кепіл болады. Осы тұрғыдан қарағанда құқық қоғам дамуының маңызды өзегі болып табылады.

Карин Ерланның «Саясат» журналында «ұлттық қауіпсіздік өлшемдері» мақаласында түзілген ой түйіндерімен келісе отырып, заман ағымының барысын белгілейтін бірнеше міндеттерді көрсетуге болады. Олардың бәрі жеке адам мен қоғамның өзара қарым-қатынасының бүгінгі тынысын белгілейді. Қазақстан Республикасының дербестігін, тәуелсіздігін одан әрі тереңдетіп, өркениетті елдер билігіне жақындай түсу үшін, ең алдымен, азаматтық қоғам институттарын қалыптастырып, қоғамның мемлекет үстінен бақылау жасау тетіктерін құру қажет.

Құқықтық мәдениет кең ауқымды түсінік. Оның әлеуметтік мәнділігі көп жағдайда қоғамдық қатынасқа құқықтық әсер ету нормативтері шекарасынан

---

[1] Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. -Алматы: Жеті жарғы, -2002. -352 с.

асып та келеді. Құқықтық тікелей не жанамалай ақыл-сананың қалыптасуына әсер етіп, әртүрлі кәсіп тармақтарындағы адамдар қызметін жүзеге асыруға қатысты қызмет атқарады. Біз жоғарыда жалпы мәдениетке анықтама беріп өткен едік. Шындығында да, мәдениет, араб сөзі болып, өте көп мағыналарды өз ішіне алады. Мәдениет біржақты емес, өмірдің барлық салаларына қатысты болғандықтан, «әлеуметтік мәдениет, саяси мәдениет», «философиялық мәдениет», «құқықтық мәдениет» тағы басқа құбылыстарға жіктей беріп әртүрлі мағынада әдебиеттерде кездеседі.

Мәдениет ұғымы кең тұжырымдарға ие болып, жалпы адамзат дамуының ішкі мән-мазмұнын, жетістігі және мақсатын білдіреді. Былайша айтқанда, адам мен мәдениет егіз нәрсе, бірінен бірі бастау алып, біріне-бірі сіңіп жатқан құбылыстар. Р.К. Русинов: «Культура и человек в некотором роде одно целое: культура живет в людях, их творчестве активность, переживаниях: люди в свою очередь живут в культуре» деп өте дұрыс көрсетеді[1]. Адамзат өркениетінің туындысы әрі көрінісі, ұлттық өмірдің рухани дамуының жемісі, демократия тұғыры бостандық, теңдік, адам құқығы категорияларының нормативті қыры мәдени аяда саралануы тиіс. Құқықтық мәдениет ұғымын мәдени құбылыс ретінде ғана емес, оны реттеушілік мәніне, қоғамдағы өзге факторлар аясында қарастырудың да әлеуметтік қатынастарды шешуде маңызды үлесі болады.

Осы бір үлкен құқықтық жүйеде жастардың орны ерекше. Қоғамның өзгерістеріне байланысты, оған деген қарым-қатынастар да өзгереді. Ал, жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын кезең-кезеңмен жүрген үрдіс ретінде қарастыру керек. Яғни:

- Қазақ халқының ұлттық құқықтық мәдениеті қалыптасуының бастапқы кезеңі. Бұл кезең шартты түрдегі «протомемлекеттік» уақытқа сәйкес келеді. Бұл кезеңде дәстүрлі қауым өз менталитетіне сай ғұрыптық құқық ережелерін ұстанған.
- Екінші кезең XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына сәйкес келеді. Бұл кезең Ресей отаршылдығының уақытымен сипатталады.
- КСРО-ның құрылуы және Қазақстанның Одақтық мемлекет болуы – даму жолындағы үшінші кезеңге бастау болады.
- Және келесі кезең – Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алуы, дербес, егеменді ел болуы уақытынан күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Және біздің қарастыратынымыз да дәл осы төртінші кезең[2].

Қазіргі Қазақстанның жастарының құқықтық мәдениетінің әлеуметтік негізі ретінде ғасырлар бойы өзгеріп, дамып отыратын ұлттық құқықтық дәстүрді қарастыру керек. Әрбір белгілі уақыт кезеңінде ол бұрынғы күннің куәсі ретінде көрінеді, дегенмен ол сол уақытта да өз маңызын жоғалтпайды, себебі құқықтық дәстүр жаңарған түрде болса да, қалайда қоғам өмірінен өз орнын алатындығы сөзсіз.

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы барысында БАҚ-

---

[1] Русинов Р.К. Правосознание и правовая культура. // Теория государство и права: Учеб для ВУЗов. М., 1997. С.19

[2] Аюпова А.Ж. Қазақстанның құқықтық жүйелерінің қалыптасуы. // Заң, -2003, -№ 9, -55-59 б.

тың атқаратын ролі жоғары. Бұл орайда, саяси цензура жоқ болса да, БАҚ өкілдерінің өз қызметі барысында моральдық-этикалық, құлықтық құндылықтардан аттап өтпеуін, өз функционалдық мүмкіндіктерін конструктивті мақсата қолдануларын қадағалап отыру қажеттігін де атап көрсеткен жөн. Мұндай мақсат ретінде «ақпаратты тұтынушы» халық арасында заңдарды құрметтеу, заң ережелерін ерікті түрде орындау сияқты игі құындылықтарды насихаттау жұмысын айтуға болады.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік тұрғыдан әртекті дамуы – баршаға бірдей, мемлекет пен жеке адамның әрқайсысына да маңызды болатын, бірегей, жалпыұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру қажеттігі айқын көрінеді. Мұндай бірлік мемлекет тұрақтылығы мен халық ынтымағының негізгі кепілі болатыны сөзсіз.

Мемлекеттің өркендеуінде табиғи байлық, халық саны, жердің кеңдігі қандай рөл атқаратын болса, жастардың кәсіпқой, өз ісінің шебер маманы болып қалыптасуы да зор рөл атқарады. Қазақстанның ғылым мен білім саласында жеткен жетістіктерін болашақ ұрпақтың бойына сіңіріп, ұрпақ сабақтастығын басты назарда ұстау қажеттілігі туындайды. Сонда ғана біз алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне көтеріле аламыз.

Қазіргі заманның басты талабы – мемлекеттік және халықаралық стандартқа сай, бәсекеге икемді түрлі саладағы жас мамандарды даярлап шығару. Бұл өте күрделі іс. Оның негізіне жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінде даярлығы мол, өзіне қойылатын әлеуметтік-адамгершілік талаптар мен этикалық нормаларды меңгерген кәсіпқой маман тұлғасын қалыптастыру, отансүйгіш, интернационалдық сезімде тәрбиеленген жастарды қалыптастыру, дүниежүзілік құқықтық дамудың тәжірибесін меңгеріп қана қоймаған, ел дамуының кәсіптік мүддесіне сай өз көзқарасын қалыптастырған, оларды пайдалана білуге дағдыланған азаматтарды тәрбиелеу басты іс болып табылады. Сондықтан да нарықтық экономикаға өтуге байланысты жаңа заман қажеттілігіне сай қазіргі ақпараттық және жаңа технологиялық жаңалықтарды өз бойына жинаған, жоғары білікті маман иелерін даярлау ісі құқықтық білім беру және құқықтық тәрбиемен ұштасып жатыр.

Бұл жастар ісіндегі бір бағыт қана. Еліміздің ертеңі жастарсыз жарқын бола қоймайды. Сондықтан да қазіргі кезден құқықтық мәдениеті жоғары жастарды тәрбиелеу және қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр. Қазақтың алтын бесігі ауыл, ал қазіргі кезде ауыл жастарының басым көпшілігі жұмыссыз, бос. Мемлекет тарапынан ауыл жастарын әлеуметтік-мәдени тұрғыдан көтермелеуге байланысты арнайы бағдарлама қабылдап, оны тез арада жүзеге асыруға кірісу қажет.

Сонымен қатар, қазіргі кезде нашақорлыққа, ішкілікке салынушылардың дені жастар болып отыр. Әртүрлі жұқпалы аурулар мен СПИД-тің де тамыр жайып отырған ортасы да осы жастар. Қылмыстық әрекеттердің көпшілігі осы еліміздің жастарының үлесіне тиюде. Жас, тәуелсіз мемлекетіміздің алдында ертеңгі күні айқын, мәдениетті және тәрбиелі ұрпақты қалыптастыру міндеті тұр.

Құқықтық білім беру және қоғамды жетілдіру мәселелері өзара байланысты. Заманның өзі осы проблемаларды қоғамның қажетіне айналдырды, өйткені мемлекетіміздің дамуының түбегейлі жаңа сатысы оның зияткерлік, мәдени және ізгілік әлеуетіне тікелей байланысты.

Мұның бәрі өзгерген қоғамдық өмір шындығына сай құқықтық білім берудің ерекше маңызын айқындап отыр.

Құқықтық білім беру міндетін орындауды мектептен бастау керек, бұл процесс үздіксіз болуға тиіс, онда құқықтық сауат пен ізгілікті тәрбие беру үйлесім табуы керек. Құқықтық білім беру жүйелі, мақсатты, құндылықты болып, жастардың құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталады. Ал құқықтық мәдениеттің өзі заңды мінез-құлық ретінде көрініс табатын тұлғаның құқықтық дамуының сатысы ретінде қарастырылуы тиіс. Біз мектеп оқушылары құқықтық білімді жақсы меңгеріп, оны құндылық ретінде қабылдауына және оларда заңды мінез-құлыққа бағытталған әлеуметтік-құқықтық ұстаным болуына ұмтылуымыз керек. Бұған мектептер, жоғары оқу орындары, қоғамдық институттар, ғылыми мекемелер мақсатты жұмыс жүргізген жағдайда ғана қол жеткізуге бола-ды. Орта мектепте құқықтық білім беруді енгізу туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыру құқық білмеушілік, өз мүддесін заңды жолмен қорғай алмаушылық, құқық бузушылық, заңсыздық сияқты қоғам үшін қауіпті қайтымсыз процестерге әкелуі мүмкін. Ғылыми негізделген жүйелі құқықтық білім беру өркениетті қарым-қатынас жасаудың бірден-бір жолы екенін ұғынуға көмектеседі. Құқық азаматтарды қорғайды, олардың өмірін реттейді, сондықтан қоғамның лайықты азаматы болу үшін құқықтық нормаларды білу шарт. Заңгер ғалымдардың, педагогтардың құқықтық білім барлық жастағы мектеп оқушыларын тұтас қамту керек деген пікірімен келіспеуге болмайды, дегенмен бастауыш сыныптарда ол факультатив сипатында болуы мүмкін. Ал, 5-9 сыныптарда құқықтық оқыту міндетті пән ретінде енгізілуі керек. Оқу құралдары міндетті және факультативті оқыту нысандарына арналып жазылуға тиіс. Елімізде құқықтық білім беру тұжырымдамасын негіздеу үшін теория мен тәжірибе негіздерін, еліміздің өз тәжірибесін, оның тарихи өмір шындығын, сондай-ақ шетелдік педагогика дәстүрлерін теориялық тұрғыдан түйсіну қажет. Осы жолда тұжырымдаманы, яғни адам құқықтарын оқытудың мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын іріктеуді, біздегі білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып осы мазмұнды жүзеге асыру әдістерін, нысандары мен амалдарын таңдауды айқындау бойынша шетелдік әріптестеріміздің тәжірибесін шығармашылықпен пайдалануға болады.

Құқықтық педагогиканың жалпы теориясы бойынша, жастарға құқықтық білім берудің түпкі мақсаты - заңды саналы түрде сыйлауды және оны өмірде белсенді түрде пайдалана білуді қалыптастыру. Алайда, іс жүзінде жағдай басқаша.

Елімізде құқықтық білім беруге жеткілікті назар бөлінбейді. Жаңадан әзірленген "Адам және қоғам" атты бағдарламада, өкінішке орай, құқыққа аз орын бөлінген. Оқу орындарында әліде сапалы оқу әдебиеттерінің тапшылығы байқалады, баламалы оқулықтар, құқық тақырыбындағы көрнекі

дидактикалық материалдар жоқ, ал қолда бар құралдардың мемлекеттік тілге аударылуының сапасына көңіл толмайды. Өкінішке орай, оқу орындарындағы құқықтық білім беру қазірдің өзінде факультативтік сабақ деңгейінде қалып отыр, құқық бойынша бағдарламалар мен оқу құралдары заман талабына сай келмейді және сын көтермейді. Мектепте құқық негіздерін берудің сынақтан өткен жалпы қабылданған бағдарламасы жоқ, осы пәнді балалар мен жасөспірімдерге оқытудың тиімділігі жағынан мектеп циклындағы дәстүрлі пәндерді оқыту әдістемелерімен салыстырарлықтай әдістемелік тәсілдер жоқ. Аймақтарда, әсіресе ауылдық жерлерде құқықтық білім беруді қамтамасыз етуді қолға алу қажет.

Оқу орындары, ғылыми мекемелер мемлекеттік органдардың қолдауымен осы күрделі мәселені шешудің теориялық базасын қамтамасыз етуі тиіс. Құқықтық білім беру саласында келешегі бар ғылыми зерттеулер жүргізіп жатқан жас ғалымдарды ынталандыру мақсатында грант беру жүйесін пайдаланып, ғылыми зерттеулермен айналысу үшін қажетті жағдай жасау керек.

Ең бастысы құқықтық мәдениеттің қалыптасуының теориялық аспектілеріне тоқталатын болсақ, құқықтық мәдениет бұл - адамдар мен жеке адамның шығармашылық-практикалық және теориялық әрекеттерінің спецификалық мәдени-құқықтық нәтижесі.

Құқктық мәдениеттің сараптамасына арналған әдебиетте өзара байланысқан, бірақ салыстырмалы түрде жеке құбылыстарға негізделген түрде көрсетіледі:

-қоғамның құқықтық мәдениеті;

-белгілі әлеуметтік топтың мәдениеті (өзінің жастық, аумақтық, кәсіптік және т.б. ерекше сипаттамаларымен ерекшеленеді);

-жеке бастың құқықтық мәдениеті.

Бұл дәрежелер өзінің құрылымы жөнінен бірдей емес, қызметтері әртүрлі. Соған қарамастан олар көп жағынан ұқсас, өзара тәуелді келеді, өйткені жеке бастың құқықтық мәдениеті оған сәйкес келетін қоғам мәдениетінсіз, әлеуметтік саяси тәртіп факторларының әрекетінсіз туындауы мүмкін емес (жеке меншік түрі, мемлекеттік құрылым, билік және т.б.). Құқықтық мәдениет термині саяси мәдениет терминімен ауыстырылған.

Әдебиеттің сараптамасы құқықтық мәдениеттің ортақ қабылданған анықтамасы жоқ екендігін көрсетеді. 60-шы жылдардың соңына дейін құқықтық мәдениет түсінігінің анықтамасын екі жақты қарастырған: қоғамның көзқарастық (пікірлік)-құқықтық жағдайы жағынан (оның дамуының белгілі сатысында) және құқықты білудің жиынтығы, заңды қолдана білу мен мәртебелеу тұрғысынан. Қарастырылып отырған құбылысты осылай түсінудің салдарынан оның сыртқы келбеті мен ішкі мазмұнының бір-біріне тәуелсіз екенін көреміз.

Жоғарыда келтірілгендерден былайша қорытынды шығарамыз: құқықтық мәдениеттің әдебиеттегі анықтамасы пішіні жағынан шынайы болғанымен қазіргі шарттардағы құқықтық реттеудің теориялық және практикалық талаптарын қанағаттандырмайды, өйткені олар сипатталатын құбылысты

жеткіліксіз бейнелейді.

Ю. Ф. Феофанов өз жұмыстарының бірінде: "Құқықтық білім нені болады, нені болмайды деген түсінік емес, бұл - ешқандай баспайдаға қарамастан әрқашан да, барлық жағынан да заңға бағыну, әділ болу",-деп жазады.

60-шы жылдардың соңында құқықтық мәдениеттегі құқық субъектісінің құқықтық нормалармен сәйкес келуі сияқты маңызды жағына назар аударылды. Құқықтық мәдениетке заңды білу, оны қолдана алу, дұрыс түсіну, сонымен қатар нормативті актілердің әділдігіне терeңінен көз жеткізу және заңнамаларды құрметтеуді қосумен қатар З. Д. Иванов құқықтық мәдениеттің құқықтық нормаларды сақтау, орындау және қолдану сияқты маңызды белгісін ерекшелейді.Жекелей алғанда, мәдениет пен заңдылықтың өзара байланысын нұсқай отырып ол былай жазады: "Заңдылықтарды сақтау үшін азаматтар өз қылықтарын нормативті актілермен тағайындалған ережемен сәйкес етуі қажет. Бұл құқықтық нормалардың барлық түрлерін жүзеге асыруға қажет".

Осыған ұқсас талқылауларды басқа да авторлар айтқан. Жоғарғы талқылаулардан алынатын негізгі қорытынды: құқық –қоғамда басқа да адамдармен өмір сүретін адамның басқалармен санаса отырып, өз еркін тия білуін талап етеді. Құқықтың аумағы, ереже бойынша, сезім облысында біздің практикалық әрекеттерімізбен шектелінеді. Құқықтың мінезден айырмашылығы ол жеке адамнан сөзсіз мейірімділікті талап етпейді, ол тек сыртқы әрекеттер облысына қатысты.

Мәдени-құқықтық құбылыстарды тарихи-құқықтық жүйе деңгейіне және керісінше ауыстыру мүмкіндігі құқықтық мәдениеттің әртүрлі концепцияларының методологиялық тиімділігінің маңызды критериі болып табылады.

В. И. Каминская және А. А. Ратинов құқықтық мәдениеттің құрамына бес негізгі компоненттерді қосады: құқық, құқықтық қатынас, юристік кеңселер (учереждения) құқықты ұғыну, құқыққа сай және құқыққа қайшы келетін қылықтар.

С.С. Алексеев құқықтық мәдениетке келесі элементтерді қосады: құқықты білудің жағдайы, заңдылықтар, заң шығару, соттың, прокуратураның, басқа да юристік органдардың практикалық жұмысы.

"Құқықтық мәдениет - құқықтық шындыққа қатысты рухани және материалды құндылықтардан тұратын жалпы мәдениеттің көп түрлілігі",- деп жориды авторлардың көпшілігі. Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің көптүрлілігі бола тұра әлеуметтік сипатқа ие, яғни бұл қоғам өмірінің ажырамас жағы. Құқықтық мәдениет жөнінде қарастырылған көзқарастардан біз оның негізгі элементтерін ерекшелеп аламыз:тіл, білім, құқықты ұғыну, көз жеткізу, нормалар, құндылықтар, құқықтық институттар (олардың әрекетінің тиімділігі).

Құқықтық мәдениеттің негізгі компоненттерінің сараптамасын оның қызметінің сипаттамаларымен толықтыруға болады.

Құқықтық мәдениеттің қызметтері бір жағынан рухани мәдениет пен материалдық мәдениет арасындағы айырбас каналы болып табылады, екінші жағынан құқықтық өмір, құқықтық жүйе болып табылады. Олар рухани,

материалдық, мәдени құндылықтардың құқықтық өмірге қандай бағытпен, қаншалықты, қандай дәрежеде енгенін, құқықтық әрекеттердің пішіні мен әдістерінің дамуына әсер етуін көрсетеді.

Біздің көзқарасымызша, құқықтық мәдениеттің келесі қызметтерін ерекшелеуге болады: танымдылықәлемді көру, құндылықты, нормативті, коммуникативті, мәлметтерді жинақтау және сақтау қызметі, тәрбиелікпрогностикалық.

Философиялық әдебиеттерде "қоғам мен мәдениеттің арасындағы қатынас бүтін және бөліктің қатынасындай, бүтін және оның сапасының қатынасындай" белгіленеді.

Құқықтық мәдениеттің мақсаттық және сандық жағдайы арасында тура және кері байланыстар жүйесі бар, олардың көмегімен құқықтық мәдениет жүйесі тепе-теңдікті ұстап тьұруға ұмтылады. Даму деңгейі төмен құқықтық акт басқару субъектісінің көмегімен жойылады және жаңа акт қабылданады.

Құқықтық мәдениет бұл нормативті және жеке юристік актілердің даму дәрежесі ғана емес, бұл сонымен қатар барлық құқықтық әрекеттердің даму дәрежесі, барлық құқықтың даму дәрежесі, бұл - құқықтық психологиялық климат, құқықтық құндылықтар, дәстүрлер және ең бастысы бұл-мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамдағы жеке тұлғаның шынайы құқықтық жағдайы, оның мемлекетпен кепілдендірілген құқығының жағдайы.

Қоғамның құқықтық мәдениеті бұл - қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысымен шартталған қоғамның құқықтық өмірінің сапалық жағдайы. Сонымен қатар ол, қоғамдағы жеке адам бостандығын мемлекеттің кепілдеу дәрежесін сипаттайды.

Психологиялық аспектілері, қоғамды жариялықтандыру процесінің маңызды тапсырмаларының бірі-құқықтық мемлекет құру, бірақ оны құрудың анықтамалық шарты-әрбір субъект қоғамдық қатынастардың заңдылығын және құқықтық тәртіпті міндетті түрде түсінуі және сақтауы керек. Соңғысы өз кезегінде жеке адамның құқықты ұғынуы қалыптасқан кезде ғана мүмкін болады.

Құқықты ұғыну бұл-қоғамдық ұғымдардың формасының бірі, оның мазмұны мен дамуы қоғамның материалдық шарттарымен терминделген. Бұл құқық нормаларымен реттелінетін немесе реттелуі керек қоғамдық қатынастарды бейнелейді.

Құқықтық ұғым қоғамдық ұғымның формасының бірі бола отырып келесі қасиеттерге ие:

-әлеуметтік шындықты бейнелеп қана қоймайды, оған белсенді әсер етеді, адамдардың қоғамдағы заңдарда көрсетілген әлеуметтік-экономикалық қатынастарын бейнелеудің жоғары деңгейі болып табылады;

-әрқашанда екінші белгі жүйесі арқылы көрінеді; адамдардың сөзді ойлау әрекеті қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық білім мен түсініктерді бейнелей отырып, құқықты ұғыну механизімі ретінде көрінеді;

-өзінің нақтылы тасымалдаушысынсыз болмайды-нақтылы адам, топ, ұжым. Құқықтық нормаларды ұғынулары ортақ белгілеріне байланысты қоғамдағы адамдардың топтарға бірігуі болады, әлеуметтік одақтар және

тарихи кезеңдерге тән топталған құқықты ұғыну категориялары туындайды. Жеке зерттеушілер құқықты ұғынуды субъектінің өз қылықтарын реттеу мүмкіндігімен байланыстыра отырып, өз әрекетін, басқалардың әрекетін, шынайы жағдайларды дұрыс бағалай алатын деңгейлік құрылымы бар "ерекше, жеке білім"ретінде қарастырады.

Құқықты ұғыну психиканың жеке-мотивациялық аумағымен, түсіну және эмоционалды-мағыналы бағалау процесімен тығыз байланысты.

Құқықты ұғынудың қалыптасу процесін- спецификалық бағалау процесі деп, ал оның өзін соңғы қорытынды нәтиже деп қарастыру тиімді. Бұл мағынада жеке адамның тұтастай өмірінің тарихын қарастырғанда жеке адамның құқықты тануы маңызды жеке қасиеттердің бірі, ал жағдайлық-динамикалық жағынан қарағанда нақтылы сәтті сараптауда-актуальді психикалық жағдай. Жеке адамның даму барысында осы процессті құқықтық бағалауды жүзеге асыратын, оның сапасы мен тереңдігін жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайтын базалық психологиялық бағыттар пайда болуы керек.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда "мотивтеу" түсінігімен процесс белгіленеді, оның нәтижесінде жеке әрекет тұлға үшін белгілі мағнаға ие болады, оған деген қызығушылығын тұрақтандырадыоның және оның әрекеттерінің сыртқы мақсаттарын тұлғаның ішкі қажеттіліктеріне түрлендіреді.

Оң мотивті қалыптастыру процесін реттеу үшін мотив қызметтерін білу керек. Мотивтер негізінен түрткі болу және мағына беру қызметтерін атқарады. Сонымен қатар олар іс-әрекеттерді бағыттайды, адамның псизикалық белсенділігін "энергетикалық" қамтамасыз етуге қатысады. С. Л. Рубинштейн, В. Н. Мясищев, А. Н. Леонтьевке ере отырып зерттеушілер "мотив" дегеніміз-әрекеттің мақсатты бағытталған факторларын анықтайтын психологиялық шарт, субъективті негіз деп санайды. Мотив белгілі әрекеттер үшін белгілі түрткі сияқты, ол адамның алдындағы мақсатын тануына байланысты қалыптасады. Адам әрекетінің мотивтері әр қилы, олар адамның қоғамдық өмірінің процесінде қалыптасатын әртүрлі қажеттіліктер мен қызығушылықтардан келіп шығады.

Процесстің мазмұны мен сапасы ұйымдардың ерекшелігіне, қолданылатын қоғамдық нормаларға, эталондарға тікелей байланысты. Бұл құқықтық ұғымның қалыптасуын деңгей бойынша қарастыруға мүмкіншілік береді. Қызметтерді деңгей бойынша құру жайында ортақ психологиялық тұжырымдармен сәйкес құқықты ұғынуды қалыптастырудың бірнеше иерархиялы тәуелді және өзара әрекет ететін деңгейлерін ерекшелеуге болады.

Жоғарғы деңгей-мағыналардың сай келуі: баға жеке адамның мінезінің критериі бойынша және жетекші тұрақты құндылықтар бойынша беріледі.

Келесі деңгей-мотивтердің бірдей болуы: баға жағдайлық мотивтердің сәйкес келу критериилері бойынша беріледі: бір жағынан тұрақты мотивті біліммен, екінші жағынан оны жүзеге асыру барысында қабылданған әлеуметтік нормалар бойынша және әлеуметтік жағдайлардың нақтылы шарттары бойынша.

Неғұрлым төменгі орынды тиімділік алады. Онда баға- сұранысқа ие

болашақ бейнесінің жағдайлық мотивке сай келу критериі бойынша жүргізіледі.

Соңғы деңгей-операциялық бақылау. Мұнда бағалау өңделген операциялардың сай келу критериилері бойынша орындалынады: соңғы және аралық мақсаттардың қажет сапасымен, әрекеттерді жүзеге асырудың актуальды сыртқы, жағдайлық және ішкі, жеке шарттармен.

ҚР Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Рес-публикасында құқықтық сауатты үйымдастыру шаралары туралы" қаулысында мемлекеттік орган-дардың алдына нақты бағдарлама мен оның мақсаттары қойылғ ан болатын, олар:

- адамның жоғары азаматтық қасиеттерін, оның жалпы құқықтық мәдениетін және әлеуметгік белсенділігін қалыптастыру;

- жастарға таңдаған еңбек қызметіне дайындалу барысында арнайы құқықтық

білім беру;

- құқық бұзушылықтың ерте алдын алу.

Сонымен, құқық түсіндіру жұмысын тиімді жүргізуде жаңа көзқарас қалыптастырып, пәрменді әдістер қолдану – түбінен жаңа әдістер мен көзқарас қолдану - заман талабы. Сол себепті заман ағымынан қалмай, сандық керсеткіштерден сапаға өтуіміз қажет.

Қазіргі заман талабына сай тұлғаның құқықтық мәдениеті жайлы мәселе алдыңғы орынды иеленуде. Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерінің құрылуы – тұлғаның құқықтық мәдениетінің типі мен сатысына байланысты. Тұлғаның құқықтық мәдениеті, бұл ең алдымен құқық саласындағы адамның жүріс-тұрысы.

Жеке тұлғаның азаматтық белсенділігін қамтамасыз ету мақсатында құқықтық дамуының сипаттамасы мен сатысы бойынша әртүрлі сипаттамаларға ие.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті түрлі факторлармен анықталады. Атап айтқанда, жеке тұлғаның қызмет саласы мен түріне, құқықтық даярлығының дәрежесіне, құқықтық тәжірибесінің түріне, қоғамдық жұмысына, қызығушылығына, сұранымына және т.б. байланысты. Сипатының түрлілігіне байланысты тұлғаның құқықтық мәдениетінің типі мен сатысын анықтауға болады.

Тұлғаның құқықтық мәдениетін ұғынуда және сатысын анықтауда түрлі әдістер бар. Р.В. Енгибарян, Ю.К. Краснов айтуы бойынша, тұлғаның құқықтық мәдениеті оның құқықтық белсенділігімен анықталады, яғни тұлғаның құқық негізінде алдын-ала ойластырылған белсенді әрекетке дайындығы. Д.Б. Боговленскаяның Концепциясына сүйене отырып, құқықтық белсенділіктің үш сатысын бөліп көрсетеді:

- Пассивті (егер құқық субъектісі алғашқы табылған әрекет шеңберінде қалса және оның қызметі әрқашан сыртқы әсерлермен анықталатын болса)
- Эвристикалық (егер құқық субъктісі мәселені шешудің сенімді жолы бола тұра, бұл мәселені шешудің басқа да жаңа жолдарын іздеп, табуға

ұмтылатын болса)

- Шығармашылық (бұл интеллектуалды белсенділіктің ең жоғарғы сатысы, бұл жағдайда табылған құбылыс өзіндік зерттеу мәселесіне айналады. Одан табылған қорытынды шешім жаңа заңдылықтардың ашылуына әкеледі)[1].

Тұлғаның құқықтық мәдениетінің интеллектуалдық элементі ұғымына толық түсініктеме беретін болсақ, бұл жеке тұлғаның құқықтық ақпараттануының белгілі бір дәрежесіне ие болуы. Құқықтық ақпараттану мен құқықтық белсенділік дәрежесінің арасында байланыс болса-дағы, тұлғаның құқықтық мәдениетінің маңызды элементіне кейінгісін жатқызуға болады. Өйткені құқықтық білім болса да, оны әрқашан белсенді қолдану қажеттігін түсіндірмейді.

Осыған байланысты В.М. Боердың социологиялық зерттеулерінің негізінде келесі ақпараттану сатыларын көрсетеді.

Бірінші сатысы құқықтық ақпаратты қабылдаумен байланысты және оны қабылдау фактісін куәландырады, құқықтық мағынасы бар кез-келген жағдаят туралы тұлғаның алғашқы мағлұмат алуы.

Екінші сатысы тұлғаның құқықтық нормаларды білу негізінде өз еркімен шешім қабылдап, әртүрлі өзгермелі құқықтық ситуациялардан еркін шыға алуымен сипатталады.

Үшінші сатысы – құқықтық ақпараттық-танымдық салада тұлғаның белсенділігімен сипатталады. Бұл сатының көрсеткіші – құқыққа әрқашан қызығушылық білдіруі, құқықтық ақпаратты алу мен ұлғайтуға қалыптасқан қажеттіліктің болуы т.б.

Төртінші сатысы маманданған-заңгерлік ақпараттануымен сипатталады. Заңгер – белгілі бір өмірлік ситуациялардың эксперті.

Тұлғаның құқықтық мәдениетінің сатысын анық бөліп көрсеткен В.В.Бородин болған. Бірақ оның көзқарасына кейбір толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Бірінші сатысы – құқықтық индефференттілік сатысы. Бұл құқықтық өмірге белсенді қатысуына тұлғаның толық дайындығының болмауымен, құқықтық жағдаяттар туралы мағлұматының болмауымен сипатталады.

Екіншіден, бұл құқықтық сана-сезім сатысы, яғни тұлғаның құқықтық жүйе туралы ұғымы толық қалыптаспаған жағдайда өз құқықтары мен міндеттерін интуитивті қабылдауы.

Үшіншіден, құқықтық әсерінің алғашқы сатысы. Бұл жағдайда негізінде құқық механикалық түрде қабылданады, бірақ бұл саты құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік ситуациялардан шығудың құқықтық әрекеттердің тұрақты дағдыларын қалыптасырады.

Төртіншіден, бұл құқықтық реттеу саласында жүйелі, теориялық және практикалық жұмыстың арқасында өзіндік дамытылған құқықтық білім сатысы. Бұл саты құқықтық ақпаратты алу мен ұлғайтуға қажеттіліктің бар болуымен, белсенді ізденуімен сипатталады.

Бесіншіден, заңгерлердің құқықтық мәдениетіне сәйкес саты. Толық

---

[1] Даламбаева Г. Заңды білу заман талабы. // Қазақ ордасы, -2003, -№4, 75-76 б.

құқықтық білімінің бар болуымен және практикалық жүзеге асыру әдістерінің бар болуымен сипатталады[1].

Құқықтық мәдениет сатыларын құқықтағы әрекет сипатына байланысты ажыратуға болады. Ибраева А.С. тұлғаның құқықтық мәдениеттілігінің төменгі, орташа және жоғарғы сатыларын бөліп көрсетеді. Төменгі саты толық дамымаған құқықтық білім сатысы ретінде анықталатын, құқықтық нормаларды орындаудың қажеттілігімен көрінеді. Құқықтық мәдениеттің орташа сатысы тұлға қызметінің құқықтық нормаларға сәйкестігімен, қажеттілігін ұғыну негізінде тұлғаның құқықтық әрекетімен анықталады. Тұлғаның құқықтық мәдениеттілігінің жоғарғы сатысы – бұл саяси және құқықтық дамыған біліктілігімен анықталады, тұлғаның құқықтық белсенділігімен көрініс табады. Құқықтық нормаларды қолдануда, орындауда саяси-белсенді әрекет, қоғамға жағымды әсер ететін өзіндік құқықтық мәдениеттің келешектегі дамуы – бұл сатының негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің сатысына байланысты – күнделікті тұрмыстағы, мамандандырылған, теориялық деп бөледі.

Тұлғаның күнделікті тұрмыстық құқықтық мәдениеті терең ұғымдардың болмауы, тек тұлғаның күнделікті өмірлік қызметімен шектелген. Бұл мәдениет құқықтық жағдайларды үстіртін қарастырады. Бірақ, И.Л. Иваниковтың белгілеуі бойынша, тұлғаның құқықтық мәдениетінің бұл сатысы ең маңызды болып табылады. Өйткені халық сөзі әрқашан да дұрыс деп есептеледі, ойшыл адамдарға қарағанда, халық скептикалық, консервативті көзқараспен қарайды.

Тұлғаның құқықтық мәдениетінің маманданған сатысы заңгерлерге және құқықтық қызметпен байланысты тұлғаларға қатысты. Олар заңгерлік маңызды әрекеттерді орындай отырып, өз білімдерін мемлекетік-құқықтық жағдаяттарды ұғыну дәрежесін, өзінің маманданған қызметін жүзеге асырады.

Құқықтық мәдениеттің маманданған сатысы күнделікті тұрмыстық сатыға қарағанда жетекші орын алады. Сол сияқты теориялық саты маманданған сатыға қарағанда жетекші орынды иеленеді. Құқықтық мәдениеттің маманданған сатысының қалыптасуының қайнар көзі – теориялық саты болып табылады. Сонымен, құқықтық мәдениеттің ғылыми теориялық сатысы – құқықтық түсініктемесінің ең жоғарғы сатысы, заңи принциптер, ұғымдар мен категориялармен анықталатын құқықтық құндылықтардың нақты жүйесін көретеді.

Бұл саты мемлекеттік-құқықтық жағдаяттардың өзара әрекеттері, табиғаты туралы ғылыми білімі бар адамдардың көмегімен жасалған. Бұл адамдар, әдетте, заңгер-ғалымдар, құқықтық сала бойынша ғылыми-зерттеу және оқыту орталықтарының қызметкерлері болып табылады.

Құқықтық мәдениеттің теориялық сатысы құқықтың қайнар көзі ретінде құқықтық мемлекетке және азаматтық қоғамға қызмет етуі қажет. Оның мәні құқық шығармашылық сатысында ғана емес, сонымен бірге құқықты жүзеге

[1] Даламбаева Г. Заңды білу заман талабы. // Қазақ ордасы, -2003, -№4, 75-76 б.

асыруда, мемлекеттің құқықтық актілерінде, мемлекеттік органдар мен қызмет тұлғаларының актілерінде, жоғары сана-сезімін анықтайтын тұлғаның әрекетінде толық көрініс береді. Осыдан шығатын қорытынды құқықтық мәдениеттің теориялық сатысының элементтері мемлекеттік қызметтегі адамдарға ғана емес, сонымен бірге құқық пен заңи практиканы меңгеру үрдісіндегі қарапайым азаматтарға да тән болып келеді.

Құқық мәдениетінің ұғымы мен мазмұнын түсінудің түрлі әдісіне сәйекс мәдениеттің түрлі типологияларын ажыратуымызға болады.

Тарихта және әлемде бірінші болып мәдениет түрлілігін жариялап негіздеген Н.Я. Данилевский еді. Кейіннен бұл Концепция О.Шпенглер, А. Тойнби, С. Хантингтонның еңбектерінде жалғасын тапты.

А.В. Поляков бойынша, құқықтық мәдениетті шығыстық және батыстық деп бөлуді жөн деп есептеді. Олардың ішіне англосоксондық, романогермандық, мұсылмандық және т.б. құқықтық мәдениеттер кіреді.

Семитко А.П. өз кезегінде, құқықтық мәдениеттің екі тарихи типін бөліп көрсетті: социоцентристикалық және персоноцентристикалық. Бұндай бөлінудің негізі – тұлғаның құқықтық жағдайы, адамның бостандық құқығын жүзеге асыратын дәрежесі болып табылады. Жалпы алғанда, құқықтық даму социоцентристикалық құқықтық мәдениеттен персоноцентристикалыққа қарай жүреді. Яғни бұл үрдісте, орталығында тұлға, оның құқықтары мен бостандықтары, заңды қызығушылықтары тұрады және барлық құқықтық құралдар, механизмдер мен институттар мәдениеттің жоғары құндылығы ретінде тұлғаның орталық, жетекші жағдайына бағытталған.

Невважай И.Д. құқықтық мәдениет ұғымын түсіндіруде семиотикалық құрылысқа сүйенеді. Құқықтық мәдениетті таңбалық жүйе ретінде қарастыра отырып, таңбаға қатынасына байланысты мәдениеттің екі типін бөліп көрсетеді: Жеткізу мәдениеті мен ережелер мәдениеті.

Бірінші мәдениет типінде барлық сана-сезім берілген мазмұнды жеткізу амалдарын іздеуге бағытталған. Негізгі міндет берілген мазмұнға сәйкес репрезентативті формасын табу. Ережелер мәдениетіндетаңбаға қатынас – кез-келген бір нәрсеге шартты және ырықты қатынасымен анықталады.

Лебедева Н.Н. құқықтық мәдениеттің басқа типологиясын ұсынады. Бұл типология құрамында: азаматтық, өтпелі, бағыныңқы типтерін ажыратады.

Бұл модель ең әмбебап түрі болып табылады, өйткені құқықтық мәдениет туралы ой барлық өзара байланысты элементтер жиынтығына негізделеді:

- Ақпараттық, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтары туралы білімінің дәрежесін көрсетеді.
- Қызметтік, тұлғаның активтілік және реактивтілік дәрежесімен анықталады.
- Тұлғаның субъектіге бағытталуы, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Ескеретін жайт, жоғарыда аталған элементтер тұлғаның субъективті бағалауымен сипатталады.

Азаматтық тип – құқықтық біліктілігінің жоғарғы дәрежесімен, өзінің құқықтары мен бостандықтары туралы арнайы көздерден алынған ақпаратты

қолдануымен, құқықтық жүріс-тұрыс іс-әрекетінде белсенді әрекетімен сипатталады.

Бағыныңқы тип – азаматтық типке керіпропорционал бболып келеді. Ол құқықтық біліктіліктің төмен дәрежесімен, өз құқықтары мен бостандықтары туралы білімін толықтыруына ниетінің болмауымен сипатталады. Бұл типтің өкілдерінің ойынша, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – мемлекеттік органдардың ісі болып табылады. Сонымен біргебұл типке тән сипат – құқық қорғау органдарына және сот органдарына көзқарасының негативті болуы. Бұл типке тән субъектінің құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда аффективті түрде немесе күш жұмсау арқылы мәселені шешуге тырысады.

Өтпелі тип – азаматтық және бағыныңқы типтердің сипаттамаларын иеленеді. Екі жақты сипаттамаларға ие болуы – тұлғаның құқықтық мәдениетінің даму тенденцияларының болуымен анықталады.

Қызмет ресурстарының анализі тұрғындардың негізгі бөлігі минимальді құқықтық білім алмайтындығын көрсетті. Ал егер тұрғындардың кейбіреуіне құқықтық ақпарат жетсе-дағы, бұл ақпарат кездейсоқ түрде алынады.

Жалпы алғанда, көп жағдайларда жиынтық көрсеткішке ие - құқықтық мәдениеттің өтпелі типі болып табылады, ал сонан кейін бағыныңқы жәе азаматтық. Бірақ азаматтардың белсенділігі мен объектіге көзқарасына байланысты адамдардың көпшілігі бағыныңқы типті қолданады[1].

Сөйтіп, құқықтық мәдениеттің аталған типтері мен сатылар классификациясын абсолютті деп қарастыруға болмайды. Тұлғаның құқықтық мәдениетінің сатылары мен типтері жеке дара және өзара байланыста жүзеге асады.

Бір сатының немесе типтің екіншісіне өтуі құқықтық мәдениетте бар сапалық және сандық ресуртарға байланысты.

Ойымды аяқтай келе, жастардың құқықтық мәдениеті, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтық дамуының сипаты мен дәрежесін көрсетеді. Ол ұғымның астарында шығармашылық тұлғаның субъектілік әлемі мен мәдени құндылықтарының объективті әлемінің мәні жатыр. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеру үшін теориялық-методологиялық негіздемелерін анықтау өте қажет. Дамыған едердің жетістіктері мен өз елісіздің тарихи құндылықтарын біріктіре отырып, еліміздің ертеңін бүгіннен ойлау абзал. Мәдениет пен ғылым, саясат пен экономика бір мақсатты көздеп, бір ортақ құндылықтарына қызмет ету керек.

[1] Аграновская Е.В. Правовая культура и обеспечение прав личности. – М.: Наука, 1988. – 145 с.

## 1.2 Өтпелі кезеңдегі қазақ қоғамы құқықтық санасының трансформациясы

Елімізде құқықтық мемлекеттіліктің негізі қаланып, қалыптасу процесі жүріп жатқанда әдептілік-құқықтық мәдениетімізге де талап арта түсері хақ. Мәдениетіміз деп, халқымыздың ұзақ ғасырлар бойындағы сұрапталып жинақталған, ұрпақтар దініне, қанына сіңірілген рухани игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-сенімі, саналылық танытатын көзқарастар жүйесі, әлеуметтік топтың, халықтың, ұлттың өміріндегі бет-бейнесі, зиялылығы, біліктілігі, басқа халықтан, нәсілден ерекшеленіп көрінетін, айырып ажырататын тыныс-тіршілігінің, өмір нәрінің кәусар бұлағын айтамыз. Бұл мәдениет ұлтымыздың негізгі өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру әркімге, тіпті мұғалімдердің ғана емес, иісі қазақпын дегендердің азаматтық парызы, қасиетті борышы, өмір талабы. Мұндай талап еліміз егеменді атанып, тәуелсіздігіне ие болып, дербес мемлекет құру барысында болып жатқан өзгерістер себебінен туындап отыр.

Бұрынғы, әкімшілдік тәртіп жойылып, жаңа жүйе толық қалыптаса қоймаған, өтпелі кезең әлеуметінің құқықтық мәдениеті мен кәсіби құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажеттігі туындауда. Қазіргі таңда, адам мен қоғам мәселелерін тиімді түрде шешудің жалғыз жолы – қоғам дамуын ілгері жылжытып, құқықты біртіндеп дамыту, ол үшін құқықтық мәдениет ұғымының мән-мағынасы мен қоғам өмірінде алар орнын жаңаша тұрғыдан бағамдау қажет.

Қазақтардың құқықтық мәдениетінің қалыптасу тарихына тоқтала кетейін. Қазақтардың құқықтық мәдениетін еуропалық ғылылымдармен зерттеу IXX ғасырда басталған бірақ қазіргі күннің өзінде де Қазақстан территориясындағы және оның аумағындағы құқықтық тарихпен байланысты кең шеңбердегі проблемалар тек сұлба түрінде ғана белгіленген. Бұл еуразиялық түрік көшпенділерінің ортасындағы “құқық”, “заң” түсінігіне қатысты.Біз тарихтан білеміз, мұндай түсініктерді белгілеу үшін “төре”, “жарғы”терминдері, кештеу кезде –“заң” термині қолданылды. Заңды білдіретін терминдердің бірі- “жол” сөзі. С. Зиманов “жол” терминін “правила”, “установления” және “уложения” деп аударды. Ол осы термин норманың маңызды мәнін айту керек болғанда “жора”, “жарғы”, “жоба” терминдерімен қатар қолданылады. Терминдер кейде жұпталып қолданылған: “жол-жоба”, “жол-жора”[1].

Сонымен қатар “жол” терминінің тұрмыстық және басқа мағнасын айта кету керек, мысалы ”жолы үлкен” сөзі.

Қыз алып, қыз беру
Атаның жолы сол деді
Бұрыннан келген жол деді.

Берілген жағдайда “жол” сөзі “ғасырлардан келе жатқан” “ереже”

---

[1] Абиль Е.А. Формирование правовой культуры казахов: исторический аспект. // Гуманизация уголовной политики РК: ее позитивная роль в обществе. Материалы круглого стола. –Костанай, -2005, -с.36-38.

мағынасында қолданылған.

Төмендегі сөзге де осындай мағына береді

Хан ей, ісің жол емес

Осыған орай қазақтың құқығында “жол” термині екі жақын түсінікті білдірген: құқық және кодекс, заңдар жинағы. “Жарғы” термині “жарлық” терминіне ұқсас.”Жарлық” терминімен мемлекетпен, ақсүйек басшысымен тағайындалған нормалармен белгіленген. “Жол” термині дәстүрлермен тағайындалған нормаларды белгілейді. Дәл осы себепті Тәуке кезеңіндегі қазақтар үшін заңдар кодексі “Жеті жарғы” деп аталды, ал Қасым мен Есім кодексі “Жол” терминімен байланысты.

“Жол” терминнің тарихи тамырына бой ұратын болсақ, ертедегі орта ғасырда Орталық Азия түріктерінің “Йол- тенгри” үлкен қызығушылық танытады. Ол жайында Дуньхуаньның кітапханасынан табылған екі деректерде жазылған. Оның біріншісі-ерте тибеттік “Князьдық каталогы”, екіншісі-“Бал ашу кітабы”.

Басқа жол тәңірін мемлекет қалпына келтірген:
Қара йол теңрімен
Сынықынынсепермен
Үзіңкің улайур мен
Іліг ітміш мен
Едгүсі болзун тір.

Йол-тенгри мемлекеттік өкіметтің негізгі екі принциптерін жүзеге асырудың нышаны. Осы екі принцип те құқық түсінігімен тығыз байланысты. Ежелгі түріктерде “йол” түсінігі “құқық” мағнасына ие болды[1].

Халқының өз алдына тәуелсіз мемлекет болып құрылуына сәйкес өткен тарихымызды, ата-бабамызбен бірге жасасып келе жатқан әдет-ғұрып құқықтарын, оның қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу мүмкіндіктері туып, оған кең жол ашылды. Көшпелі қазақ елінде әдет-ғұрып жол-жоралғылары ғасырлар бойы ереже-заң ретінде қолданылып келді. Халық мұрасын қайта жандандырып қоғам кәдесіне, келешек ұрпақ мұратына жарату бүгінгі таңдағы зор міндет болып табылады. Өйткені, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық тәжірибесіне сүйенбейінше, ұлттық мемлекетімізге талапқа сай қызмет ететін заңдары шығара қою қиын. Сондықтан оны жете зерттеп, қазіргі заңдарымызға сыналап енгізіп отыруға мән беру керек. Әдеп-ғұрып қауымдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, дағдыға айналып, географиялық ұлттық, экономикалық факторларға байланысты қалыптасқан, жазылмаған мінез-құлық қағидасы. Әдет-ғұрыптар ру мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты жөнге салып реттеу үшін, олардың өсіп-өніп, өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажетті құрал ретінде қолданылды. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ру мүшелерінің сана-сезіміне ана сүтімен, қауым өмірінің үлгісімен сіңіп, олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекетін алға бағыттап отырады. Ру әдеттері оның барлық мүшелерінің еркін білдіріп, мүдделерін қорғайтын

[1] Абиль Е.А. Формирование правовой культуры казахов: исторический аспект. // Гуманизация уголовной политики РК: ее позитивная роль в обществе. Материалы круглого стола. –Костанай, -2005, -с.36-38.

қағидалар деп танылып, оны мүлтіксіз орындау әрбір ру мүшесінің дағдысына айналды. Олардың түсінігінше ру әдеттерін, салт-дәстүрлерін бұлжытпай орындау табиғи, қалыпты жағдай болып саналады. Рулық қауымның әдет-ғұрыптарына тән белгілер мынандай: ол-барлық ру мүшелерінің еркін білдіреді, ұрпақтан ұрпаққа ауызша ауысады, дағдыға айналып, мүлтіксіз орындалады, қоғамның ой-пікірімен және адамның ой-санасымен қамтамасыз етіледі. Ол құқықтар мен міндеттердің айқын айырмашылығы болмағандықтан, біртұтас жүйе ретінде қалыптасқан. Әдет-ғұрып құқығы қазақ қоғамындағы құқықтың, құқықтық жүйенің жалпы жиынтығы болып табылады.

Ең бірінші отбасынан басталған тәрбие төркіні ұлғая келе ел ішіндегі қоғамдық тәртіпке ойысқан. Бұл нормалар бірте-бірте көбейе түсіп, салт-дәстүрге, әдет-ғұрып қағидаларына айналады. Адамдардың санасында берік орнығып, қанына, тіліне, дініне сіңісті. Әдет-ғұрыптың кең ауқымда өркендеуіне географиялық шексіздіктің де әсері мол болды. Өмірде адам адамға қонақ деген қағида туыстықты, адамдық қасиеттерді қастерлеуге жетеледі. Сөйтіп, қазақ халқының әдет-ғұрып нормалары қалыптаса берген.

қазақ жеріндегі халқы IX-XIII ғасырларда қалыптасып, әрі ислам дініне мойын бұрды, тайпалардың тұрмыс-тіршілігіне өзгерістер енді. Осымен бірге өзіне тән ерекшеліктері бар қазақ әдет-ғұрып заңдары да өмірге келді. Бұл заңдар мен қағидалардың құқықтардың қоғамда араласпайтын, олар қамтымайтын салалары жоқтың қасы еді. Жеке адамдардан бастап, бүкіл қоғамдағы қандай іс-әрекетті, қарым-қатынасты алмайық, мысалы, көші-қон, дау-дамай, ұрлық-қарлық, алым-салық, өлім-жітім, алыс-беріс, жиын-той және тағы басқалардың бәрі де қазақи дәуірде қалыптасқан қағидаларымен реттелініп отырған. Қоғамдағы өзгерістер саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға орай әдет-ғұрыптық қағидалардың кейбір тұстары өзгерістерге ұшырады. Оны біз Орыс, Қасым, Есім, Тәуке хандар жасаған құқықтық реформалардан көреміз. Әлбетте, бұл өзгерістер бұрыннан келе жатқан жалпы әдет-ғұрып пен құқықтар жүйелеріне күрделі өзгерістер енгізіп, жаңаша сипат бере алған жоқ. Сол секілді мұсылман дінінің шариат заңдары да қазақ әдет-ғұрпына көп өзгерістер жасай алмады. Бірде мұсылмандық сипатқа ие болса, бірде керісінше қазақ әдет-ғұрпы исламның қағидаларын өзіне сіңіріп, қазақи сипат алды.

Еліміздің әдет-ғұрып құқығының зерттелу тарихын үлкен екі кезеңге бөліп қарастыру, яғни Қазан революциясына дейінгі және Кеңес өкіметі кезеңіндегі зерттеулер деп бөлу ғылыми әдебиетте дәстүрге айналып отыр. Бұл дәстүр, әрине, кеңестік дәуірде қалыптасқанымен қазір де өз жалғасын табуда. Халқымыздың құқықтық болмысы XIXғ. 20-жылдарынан бастап жан-жақты зерттеле бастады. Зерттеу еңбектерінің ең алғашқыларының бірі - А. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген монографиясы. Оның еңбегі сол ғасырдың басындағы қазақ өмірінің шынайы шындығын жан-жақты сипаттаудың ең жақсы үлгісі болды. Оның ішінде аса құндылары: құдалық, қалың-мал, үйлену әдет-ғұрыптары, өлікті жерлеу, ас беру салттары мен Тәукеханның әйгілі “Жеті жарғысы” жайындағы сипаттамалары болып есептеледі. XIX ғасырдың 60-70 жыларында жазылған Ф. Лазаревский, Ы.

Алтынсариннің, В. Плотниковтың, И. Ибрагимовтың еңбектерінде құда түсу, үйлену тойы, өлікті жерлеу және ас беру ғұрыптары жөнінде көптеген қызықты деректер келтірілген. Торғай облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Л. Баллюзек жарияланған еңбектегі қырау деректерді губернатордың тапсыруымен қазақ әкімдері мен билері, қазақтың оқыған азаматтары жинаған. Бұл кітапта қазақтың өте көне әдептері мен сол замандағы ғұрыптардың салыстырыла қатар баяндалуы да құптарлық.

XIX ғасырдың 80-жылдарында қазақтың әдеттік құқығы туралы үлкен-кішілі үш еңбек жарық көрді. Оның бірі - 1882 жылы шыққан И. Козловтың мақаласы. Тиісті деректер негізінде жазылған П. Маковецкийдің, 1889 жылы жарық көрген Н. Гродековтың еңбектерінен де тек құқықтық мәселелер ғана емес, сонымен бірге отбасы және неке тарихына байланысты әдет-ғұрыптар, этнографиялық деректерді көп кездестіреміз. Сондай-ақ Н. Малышев, И. Анечков, А. Диваев, ал Кеңес өкіметі кезінде бұл мәселені көтерген Т. Күлтелеев, С. Юшков, С. Фукс еңбектері де жоғары бағаланды. Ал өткен ғасырдың 70-80 жылдары қазақ әдет-ғұрып құқығының проблемаларын зерттеумен Қазақстанның ғылым академиясы жанындағы Философия және право институтарға байланысты тоқтатылып қалған ұлттық құқықтық өмірдің тарихына арналған зерттеулер 70-жылдары академик С. Зимановтың бастауымен өз жалғасын тапты. Қазіргі таңда республика заң ғылымы, оның ішінде дәстүрлі ұлттық құқықтық мәдениетті зерттеуге арналған ізденістер алдында да тың көкжиектер ашылған[1].

Өтпелі кезеңдегі тоқыраудан шығу жолдарының бірден-бір жолы дамыған құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Қазіргі қазақстандық қоғам өтпелі кезеңге қатысты құқықтық мәдениеттің қалыптасуындағы барлық проблемаларды бастан кешіріп отыр. Қазіргі ТМД елдерінде құқықтық мәдениет төңірегінде өрбіп жатқан мәселе тегін емес. Мысалға Украинада, Ресейде, Өзбекстанда құқықтық мәдениеттің дамуына ықпал ете отырып, ғылыми конференция өткізіліп, бұл бағыттағы мемлекеттік органдардың қызметін айқындайтын арнайы нормативтік актілерді қабылдаған. Заңгер ғалымдардың арасында бұл сұрақтың төңірегінде теориялық және тәжірибелік пікірталас жүруде. Жастар арасындағы құқықтық тәрбиені өрбіту мүмкін емес.

Олардың арасындағы өзара байланыстан бүгінгі күніміз бен келешегімізге әсер етері сөзсіз .

ТМД елдерінің көпшілігінде жастар саясатына қатысты заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізілген, тәжірибеде көріп отырғанымыздай заман талабына сай заң жинақтарын бекітпесе жастардың құқықтық тәрбиеге қатысты проблемаларын шешу мүмкін емес. Болашаққа ұмтылуда кез-келген қазіргі мемлекеттік басты назар аударатыны белсенді жастар саясатын қалыптастыруда екені мәлім.

Судьялардың тәуелсіздігі және әділеттілігі жөніндегі мәселеге арнайы назар аударғым келеді. Біз судьялардың жалақысын көтердік, сөйтіп олар

---

[1] Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелер, тарихи тағылымы. –Алматы, -1997. 192 б.

бүгінде табысы ең жоғары мемлекеттік қызметшілерге айналды . Біз судьялардың зейнетақымен қамтамасыз етілуін қоса есептегенде, оларға берілетін барлық әлеуметтік кепілдіктер пакеті жайында да ойланғанымыз жөн. Судьяларды лайығымен материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді қажырлы да адал еңбектерінің өтеуі деп қана емес, жемқорлықтан сақтандыратын өтімді шараның бірі ретінде қарастырған жөн. Судьялар арасындағы парақорлықты адамгершілік тұрғыдан алғанда абыройсыздық деп бағалап қоймай, мұны экономикалық жағынан да тиімсіз етуіміз керек. Судья өз қызмет орнын қадірлеуге тиіс және заңды немесе кәсіби этиканы бұзған жағдайда өзінің мемлекеттік қызметте болу құқығынан ғана емес, барлық әлеуметтік кепілдіктерден де айырылатынын білуі керек. Мұның бәрі де қосымша бюджеттік шығындар жасауға мәжбүр етеді, бірақ ол өзін ақтайды. «Арзан сот төрелігі тым қымбатқа түседі» дейтін ежелгі мәтел осыдан шықса керек.

Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз. Құқықтық мемлекетті құру жолында осындай талпыныстар жасауда "…Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, болашағымызға жоспар құрмай және бүгінгі күні накты іс-қимылдарды іске асырмай күндер мен сәтсіздікке ұшырасақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз" деген Елбасының айтқан сөзін басшылыққа аламыз[1].

Құқықтық мәдениет шынайы құқықтық мемлекет пен еркін азаматтық қоғам құруды заңгерлік тұрғыдан қамтамасыз етуге қызмет етеді. Демократиялық құқықтық институттардың құрылуы, жеке меншіктің жылдам қарқынмен дамуы, азаматтық құқықтар мен тұлға еркіндігін басты құндылық ретінде жариялау – барлығы да, ең алдымен, әлеуметтік дамудың субъективті, адами факторын алға тартады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабының 1 тармағында анық айтылады: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»[2].

Сондықтан да, қазіргі Қазақстандағы құқықтық реформа әр алуан әлеуметтік топтарға, институттар мен ұйымдарға бірігетін барлық азаматтардың, бір адамдай, құқытық тәртіпті қатаң ұстануын қамтамасыз ететін жүйе құруға бағыттаулы тиіс. Сол себепті бүгінгі таңның басты міндеті – адамдардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал ету, құқық мәселелелерін терең зерттеумен айналысу.

Өтпелі кезең қиыншылықтарын оңай жеңіп шығу үшін, құқықтық мәдениеттің қоғам мен жеке тұлға өміріндегі ролін арттыратын кешенді шаралар қажет. Бұл шараларды жүзеге асыру барысында құқықтық мәдениет – бұл адамның рухани жаңғыруының маңызды құралы екендігін де ұмытпау керек. Ол адамның өмірлік бағыт-бағдарын дұрыс айқындауына көмектеседі.

---

[1] Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, -1996,-158 бет.
[2] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995

Бұл орайда азматтардың құқықтық көзқарастары жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық менталитет мәселесіне де қайшы келмейтіндей қалыптасуына ерекше көңіл қою керек. Бұл ұзақ мерзімді үрдіс, ол қатып қалған заңгерлік догмалар мен стереотиптерді құлатады, жаңа саяси-құқықтық ой-пікір туындатып, адамдар санасын құқықтық құндылықтарға қарай бұрады.

Құқықтық мәдениетті әлеумет өмірінің берік негізі – заңдылықты сақтау мен құқықты қорғау амалдарын нақтылы түрде нығайту арқылы ғана дамытуға болады, өйткені демократия дәуірінде мемлекет тек құқықтың билігі мен заңның өкіметін орнататын қуатты құқықтық базаға ғана сүйене алады. Бұл орайда заңдылықтың іс жүзінде сақталуы мен құқытың қорғалуы, өз кезегінде, құқықтық мәдениет деңгейіне тікелей байланысты екендігін де айта кету керек. Бұл бағытта, бүгінгі таңының ең өзекті мәселесі – құқытық мәдениетті дамытумен қатар елдегі құқық қорғау ұйымдарының қызметін жақсарту қажеттігі болып отыр. Бұл міндет ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында айтылады: «Кадрларды басқарудың жалпымемлекеттік жүйесін құру қажет, онда оларды елімізде және сырт жерлерде нысаналы әрі тиімді даярлаудың, оларды қызмет бабында жоғарылатудың әділетті тәртібі, бірыңғай ақпарат тетігі, әлеуметтік қорғау кепілдігі әрі басқарудың ең іргелі ресурсы – адамға деген сергек көзқарас қамтылуға тиіс»[1].

Бұл үрдісте, ең бастысы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби құқықтық мәдениетін арттыру керек. Ол нақтылы әлеуметтік ортада, жалпы әлеуметтік-құқықтық мәдениетпен бірге қалыптасады. Қоғамдық құқықтық мәдениеттің принциптері, категориялары мен идеялары құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін құқытық нормаларды танып-білуге, өз кәсіби қызметін заң талаптарының дұрыс әрі біржақты орындалуын қадағалауға бағыттайтын идеологиялық құрал ретінде қолданылады. Шынайы заңгерлік тұрғысында, Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясына сәйкес «негізгі басым бағыттар – қылмыстарды болдырмау және олардың алдын алу, қылмыспен күрес, жедел іздестіру қызметін жетілдіру, қалыптасқан шұғыл жағдайға байланысты әрекет ету, ақпараттық қамсыздандыру мен сараптамалық жұмыстың деңгейін арттыру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту».

Жастардың құқықтық мәдениетінің артуы әлеуметтік қатынастарда айқындалып бітпеген экономикалық және саяси жағдайларда жүзеге асады. Мұндай жағдай қоғамдық санаға айырықша әсер етеді. Бұл өз кезегінде құқықтық сана-сезімі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Сол себепті де, қазіргі Қазақстанның ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық мәдениеті қарапайым азаматтардың құқықтық мәдениетінен еш айырмашылығы жоқ.

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдарда-ақ бізге ең бірінші кезекте құқықтық мемлекет құру жолына түсу қажет екенін тек зиялы қауым

---

[1] Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, -1996,-158 бет.

мен ірі саясаткерлер ғана емес, ел ертеңіне алаңдаған күллі жұртшылық тынбай айтумен болғаны белгілі. Ал, құқықтық мемлекет деген не, қандай құқықтық реформалар қажет және оларды қалай жүзеге асыру керек деген өте күрделі мәселерді алыққа түсіндіріп, осы жолда жұмыс істеу зор жауапкершіліктерге толы еді. Сол жүгі ауыр жауапкершілік әуелі кезекте еліміздің әділет органдарының мойнына жүктелгені тағы да белгілі. Осы орайда Елбасының «Құқықтық сауаттылықты ұйымдастыру шаралары туралы» 1995 жылғы 21 маусымда шығар ңызы өте зор болды. Өйткені, аталған қаулыны басшылыққа ала отырып, ондағы қойылған талаптарды орындау барысын-да тіпті құқық; қорғау органдары қызметкерлерінің де біліктілігі арта түсті. Сол кездің өзінде-ақ әділет басқармаларында арнайы бекітілген кестелер бойынша қолданыстағы заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді оқып, игеру үшін семинар сабақтар жүргізіліп, бүгінгі таңда баршаға құқықтық сауат беру жұмысы кеңінен қанатын жайып отыр[1].

Қазақстанда құқықтық мемлекеттіліктің негізі қаланып, қалыптасу процесі жүріп жатқанда әдептілік-құқықтық мәдениетімізге де талап арта түсері хақ. Мәдениетіміз деп, халқымыздың ұзақ ғасырлар бойындағы сұрапталып жинақталған, ұрпақтар дініне, қанына сіңірілген рухани игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-сенімі, саналылық танытатын көзқарастар жүйесі, әлеуметтік топтың, халықтың, ұлттың өмірдегі бет-бейнесі, зиялылығы, біліктілігі, басқа халықтан, нәсілден ерекшеленіп көрінетін, айырып ажырататын тыныс-тіршілігінің, өмір нәрінің кәусар бұлағын айтамыз.

Бұл мәдениет ұлтымыздың негізгі өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру әркімге, тіпті заңгерлерге ғана емес, иісі қазақпын дегендердің азаматтық парызы, қасиетті борышы, өмір талабы. Мұндай талап еліміз егеменді атанып, тәуелсіздігіне ие болып, дербес мемлекет құру барысында болып жатқан өзгерістер себебінен туындап отыр.

Ата-бабаларымыздың үлгі-өнегесі, өркениетті талғамы мол болғанын бізге мұраға қалдырған рухани байлықтарынан білеміз. Өкінішке орай, көп жылдар билік еткен тоталитарлық басқару жүйесінің қысымы мен қыспағы, езгісі тілімізден, дінімізден, дәстүр-салтымыздан, әдептілігімізден айыра жаздады.

Қазір Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықта алар орны өзгеше. Қазақстанның тарихи аренадағы жаңа орнын баянды етудің негізгі жолы оның егемендігін нықтап, тәуелсізідігін арттыру, сөйтіп ата-бабаларымыздан қалған құқықтық мәдениетімізді мақсат-мүддесіне және игілігіне қызмет еткізу болып табылады. Осы жолда заң ғылымында жаңа талаптар, оның ішінде дәстүрлі ұлтымыздың құқықтық мәдениетін қайта қарау, зерттеуде жаңа көзқарастар туындап отыр. Бұл көзқарастар ұлттық, құқықтық мәдениетімізді көтеруге басымдық беруде. Бұл деген сөз, ұлттық құқықтық болмысымызды терең ұғыну, мемлекеттік органдар мен халықтың ара-қатынасын жақындату, тәлім-тәрбие өзегін күшейту дегенді білдіреді. Өйткені, мемлекеттік құрылым, құқық, сот жүйелерінде дәстүр, тарих сабақтастығы

[1] Құл-Мұхаммед М. Құқықтық реформа – құқықтық сауаттылықты талап етеді. // Заң, -№ 6, -2001.

үлкен роль ойнайды. Бұл сабақтастық имандылық, ар-намыс, ұят, өнегелілік, әдептілік ұғымдарымен сипатталады.

Қазіргі кездегі жағдайлар құқықтық мемлекеттіліктің негіздерін орнықтыру, қоғам ішінде қажетті шеңберде қоғамдық тәртіпті нығайту, құқықтық мәдениетті жандандыру, моральдық құндылықтарды күшейту, заңдарымыз бен қоғамдық тәртібіміз жұртты қорқытып-үркітпейтін, күштемейтін, қайта қоғам мүшелері өздері түсіне отырып, ол заңдылықтарды қолдап-қуаттап отыруын қамтамасыз ету болып табылады.

### 1.3 Жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі бағыттары

Еліміздің Ата Заңында Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет деп жарияланғаны баршамызға белгілі. Құқықтық мемлекет құрудағы талпыныс жас жеткіншектерден басталады, себебі болашақ қоғам солардың қолында. «Жаңа ғасырға» қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болуы керек. Әрбір адамның өзі үшін жауапкершілігі жаратушының алдындағы жауапкершілікпен бірдей екені сөзсіз.

Қазіргі «Білім туралы» Заңның талаптарын орындау әлі де сан қырлы экономикалық – материалдық, ұйымдық, кадр, құқықтық – нормативтік шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Солардың ішіндегі маңыздысы жастарға құқықтық білім беру, құқықтық тәрбиелеу.

Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, өмірдің тиімді жолдарын өз бетімен шешуге үйренуіне, қолайсыз көріністерге бой алдырмауға жетелейді.

Құқықтық білім берудің міндеті – барлық іске жауапкершілікпен қарайтын, өз құқығын жете меңгерген, заңдарды ұғынып қана емес, сонымен бірге силай білетін, құқықтық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол, білікті маман даярлап шығару.

Еліміздің құқықтық мемлекет құру жолында бастаған игі істерінің бірі құқық негіздері пәнінен сабақ беретін мұғалімдерді даярлап шығару. Бұл кеңестік құқықтық жүйенің күйреуінен кейін қолға алған шаралардың бірі.

Білімді адам санатына қосылу үшін қазіргі жасөспірімдерге негізгі пәндерді игеру және талдау қабілетінің сауаттылығы аздық етеді. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет[1].

Иә, жас жеткіншектерді осындай жолға даярлауда мемлекеттің алатын орны, рөлі өте зор. Әлеуметтік- экономикалық дамуды мәдениет тұрғысынан қамтамасыз ету мәселелері қоғамда көптеген міндеттерді шешуді алға қойып отыр. Сол мәселелердің ішіндегі өзектісі болып - құқықтық тәрбие табылады.

Құқықтық мемлекет – ұзақ тарихи дамудың жемісі. Ол үрдіс күрделі, қиын, әрі сан – салалы және мол қаржыны, жалпы мемлекеттік деңгейдегі ұйымдық – құрылымдық шараларды, бүкіл педагогтар, зиялылар қауымының

---

[1] Назарбаев Н.Ә. Өмір әдебі. // Білім – образования, -2002, -№2, - 4 б.

қажыр – қайратын, рухани ізденістерін қажет етеді. Демек ел, ұрпақ тағдыры үшін маңызы мен жауапкершілігі айрықша білім беру ісіне барлық деңгейдегі мммемлекеттік органдардың бетбұрысы, қамқорлығы керек. Бұл жөнінде Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» жолдауында негізгі бағыттарды көрсетіп берді. Сол бағыттардың бірі – жоғарғы құқықтық сана мен құқықтық мәдениет. Осы екі элементтің іргетасы азаматтарда алдыменен отбасында қаланса, содан кейін мектеп қабырғасында жалғасады.

1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылданды. Қаулыда құқықтық оқуды мектептерде бастауыш сыныптардан бастап неғұрлым кең көлемде енгізу қажеттігі атап көрсетілді. Бұдан шығатын тұжырым не? Ол тәуелсіздік тұғырына көтерілген Қазақстанның алдында білім беру саласында жаңа қажеттіліктердің пайда болуы. Ғылым мен техниканың тез даму қарқыны, өндіріске шетелдік және отандық озық, жаңа технологиялар мен әдістердің енуі, қоғамның жаңа экономикалық қатынастарға көшуі республикамызда білім беру саласында жүргізіп жатқан реформалық өзгерістерді жетілдіруді, білім сапасын арттыруды талап етеді.

Қазіргі «Білім туралы» заңның талаптарын орындау әлі де сан қырлы экономикалық-материалдық, ұйымдық, кадр, құқықтық–нормативтік шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Бүкіл қоғам, жалпы жұртшылық болып күш салатын істер шаш етектен. Солардың ішіндегі ең күрделісі, ең маңыздысы – құқықтық сауатты азаматтарды дайындап шығару. Құқықтық сауатты адамдар қылмысқа ұрынбауға әрекет жасайды. Өмір сүрудің тиімді жолдарын өз бетімен шешуге үйренеді. Азаматтық құқығын жете меңгергендер ғана қолайсыз көріністерге бой алдырмайды.

Тиімді білім беру жүйесін қабылдау үшін қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай қалыптастыруға бағыттау керек. Құқықтық білім берудің міндеті – дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ойлауға дағдыланған, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол және білікті маман даярлау. Осындай мақсаттарға жетуде Қазақстан мемлекеті және құқығы негіздері курсын мектеп қабырғасында оқытудың қажеттігі артуда. Әрине бұл үлкен шараның бастапқы кезі ғана.

Құқықтық тәрбие дегеніміздің өзі – әрбір азаматтың заңдарды мүлтіксіз сақтап, өз міндеттерін саналы түрде жүзеге асырып, іс - әрекеттеріне өз бетімен жауап бере алуы. Сондықтан да бүгінгі жастар заман талабына сай өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс айқындап, еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлап, құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті дамытуға бір кісідей ат салысулары қажет. Бұл салада мемлекетімізде жасалып жатқан шаралар аз емес. Солардың бірі жастарды құқықтық тәрбиелеу. Аталмыш бітіру жұмысының алдына қойған мақсаты да осы мәселенің төңірегінде өрбіп отыр.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамытатын тәрбие саласының бірі – құқықтық тәрбие. Әрбір азамат өз мемлекетінің Заңына жауапкершілікпен қарап, оны орыңдауды өз міндеті деп есептейді.

Құқықтық тәрбиенің мазмұнын белгілеуде, адамгершілік жақтарын анықтауда жастарға өзі өмір сүріп отырған қоғам идеясын ұғындыру, Ата

Заңымыздың бағытарына сүйену керек. Құқықтық тәрбие мақсат көздей ұйымдастырылып, жеке адамның талап-тілектеріне, мұң-мұқтажына, қоғамдағы міндеттеріне негізделіп жүргізілсе, жас ұрпақтың моральдық мінез-құлқын қальштастыруға, тәртіптілікке баулуға жол ашады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде отбасылық қаржының тапшылығы олардың қылмыс жасауына әкеліп тіреуде. Сондықтан оқушыларға құқықтық тәрбие беру – үйлесімді тәрбиенің маңызды қыры. Ендігі міндет орта, арнаулы, орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында тәрбиенің бұл саласын жетілдіру, өзге тәрбие қырларымен байланыстыра отырып, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастырудың, коғам алдындағы жауапкершілік сезімін дамытудың, тәртіптілікті нығайтудың құралдары мен жолдарын, әдіс-тәсілдерін жетілдіру. Өйткені, адамның құқықтык, сана-сезімі арнайы мақсат көздей жүргізілген тәрбие арқылы дамиды. Құқықтық тәрбие құқықтық сананы қалыптастырады.

Құқық – қоғамдық қатынастарды реттеп, жөнге салатын, оның дамуына ықпал ететін, коғамға зиянды қатынастарға тыйым салатын құрал.

Жас ұрпаққа құқықтық тәрбие берудің мақсаты – еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, оны орындау, жастарды азамат ретінде Отаншылдыққа баулу, еліміздің материалдык және рухани байлығын үнемді пайдалануға, оны байытуға, адал еңбек етуге тәрбиелеу, айналамыздағы адамдарға қиянат, зорлық-зомбылық, кылмыс жасамауға үйрету, бауырмалдыққа, мейірімділікке, ізгілікке бағыттау.

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқықтық мәдениет ұғымының тар және кең мағыналары есепке алынып отыруы керек. Тар мағынасы: заңдылықтың, құқықтық шығармашылықтың, құқық корғау органдарының жалпы жағдайын, құқықтық даму деңгейін бейнелейтін жеке азаматтар мен барлық халықтың құқықтық санасы, оның қоғам өміріндегі орны мен рөлі. Кең мағынасында құқықтық мәдениет: заң мамандарын даярлау және құқықтық мәртебе, заң кызметінің мемлекеттік жүйедегі рөлі, құқық мәселелсрі бойынша ғылыми басқармалардың дамуы, адвокатура жағдайы, т.б.

Құқыктык мәдениеттін басты элементтеріне құқықтық сауаттылық және азаматтардың заңды сыйлап, оны орындауы жатады.

Адамның саяси және адамгершілік көзқарасы мен ішкі нанымы құқыктық мәдениетінің "іргетасы" саналады. Төмендегі аталған жағдайлар іргетастың қалай қаланғанына байланысты болады:

- құқыктық білімнің сапасы және оны колдана алу;
- заңға қатыстық сипат (заңды сыйлау сезімі, заңдылықты сезіну);
- құқыктық норманы орындауға дайын тұру;
- заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда белсенділік көрсету.

Яғни, құқықтық мәдениет – саяси, адамгершілік нанымға негізделген, терең, жан-жақты және құқықтық білім мен дағдының ажырамас бірлігі, заңды сыйлау, белсенді құқық қорғау әрекеттері.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары құқық бұзушылықтың алдын алып қана қоймайды, жас жеткіншектердің берік моральдық

қағидаларын қалыптастырады, қоғамдық нормаларды ұғынып, қабылдауға бейімдейді.

Жастардың бойында құқұқтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу барысында мыналарға мән беру керек:

- жастар демократия негіздерін оқып үйренулері тиіс;

- олар өз құқықтары мен міндеттерімен танысып қана қоймай, бостандық, тұлға, құқықтық мемлекет деген ұғымдармен таныс болуы керек;

- қайырымдылық және зұлымдық, әдемілік және талғамсыздық, т.б. құқық нормасымен байланысты елестетіп отырулары қажет;

- құқықтық тәрбие адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен байланысты болуы міндетті;

- заң туралы аса қызыға білгені дұрыс.

Өйткені, құрғақ ақпарат оқушылардың миына жетпейді, жүрегін елеңдетпейді. Жеткіншектердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың құқықтық жаңаруы мақсатында әр түрлі шығармашылық нысандарды қолдану қажет.

Мектепте құқықтық тәрбие беру үрдісін кезең-кезеңмен өткізген жөн. Оқушылар 1-4 сыныптарда алғашқы құқықтық ұғымдармен танысады, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлінеді. Содан кейін әркімнің өз істеген ісіне жауапкершіліктің болатыны түсіндіріледі. Мысалы, олар мектептің өздеріне бұрын беймәлім ішкі тәртібін меңгереді, міндеттерін ұғынады, алғашкы қоғамдық тапсырмаларды орындайды (кезекшілік, т.т). Осы әрекеттер барысында олардың сынып, мектеп алдында жауапкершілік сезімдері қалыптасады.

5-8 сыныптарда бастауышта алған құқықтық білімді жетілдіреді. Қазақстан Республикасы зандары туралы жалпы мағлұмат алады, азаматтардың негізгі құқықтары және міндеттерімен танысады, қоғамдық жерлердегі ережелерді түсініп, талқылап, сактайды. Оқушылардың саналы әрекеті қалыптасады. Тәртіп бұзушылыққа төзбеуді үйреніп, жеке жауапкершіліктері қалыптасады. Қоғам алдындағы жауапкершіліктері артып, құқык бұзушылық салдарынан арнайы мектептерге мәжбүрлеп жіберу мүмкіндігін сезінеді.

9-сыныпта арнайы құқық негіздері курсы оқылады.

10-11 сыныптарда мемлекет және құқық мәселелері бойынша теориялык тұрғыдағы мәселе қозғай алады. Құқықтык, жағдайлар мен айғақтарды нақты өмір жағдайларымен байланыстырады. Адамдардың әрекетіне баға беріп, құқықтық дағды қалыптасады. Қоғамға қарсы әрекеттерден сақтанып, оны болдырмауға тырысады. Дүниетанымы қалыптасып, құқықтық мәдениеті өсе түседі.

Мектепте оқушылардың құқықтық мәдениетін калыптастыру бір жақты ғана болмауы керек. Сондықтан оның сабақтан тыс нысандары бекітіледі. Мәселен, мектеп жарғысымен танысу, мектеп зандарын қабылдау. Оны қабылдау барысында окушыларға кең мүмкіндіктер беру. Аталған шараларға оқушыларды мейлінше көптеп тарту.

Сондай-ақ, "Құқық негіздері", "Мемлекет және құқық", "Құқық және

білім беру заңдарының негіздері" сияқты негізгі және факультативті пәндерді оқу жоспарына енгізумен қатар, шебер ұйымдастырылған тәрбие шаралары арқылы жас ұрпақты күнделікті отбасында, орта мектепте, орта арнаулы кәсіптік білім беретін оқу орындарында, жоғары мектептерде тәрбиелеу абзал.

Мектептерде тәрбие жұмысының әр алуан түрлері мен әдіс-тәсілдерін пайдаланған жөн.

Тәрбие жұмыстарын мұғалімдер мен сынып жетекшілері, ата-аналар, құқық қорғау қызметкерлерімен бірлесе отырып жүргізу керек.

Ең бастысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысының жүйелілігі. Төмендегідей сатыдан тұратын жүйенің болғаны жөн.

*Диагностикалық саты* – сұрақ-мәселе жағдайын зерттеу. Бұл мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамын анықтап, "қиын" жасөспірімдердің топтарын белгілеуге көмектеседі.

*Ізденушілік саты* – анықталған мәселелсрді шешу жолдарын табу.

*Әрекет етушілік саты – м*әселені шешу әдістері мен нәтижелерін талдау.

Қорыта келгенде, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру үшін төмендегі шараларды тиімді ұйымдастыру керек:

—тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстардың құқықтық тәрбие берерлік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;

—ішімдікке, нашақорлыққа қарсы күресуде жұртшылықты, ата-аналарды, қоғамдық ұйымдарды, дәрігер-нарколог өкілдерін жұмылдыру;

—оқушылар арасында ішімдікке, нашакорлыққа бейімі бар жасөспірімдерді анықтап, құпия түрде дербес тәрбие жұмыстарын жүргізу;

—оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне бақылау жүргізу.

Дұрыс мінез-құлық пен ақыл-ой сезімі ең алдымен балалық шақтан қалыптастыру қажет. Өйткені жақсы мінез бен ақыл екеуі біріксе, онда адамшылық қасиеттер игілік пен ізгілік, қайрымдылық, адамгершілік, Адалдық, әділеттілік пайда болады. Онымен қаруланған қоғам мүшелері ара-қатынасы жақсарады.

Тұлға мәдениеті мен қоғам мәдениеті бір-бірімен сәйкес келмеуі де мүмкін. Өйткені қоғамда субьект саласынан әлдеқашан бөлініп, обьективтенген қоғамдық пікірлер мен идеялар, сезімдер мен теориялар өмір сүреді. Сондықтан қоғамның құқықтық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Ортаның құқықтық мәдениеті - бұл қоғамның құқықтық саласын даму деңгейі және қоғамның құқықтық белсенділігі, құқықтық нормалар мен құқықтық іс-әрекеттердің қарқынды деңгейі.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің жүйелік құрылымы мынадай элементтерден тұрады:

- қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі;

- құқықтық нормалардың қарқынды дәрежесі. Бұған құқықтық даму деңгейі, құқықтық мәтіндердің сауаттылығы жатады.

- құқықтық іс-әрекеттің қарқынды дәрежесі. Бұған құқықтық шығармашылық мәдениеті, құқықты пайдалану мен құқықты қорғау іс-әрекеттерінің деңгейі жатады.

Еліміздің қазіргі қоғамның құқықтық саласы мен белсенділігін арттыру

саласында көптеген нақты шаралар іске аса бастады. Біріншіден, көп мөлшерде құқық саласындағы әдебиеттер жариялана бастады.

Осы тұрғыдан айта кететін жағдай - қазақ тіліндегі сапалы әдебиеттердің аздығы. Сапарғалиев, Әйманов, Жоламанова тағы басқа қазақ тілінде жазатын авторлар өте аз. Мүмкін орыс тілінде шыққан әдебиеттерді бірден көп мөлшерде аудару қажет шығар.

Содан кейін, жоғары және орта кәсіптік білім жүйесінде заң мамандарын даярлау кеңінен өріс ала бастады. Бұл маңызды бағыт. Дәл қазір бұл үрдісте кемшіліктер орын алып отырғанына қарамастан, жалпы қоғамның болашағына бағытталған аса маңызды бетбұрыс. Көш жүре түзеледі демекші, бірте-бірте бұл салада табысқа жетуде болатынына күмән тудырмайды.

Үшіншіден, мемлекеттік шенеуніктердің құқықтық сауатсыздығын жоюда біраз қомақты жұмыстар істелініп, қоғамда соңғы жылдары кеңінен тараған құқықтық механизмге тосқауыл қойыла бастады. Соңғы кездері мемлекеттік органдардағы қызметке конкурс жарияланып, жаппай аттестация жүргізіле бастауы жақсы нанымдардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі кеңейте отырып, оның құқықтық негізін нығайту құқықтық нигимізімді жоюға мүмкіндік жасалды.

Төртіншіден, құқық органдарын – соттың, прокуратураның, адвокатураның жұмысын жетілдіруді қарастыру қажет.

Әр кезде салыстырмалылық, ғылымилылық, тәжірибелілік қатар жүруі керек, бір жіберген қателік, бүгінгі буырқанған өмір ағысыннан шеткері шығарып тастайды. Өркениеттіліктің кілті ұлттық рух пен әлемдік мәдениетті жанастыра білгенде қолда қалмақ.

## II ТАРАУ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

### 2.1 Саяси-құқықтық жағдайдың жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына әсері

Бүгінгі Қазақстан қоғамындағы кұқықтық және саяси мәдениеттің төмен деңгейде дамуының басты себебі азаматтық қоғамның құрылу сыңарларының болмауы немесе әлсіздігі. Бұл дегеніміз қоғамдық-саяси өмірдің көптеген салаларында мемлекеттік ықпалдың басымдылылығы (жеке бизнес біздің елде мемлекеттің заң негізінің кемшіліктеріне байланысты бюджетке қарай дамиды, сол себепті шенеуніктердің бақылауынан шыға алмайды), Экономикалық мүдделердің жартылай құрылғандығы ж. б.

Осыған орай басым фактор ретінде халықтың құнды бағыт-бағдарларын ерекше қарастыру қажет. Аталған категория адамның ең жоғарғы психологиялық беделдігінің деңгейі, яғни ерiктiк беделдiк. Құнды бағыт-бағдарлардың қоғамдық-саяси ақиқатқа деген әсері бір жақты ғана болмайды. Бұл үрдістің өзара байланысы екі деңгейде өтеді.

*Бірінші деңгейі* – құндылықтар құрылуының мемлекеттік бағыты. Қоғамдық қатынастарды реттейтін ресми органдар өзінің саяси институттары арқылы тұрақты әлеуметтік-саяси дамудың концепциясын анықтайды. Бұл концепцияның идеологиялық негізі болып саналатын коғамның құндылықтары.

*Екінші деңгейі* – адамдардың өзіндік өмір танымдары арқылы құрастырылады. Бұл деңгейде кұнды бағыт-бағдарлар жеке бас адамның сана сезімінде белгіленіп, оның өмірлік негізімен анықталады[1]. Аталған бағыт-бағдарлардың екі деңгейі шындықта әр қашан өзара қайшылықта дамиды. Сол қайшылықтардың реттелу сипаты қоғамның әлеуметтік-саяси дамуының түрақтылығына әсер етеді. Адамдардың сана сезімдеріндегі құндылықтардың өзгерілуі әр бір қоғамға сай. Өзгешеліктер тек қана мүдделердің жаңаруына байланысты. Осыған орай құнды бағыт-бағдарлары теориясында құндылықтар алмасуының екі түрін атап өту қажет:

- эволюциялық, яғни тарихқа байланысты. Бұл түр постматериалдық керектіктердің жаңа түрлерінің құрастырылуларымен сипатталады. Ол түрлер өмір сапасының жоғарлау факторларында негізделеді және де әлеуметтік қоғамдағы даму мен өмір деңгейін көрсетеді.
- тұрақтылықсыз, яғни әрқашанда өзгеріліп жататын әлеуметтік-саяси бағдарларда негізделген үрдіс.

Бүгінгі қазақстандық қоғамға екінші түр сай.

Қазақстан қоғамының жаңа саяси мәдениетінің құрылуына үлкен әсер ететін қоғамдық саяси байланыстардың нарықтылық деңгейі. Бүгінгі саяси шындықта қоғамдық-саяси нарығын кең түрде құрылыуына мүмкіндіктер бар.

---

[1] Нарматов С.З. Құнды бағыт-бағдардың өмірдегі орны. // Материалы международной научно практической конференции «Праворазъяснителная работа и правовое обучение: проблемы и пути их решения». Алматы, - 2006. – 79-81 бб.

Ол дегеніміз, біріншіден шешімдер қабылдау үрдісіне деген беделді қатысуға адамдардың дайындығы мен ұмтылыстары. Оған дәлел болып түрған көптеген әлеуметтанымдық зерттеулердің нәтижелері. Екіншіден, қоғамдық саяси қозғалыстармен партиялардың құрылуы, азаматтардың өз мүмкіншіліктерінің іске асыруға деген еріктеріне Конституциялық құқықтарының барлығы. Үшіншіден, әр түрлі бағдарламалық мақсаттармен қызмет ететін саяси партиялар мен қозғалыстар. Қазақстан қоғамының мәдени-саяси жандандыру саласында демократиялық өзгерістерді тереңдету үрдісінде ресми билік органдарына альтернатива ретінде үкіметтік емес бірлестіктерді атап өту қажет. Осыған байланысты демократиялық өзгерістердің жаңа институты ретінде көп партиялылықты түсіну керек. Бұл категория бүгінгі Қазақстанның саяси жүйесінде болып жатқан радикалдық өзгерістердің тікелей көрсеткіші. Көп партиялык жүйенің құрылуы көбінесе коғамның саяси мәдениетінің құрамында болып жатқан саяси құндылықтардың өзгеріліуіне байланысты. Қазақстанның саяси өмірінің либералды бағытына қарай саяси партияларға өз қатарларын толықтыруға көп мүмкіндіктер берілді деуге болады. Саяси көпшіліктің легитимдігі Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген. Тек қана сол құқықты кәсіби пайдалану сұрағы әлі күнге дейін ашық деп ойлаймыз. Бірақ та, көп партиялық жүйенің құрылу үрдісінің кейбір нәтижелерін көре алмай отырмыз.

Бүгінгі Қазақстан қоғамы өркениеттің ерекше «универсумы», өйткені ол көптүрлі ұлттық, діни, мәдениеттік, этникалық және әлеуметтік қабаттық өкілетіліктермен сипатталады. Бүл ерекшелікті қоғамдық-саяси дамудың негізгі бағыттарын құрастыру үрдісінде еске алу қажет. Аталған категориялардың біреуіндегі құндылық өзгерістер міндетті түрде басқалардың да құндылық түрлерін өзгертеді. Өзара байланысты бұл үрдіс өзінің ықпалын адамдардың саяси әлеуметтену тенденцияларына әсер етеді[1].

Қазақстан қоғамының бүгінгі саяси өмірінде саяси жаңа құндылық бағдарлардың жандандыру құдіретті күші үлкен. Ол тұрақтандыру немесе тұрақсыздандыру факторларды анықтайды.

Азаматтық қоғам құру үрдісінсіз өркениетті елдер деңгейіне жету мүмкін емес. Осыған орай, Егеменді Қазақстанның қазіргі кезеңінде ұлттық мәдениеттердің көне үлгілерін заман талаптарына сай қайта жаңғыртып, жас ұрпақ тәрбиесіне қолданып, жоғарғы оқу орындарында болашақ педагогтарды дайындау жүйесіне енгізу жаңа ізденістерді кажет етеді. Қоғамдағы шынайлықтың обьективті ақиқат қисынын тек зиялы, білімді қоғам өзінің дамуының барысында, демократияның барлық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жан-жақты аша түсетінін озық мемлекеттердің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Демократияның қанат жайып көркеюінің басты кепілі -құқықтық мәдениеттің жан-жақты дами түсуі. Мемлекетіміз өзінің алдына ұзақ мерзімге үлкен міндеттер қойып отырғанын біз жақсы білеміз. Еліміз 2030 жылдары

[1] Нарматов С.З. Құнды бағыт-бағдардың өмірдегі орны. // Материалы международной научно практической конференции «Праворазъяснителная работа и правовое обучение: проблемы и пути их решения». Алматы, - 2006. – 79-81 бб.

Орта Азияның барысына айналғалы отыр[1].

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласында өзгерістер болуда. Зерттеу тақырыбы бүгінгі күн талаптарымен ұштасып, үндесіп жатады. Мемлекеттің өркендеуінде табиғи байлық, халық саны, жердің кеңдігі қандай рөл атқаратын болса, қазақ халқының құқықтық мәдениеті оның құндылықтарының бірі болады. Қазақстанның ғылым мен білім саласында жеткен жетістіктерін болашақ ұрпақтың бойына сіңіріп, ұрпақ сабақтастығын басты назарда ұстау қажеттілігі туындайды. Сонда ғана біз алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне көтеріле аламыз. Демек, алдын-ала құқықтық тәрбие беру жұмыстарын жетілдіре түсу керектігі белгілі.

Конституцияда адам құқығын қорғау, теңдік, адамды рухани жетілдіру, оның қоғамдық, имандылығын көтеру, құқығына сәйкес міндеттер атқару, әр адамның қадір-қасиетіне, ар-ождан бостандығына, қол сұқпау, т.б. құндылықтарды белгілеуде. Сондықтан да, мектеп оқушыларына өзі өмір сүріп отырған қоғам идеясын ұғындыруда конституцияның талаптарына сүйену керек.

Қазіргі біздің қоғамымыздың басты талабы - мемлекеттік және халықаралық деңгейге сай, бәсекеге икемді жан-жақты дүниетанымы кең, әлеуметтік-адамгершілік талаптар мен этикалық нормаларды меңгерген, отансүйгіш, патриоттық сезімде тәрбиеленген ұрпақтар қалыптастыру болып табылады. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру-үйлесімді тәрбиені білім беретін оқу орындарында пайдалану, оны жетілдіру, оны өзге тәрбие нысандарымен байланыстыра отырып, оқушылардың құқықтық санасын Қалыптастыруда, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда қолдану басты іс болып табылады.

Нарықтық экономикаға өтуге байланысты жаңа заман қажеттілігіне сай Қазіргі ақпараттық және жаңа технологиялық жаңалықтарды өз бойына жинаған, жоғары білімді оқушылар даярлау ісі құқықтық білім беру және құқыктық тәрбиемен ұштасып жатыр.

Сондықтан да қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары білімді оқушылар тәрбиелеу және қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік манызды шаралардың қатарында тұр. Жас, тәуелсіз мемлекетіміздің алдында ертеңгі күні айқын, мәдениетті және тәрбиелі ұрпақты қалыптастыру міндеті тұр.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ел қоғамына саяси-әлеуметтік үлкен өзгерістер әкелді. Еліміз Кеңестік саясат шырмауынан құтылып, жаңа саясатқа бет алды. Қазақстан азаматтық қоғам құру жолына түсті. Осындай өтпелі кезеңде көптеген мәселелер алға шықты. Соның ішіндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде Қазақстандағы құқықтық жүйедегі өзгерістер болып отыр. Себебі, талқыға түскен заңдар мен азаматтардың құқықтық қорғалуы және олардың саяси-құқықтық мәдениеті қоғамның үлкен мәселесіне айналып отырғаны анық. Осыған орай, қазір қоғамдық қатынастарды заманға лайық ету, құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен азаматтық қоғам құру бағытында таңдау

[1] Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, -1996,-158 бет.

жасалған кезде құқықтық мәдениет, оның деңгейін жоғарлату кезек күттірмес мәселе болып табылады және оның табысты шешілуі Қазақстандағы мемлекеттік құқықтық құрылыстың тағдырына көп әсерін тигізбек. Ол үшін, ең бірінші азматтар арасындағы Ата заңымызға деген құрметті артыра отырып, азаматтық қоғам құруымыз тиіс.

Дамыған алдыңғы қатарлы елдер қоғамның негізгі қозғаушы күші, бірінің кемшілігін екіншісі толықтырып отыратын қоғамның үш саласын бір-бірімен тығыз байланыста ұстайды. Қоғамның бұл үш тетігі – үкімет, бизнес және үкіметтік (коммерциялық) емес ұйымдар. Үкімет заңның сақталуын қадағаласа, бизнес елдің байлығын арттырып, әл ауқатын жақсартса, ҮЕҰ қоғамның қажеттіліктерін ішнен анықтап, шешуге алғышарт жасайды. Міне осындай тетіктің тістері бүтін болса мемлекет деген үлкен механизмнің жұмысы да дұрыс әрі нәтижелі болмақ.

Ендігі қарастыратынымыз коммерциялық емес ұйымдардың халықтың саяси-құқықтық санасына қаншалықты әсері бар. Әрине әсері мол деуге болады. Коммерциялық емес ұйымдарды басқалар иеленсе бомбаға да айналдырып жіберуге болады. Оған дәлел көрші Украина, Қырғызстан, Грузия елдері. Неге бұл күшті біз тек негативті көзқараспен көруіміз керек? Неге бұл күшті қоғамымыздың пайдалы істеріне жұмсамасқа? Әбден болады.

Ал, бұл жерде менің айтайын деген ойым, халықтың өміріндегі басты мәселерінің бірі өз болашағын, ұрпағының болашағын дұрыс таңдай білу, яғни сайлауға қатысу. Бұл жерде жастарымыз белсенді емес, маргинал деген пікірлерде көптеп кездесіп жатады. Ендеше барлығымыз жабылып осыны шешейік. Бұл жерде менің ұсынысым үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін арттыру, оның ішінде сол жастардың өзінен құралған ҮЕҰ қоладау көрсету, әрине жастар болғандықтар жұмысына басқалардың араласқанын әсіресе үлкендердің араласқанын жақтырмайды. Бар болғаны мәліметтермен қамтамассыз етіп жұмысына септесу. Негізгі мемлекеттік, ұлттық-рухани бағдарынан айрылмаса  болғаны. Сөзімді толығымен бастамастан бұрын қысқаша еліміздің жастар үкіметтік емес ұйымдарының қызметі мен жағдайына қысқаша тоқталып өтсем.

Коммерциялық емес ұйымдар деп жүргеніміз кімдер және олардың қоғамдағы орны қандай.

Кез-келген елде мемлекеттіліктің дамуы қоғамдық  мүдде мен жеке мүдделерге байланысты жүреді. Бұл барлық мемлекеттік құрылымдарға тән құбылыс. Осындай мүдделердің оңды іске асырылуы қоғамдық ауызбіршіліктің негізі. Сол себептен де әр мемлекет ел ішндегі ауызбіршілікті негізгі міндет қылады, тұрғындарының қажеттіліктерін барынша өтеуге ұмтылады. Халықтан да соны талап етуі заңдылық.

Ата заңымызға сай Қазақстан демократиялы-құқықтық мемлекет болып табылады. Осындай құрылымды қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың ғана қызметі емес, сонымен қатар қоғамдық институттардың да мақсатына айналуы тиіс, себебі қандай демократиялы мемлелекттік құрылым қалыптасқанымен, қоғамдық институттар жұмыс істемесе жоғарыдан төмен іріп шіріген номенклатураны туындатады. Қазіргі таңда экономикада икемділік

жойылса банкротқа немесе дағдарысқа әкелері айтпасада белгілі.

Ал, бүгінгі күні өркениетті елге айналу жолында құқықтық мәдениетті сөзсіз көтеру керек. Бұл жолда жоғарыда айтып өткендей ҮЕҰ секторының орны ерекше. Оған дәлел алдыңғы қатарлы елдердің басынан өткерген тарихы. Тіпті көшпелі қазақ қоғамында қоғамдық институттардың рөлі жоғары болды. Сол кездегі қоғамдық институттарға билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, хан кеңесі, ақын жыраулар, тіпті батырларда ханның алдында сөз айтуға құқылы еді. Міне осындай үрдіс кез-келген қоғам мен уақыт ағымында да өз құнын жоғалпайды. Қазіріг таңда ҮЕҰ мемлекеттік органдардың іс-шараларын атқара алатын дәрежеге жеткен. Оған материалдық базалары мен маман кадрларының деңгейі салыстырмалы түрде реттеліңкіреп қалды. Тек, енді азаматтық институттардың толыққанды жұмыс істеуі үшін соған сай құқықтық қатынастар қалыптасуы тиіс.

Қазақстан азаматтық қоғам қалыптастыруда біршама игі істерді атқаруда. Жалпы азаматтық қоғам дегеніміз не? Азаматтық қоғам - белгілі бір елдегі азматтардың мүдделерін жоғары қоятын, саналы қарым-қатынастарды талап ететін өркениетті қоғам. Осындай қоғамды реттеуде үкіметтік емес ұйымдардың маңызы зор. Шет ел тәжірибелерінде дәлденгендей үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттегі негізгі субьектілер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, коммерциялық емес ұйымға мынадай анықтама береді: өз қызметінің мақсаты ретінде табыс табуды көздемейді және табысын қатысушыларына үлестірмейді,- делінген. Коммерциялық емес ұйымдардың қатарына қоғамдық бірлестіктер, қорлар, ассоциялар және пайданы көздемейтін заңды тұлғаларды жатқызамыз. Қоғамдық бірлестік - мүдделері ортақ азаматтардың бірлестігі болып табылады, басқа заңды тұлғалар қоғамдық бірлестіктің құрылтайшысы немесе мүшесі бола алмайды. Қор - жеке және заңды тұлғалардың қоғамға пайдалы мақсаттарына негізделген, қоғамдық бағдарламаларды қаржыландруға тиімді, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйымдар. Сол себеп болды ма, әйтеуір 90-шы жылдардың басында басым болған қоғамдық бірлестіктер, 90-шы жылдардың аяғында азайып, керісінше қорлардың саны күрт өсті. Бұның барлығы өзімізге таныс ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңімен байланысты сана мен істің шиеленісі жағынан ерекше жылдар болды. Бұл өтпелі кезеңнің шаруасы еді.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал сын көтермеген жағдайдың өзінде, осы азаматтық институттар арқылы халық мемлекеттің қатысуынсыз өзін толғандыратын күнделікті мәселелерді шешеді. Әрине, бұл еңбек еркіндігімен байланысты. Ол, қоғамда демократия деген атпен орнықты.

Демократиялық қатынастар өз орнымен дамыса, сол елде өзіне қатысты мәселерді шешуде орынсыз мемлекетке жүгіне бермейді. Бұл жағдай мемлекетке деген тәуелділіктің алдын алу. Сонда мемлекет тек реттеп қана отыратын институтқа айналады. Бұл қоғамдағы тепе-теңдік, ал тепе-теңдік бар жерде мемлекет қалыпты дамиды.

Біз экономиканы түпкілікті реформалауға көштік. Оның нәтижесі қазіргі еліміздің экономикалық жағдайындағы оңды өзгерістер. Үкіметтік емес

ұйымдар белгілі бір дәрежеде қоғамның ажырамас бөлігіне айналып барады. Қоғамда икемділік байқалды.

Үкімет – «үлгілі» қоғам қалыптастыруда азаматтық институтардың маңыздылығын түсінбей отырған жоқ. Үкіметтік емес ұйымдарға бюджеттен бөлінетін қаржыны жылдан жылға көбейтумен қоса, тіпті негізгі бағыттарын да анықтап беріп отыр. Бағыт-бағдар жасаудың қандай керегі бар деген ойларда туындауы мүмкін. Сырттан қаржыландыру көбейіп кетті, ол қаржыны алғанан кейін шарттарын да қояды. Осы қазақ дұрыс болсын дегендер шамалы. Шарттарының түбінде қанқұйлы идеологиялары жатыр. Оның қаупі, халықты - аққу, шортан һәм шаян кейпіне ұшырату. Бұндай елді тәуелділікке ұшырату да оңай. Қазірдің өзінде бұл жағдай қалыптасып отырма деген ойға қоғамдағы әрекеттердің өзі итермелейді.

Қоғамдағы процесстерді қазір бөліп қарастыра алмайсың, бір-бірімен біте-қайнасып кеткен. Дамыған құқықтық-демократиялы елдерде азаматтық қоғам институттарының ісіне мемлекет араласпайды. Үкіметтік емес ұйымдар алдарына қойылған мақсаттарын өздері шешеді, ешкімге тәуелді емес. Әрине, Қазақстан дамушы ел, соған сай азаматтық қоғам институттары барлық мәселелерді өз еркімен шешуге мүмкіндіктері төмен. Маман кадрлар әлсіз және стратегиялық мақсаттарымыз да анық емес.

Бұл жерде мемлекеттің мақсаты азаматтық қоғам институттарының толыққанды жұмыс істеуі үшін барлық мүмкіндіктерді жасау және оларды қоғамға қажетті істерге бағыттау. Коммерциялық емес ұйымдардың мақсаты, сол көмекті дұрс іске асыра білу.

Заңдардың дұрыс орындалуы үшін санкциялардың мөлшерін көбейту керек. Бұндай жағдайда арнайы органдарда құрылмақ. Дегенмен, бұндай әрекеттер өзін ақтамай жатыр. Құқық бұзушылық азаймады, парақорлық пен заңсыз әрекеттер өрши түсті. Себебі, адамдардың бойында заңдылық құндылықтарға деген құрметтің төмендігі, ол тек ар-ожданды тәрбиелеу негізінде ғана қалпына келеді. Оны алыстан іздеудің қажеті жоқ, бұның брлығыаталарымыздың қалдырып кеткен өсиет сөздерінде: «Ер жігіт – зор бәйтерек, халық – шалқар көл, бәйтерек айналасына көлеңке берер, көл-тіршілікке жан берер. Бәйтерек құласа  орнына бәйтерек өсер, көл суалса арнасы қайтып толар?»,- ер жігіттің қамынан елінің қамын жоғары қойған Бұхар жырау.

Азаматтық қоғам институттарының атқаратын қызметтері ешкімге тәуелді болмай, заңның шеңберінде жұмыс атқаруы өркениеттіліктің белгісі. Мақсат-міндеттерге ғана сүйенбей стратегиялық мүдделері бар стратегиялық институттарға айналуы тиіс. Яғни, жеке бас құндылықтарына негізделмей қоғамға негізделуі әлдеқайда тиімді, стратегиялық жағынан да маңызды. Олардың жеңісі, белгілі бір топтың емес ұлттың жеңісіне  пара-пар болады.

## 2.2 Қала және ауылдағы жастардың құқықтық санасының қалыптасу ерекшеліктері мен оған ықпал ететін факторлар

Жастардың құқықтық мәдениетінің бірден-бір негізгі компонентерінің бірі -олардың құқықтық санасы болып табылады. Құқықтық сана жалпы құқықтық мәдениеттің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Құқықтық сана дегеніміз -қоғамда кең етек жайған адамдардың құқықтық құбылыстарға қатысты сезімдерін, көзқарастарын, ой-пікірлерін білдіретін қоғамдық сананың бір түрі болып саналады. Құқықтық сананы белгілі ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраева былай тұжырымдайды: «Құқықтық сана - Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдердің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі"[1]. Біз бұл жерде жалпы құқықтық сананы қарамайтын болғандықтан, құқықтык сананың теориялық қырларына тереңдемейміз. Тек жастардың құқықтық санасының қалыптасу ерекшеліктері және оның қоғамның дамуына тигізетін әсері қырынан сөз етеміз.

Жастардың құқықтық санасы заң шығару үрдісіне, құқық қорғау органдарының қызметіне т.б. жағдайларға әсер етпей қоймайды. Керісінше жоғарыда аталған жағдайларда жастардың құқықтық санасының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

Жастардың құқықтық санасының ерекшеліктеріне көңіл бөлгенде, біз бір жағдайды ескеруіміз қажет сияқты. Ол, біздің ойымызша, жастардың әр алуан топтарының әлеуметтік, құқықтық т.б. жағдайлары. Аталған жағдайларға байланысты қоғамдағы жастарды әртүрлі топтарға жіктеуге болады. Мәселен, жастардың ерекшеліктеріне байланысты: балалар (14-ке дейінгілер); жасөспірімдер (14-18 жасқа дейінгілер); кәмелет жасынан кейінгілер (18 жастан асқандар). Тұрақты жерлеріне қарай жастар ауыл жастары және қала жастары болып бөлінеді. Білім денгейлеріне қарай: орта білімді, арнайы орта білімді, жоғары білімді деп ажыратылады. Әртүрлі қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың мүшелігіндегі және ондай іспен айналыспайтын да жастарды бөліп қарауға болады. Жастардың құқықтық санасының қалыптасуын зерттеуде көрсетілген жіктеулердің маңызы ерекше.

Осы бағытта көптеген жылдар бойы үздіксіз айналысқан В.В. Оксамытный төмендегідей салмақты пікір білдіреді: "Исследования правосознания различных категорий молодежи позволяют, в частности, с большей мерой обоснованности выбирать определенные средства, методы и формы воспитательной работы, исходя из различных характеристик воспитуемых; они дают возможность своевременно организовывать работу в нужном направлении, выбрать действенные подходы и приемы исправления возможных анамалий в правовом сознании молодых людей; и наконец, использование их обобщенных данных, обоснованных предложений ведет к

[1] Сапаргалиев Ғ.С., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. -Алматы: Жеті Жарғы, 1997. -45 б.

повышению эффективности правовоспитательного процесса"[1]. Шын мәнінде мектеп қабырғасындағы 15-16 жасар жасөспірім мен жоғары оқу орнын бітірген 29-30 жастар шамасындағы жастардың құқықтық санасының үлкен айырмашылығы болатындығы белгілі. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру бағытында жүргізілетің тәрбие мен басқа да ықпал етулерді қолдану барысында көрсетілген жастар категорияларының ерекшеліктеріне, әрбір нақты жағдайды ескере отырып келу керек. Бұл жастардың құқықтық санасын жоғары деңгейге өте тиімді көтеруге мүмкіндіктер тудыратын бірден-бір дұрыс қадам болып табылады. Сонымен қатар, әрбір категорияның ерекшелігін ескеру дер кезінде орынды әдісті таңдауға да бағыт көрсетеді.

Жастардың құқықтық санасының қалыптасуына және дамуына өте күрделі факторлар жүйесі әсер етеді. Жұмысшы жастардың құқықтық санасының қалыптасуына әсер ететін факторларды зерттеуші С.А. Батова ондай факторларға төмендегілерді жатқызады: "Социально-экономические условия, общественно-политическая обстановка, идеологическая деятельность, система юридической практики, микросреда, включенность молодого человека в социальную деятельность, личностные социально-значимые свойства, демографические особенности и, конечно, идейно-воспитательная работа, в которой участвует целый ряд государственных учреждений, учебных заведений и общественных организаций"[2].

Жоғарыда көрсетілген факторлардың жастардың құқықтық санасына әсер ететіндігін мойындай отырып, біз жастардың құқықтық санасының қалыптасу үрдісінде мынандай элементтерге ерекше мән берген болар едік:

- құқықтық білім;
- құқық туралы түсінік;
- қолданыстағы құқыққа қатысты көзқарас;
- күқыққа қойылатын шарт (талап);
- құқықтық талапты орындауға қатысты ой-пікір.

Жастардың құқықтық санасының көрсетілген элементтері бірімен - бірі өте тығыз байланысты және біріне-бірі тәуелді болып келеді. Әйтсе де, бұлар жастардың құқықтық санасында өзіндік қызметтері бар түрлі элементтер болып табылады. Бұл жағдайды жастарға құқықтық тәрбие беру барысында ескеру керек.

Құқықтық білім немесе құқық туралы білім адамның тікелей құқықтық нормаларда көрсетілген актілерді оқып танысуы, нормативтік актінің мәтінін оқу, радио арқылы есту т.б. барысында немесе онымен жаналамай басқа жақтардың қатысуы арқылы (мысалы: біреулердің айтуы арқылы, өмірлік жағдайларда нақты кездесетін құқықтық актімен танысу) жүзеге асады.

Бұл екі әдіс бірін-бірі толықтырып отырады. Заңның немесе басқа да нормативтік актінің мазмұнын заңгер емес адамдар белгілі жеңіл әдістер арқылы игере алады. Мұндай жағдайда оны түсіндіруші кім екендігі маңызды

---

[1] Оксамытный В.В. Социально-правовые исследования уровня правосознания молодежи. - Киев: Знание, 1982. - 189 с.

[2] Батова С.А. Правовое сознание рабочей молодежи и основные факторыего формирования: Дис.: канд. юрид. наук. - М., 1989. - 145 с.

рөл атқарады. Оның құқық туралы ақпараты қаншалықты білікті, толық және шынайы екендігінің орны ерекше. Бұл құқықтық ақпаратты еркін игеруге, терең түсінуге ықпал етеді. Осы жерде біз республикамызда жастардың өздерінің мүдделерін қорғайтын заңдарды білу деңгейлеріне көңіл бөліп көрелік: "Республикалық әлеуметтік сауалнама қортындылары бойынша жас жігіттер мен қыздардың 13,8 пайызы ғана өз құқықтары мен мүдделерін қоргауды қамтамасыз ететін заңдарды біледі. Қайта ересек жастағы жастар топтары өз .хабардарлығының мұнан екі есе жоғары екендігін көрсетті. Білім деңгейі жоғарлаған сайын заңдарды білу деңгейі де жоғары (2,9 пайыз толық емес орта білімдіден, 22,7 пайыз жоғары білімдіге дейін)"[1]. Келтірілген мәлімет көңіл қуантарлық емес. Бірақ бір заңдылықтың барлығы байқалады. Ол жастардың білімі неғұрлым жоғары болған сайын заңдар туралы (өздерінің мүдделеріне қатысты) білімі де жоғарылай түседі. Қазақстандық жастардың еңбек, білім, денсаулық сақтау, демалысқа қатысты құқықтық білімдері төмен екен. Жалпы құқықтық сананың құрылымында құқықтық білімнің маңызды орны бар. Оны өзінің зерттеу жұмыстарының бірінде Л.А. Сахипова: "В структуре правосознания правовые знания занимают едва ли не определяющее место, они представляют собой необходимый фундамент его дальнейшего развития и совершенствования. Лишь при наличии определенного запаса правовой информаций, в сознании субъекта возможны возникновения оценочных суждений, а затем стойких, глубоких правовых убеждений"[2] дейді.

Жастардың құқықтық санасын қалыптастыруда құқықтық білімнің орны ерекше екендігіне біздің көзіміз жетуде. Сондықтан да жастардың құқықтық білімін көтеру үшін оларды әртүрлі көздер арқылы құқықтық ақпараттармен қамтамасыз етіп отыру қажет. "Қазақстан жастары" бағдарламасында жастарды ақпаратпен қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік тапсырыс ауқымында бұқаралық ақпарат құралдарында жастар тақырыбына арналған тұрақты айдарлар, телерадио хабарларын ашу, жастардың проблемалық мәселелері бойынша баспасөз маслихаттарын, тақырыптық дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізу көзделген еді. Арнайы жастарға қатысты, олардың құқықтары мен бостандықтарын сөз ететін қызықты бағдарлама қажет. Оны еліміздің барлық жастарына жеткізу үшін орыс және қазақ тілдерінде ұйымдастырған жөн болар еді. Қоғамның барлық саласын қамтитын немесе жастар көретін бағдарламаларға ақпараттық-танымдық, жарнамалық т.б. енуі тиіс.

Кеңес Одағының құлағанына міне 24 жыл болды. Содан бері Қазақстан халқының құқықтық санасында қандай өзгерістер орын алды 70 жыл бойы адамдардың бүкіл өмірін, ой-өрісін,құқығын өз құрсауында ұстаған Кеңес Одағының арауы Қазақстандықтардың санасына қаншалықты ықпал етті Қазақстан жастары өз құқықтарын қорғай алу деңгейін анықтау бұл зерттеудің басты мақсаттарының бірі. Қазіргі жаһандану заманында Қазақстан

[1] Казахстан Республикасы. Қазақстан жастары бағдарламасы туралы Казахстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы №249 қаулысы //ИС Параграф

[2] Сахипова Л.А. Проблемы формирования правосознания субъектовпедагогических вузов: Дис. канд. юрид. наук. - Алма-Ата, 1989. 133с.

жастарының құқықтық біліктілігі әлемдік деңгейге сай ма?

Жергілікті жердегі жастардың құқықтык білім деңгейін тану бағытында арнайы өзіндік сауаланама жүргізілді.

Саулнама жүргізудегі мақсат облыс жастарының, құқықтық мәдениетін анықтау, және соған қатысты туындайтын мәселердің себептері мен одан шығу жолдарын білу.

Зерттеу объектісі ретінде Шығыс Қазақстанның екі бас қаласы Семей және Өскемен, сонымен бірге төрт ірі аудан Абай, Жарма, Көкпекті, Бородулиха алынды. Бұның себебі аталған аймақтардағы қазақ және орыс халқының біріңғай қоныс тебуі болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы жастарының құқықтық сауаттылық дәрежесін анықтауда 14-25 жас аралығындағы жастар арасында әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. Сауалнамадан басқа әңгіме, дөңгелек үстел, конференциялар арқылы жұмыстар жүргізілді. Жастардың біліміне және жинаған құқықтық тәжірибесіне байланысты олардың 5 категориясы алынды: мектеп оқушылары, колледж және техникалық оқу орындарының оқушылары, студенттер, жоғары білім алған қызметтегі тұлғалар және ауыл жастары.

Зерттеу сауалнама арқылы Ғace-to-Ғace (құпия) әдісімен қала және ауыл жастары арасына таратылды. Барлығын есептегенде сауалнамаға 800 адам қатысты, жастардың жас мөлшері орта есеппен алғанда 17-25 жас аралығында.

Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтыры мен міндеттерін білу болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі - мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

Бұл заңға байланысты сауаттылығын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Жастар құқықтық мемлекетте құқықтық құбылыстарды өз бетінше шеше білуге тиіс.

1-кесте - Жастардың өздерінің құқықтық білімдеріне баға беруі

| **Қазіргі жастардың құқықтық сауаттылығының деңгейі?** | **Жоғары деп жауап бергендер** | **Орташа деп жауап бергендер** | **Төмен деп жауап бергендер** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 41,4% | 28,1% | 31,5% |
| Өскемен қаласы жастары | 61,3% | 24,1% | 15,6% |
| Жарма ауданы жастары | 38,4% | 46,1% | 16,5% |
| Бородулиха ауданы жастары | 37,4% | 25,1% | 28,5% |
| Абай ауданы жастары | 22,4% | 35,1% | 43,5% |
| Көкпекті ауданы жастары | 46,3% | 32,2% | 35,5% |

1-кесте бойынша байқағанымыздай жастардың құқықтық сауатылығын

анықтауда қала тұрғындары жоғары деңгейді көрсетті. Әрине бұл қоғамдағы процестер сауатты болуға итермелейді. Аудандар бойынша орыстанған жерлер, яғни Бородулиха мен Көкпекті жастардың сауаттылығы жөнінен қазақи жерлерден жоғары көрсеткішті көрсетті.

2-кесте Жастардың құқықтарының қорғалу деңгейі

| **Қазіргі жастардың құқықтарының қорғалу деңгейі?** | **Жоғары деп жауап бергендер** | **Орташа деп жауап бергендер** | **Төмен деп жауап бергендер** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 49,1% | 16,7% | 35,2% |
| Өскемен қаласы жастары | 56,1% | 32,3% | 12,2% |
| Жарма ауданы жастары | 51,2% | 29,7% | 30,1% |
| Бородулиха ауданы жастары | 37,4% | 25,1% | 28,5% |
| Абай ауданы жастары | 36,3% | 47,2% | 17,5% |
| Көкпекті ауданы жастары | 54,1% | 32,2% | 35,5% |

2-кесте көрсеткішінде мөлшермен респонденттердің үштен бірі құқықтары төмен екендігін білдірді. Бұндай көрсеткіш қоғамдағы сенімсіздік пен қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін.

3-кесте Толғандыратын мәселелрі бойынша әрекеттері

| **Сізді толғандырып жүрген мәселе шешімін таппай жатса сіз не істейсіз?** | **Барлық әдістерді қолданып өз дегеніме жетуге** | **Қолымнан келгенше заң жүзінде шешу-ге** | |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 64,8% | 36,2% | |
| Өскемен қаласы жастары | 36,6% | 63,4% | |
| Жарма ауданы жастары | 53,6% | 47,4% | |
| Бородулиха ауданы жастары | 61,8% | 39,2% | |
| Абай ауданы жастары | 77,9% | 23,1% | |
| Көкпекті ауданы жастары | 69,8% | 41,2% | |

Белгілі бір туындаған мәселелр бойынша заңға жүгінуге жастардың көбі тырыспайды, өздігінен шешімін тапқанды дұрыс санайды. Мұнда заңға жүгінушілік бойынша жартысынан астамы «иә» деп жауап берген өскемен қаласы болды. Бір өкіністісі Семей қаласы жастары төмен көрсеткіш берді.

4-кесте Құқық туралы ақпарат көздерін пайдалану

| **Құқық туралы ақпаратты қайдан аласыз?** | **Ғылыми-құқықтық әдебиеттерден** | **Газеттер және журналдығы басылымдар** | **Көгілдір экран мен радио хабарлардан** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Семей қаласы жастары | 18,3% | 31,4% | 51,3% |
| Өскемен қаласы жастары | 20,3% | 38,1% | 42,6% |
| Жарма ауданы жастары | 23,4% | 21,1% | 56,5% |
| Бородулиха ауданы жастары | 24,3% | 35,4% | 56,3% |
| Абай ауданы жастары | 49,1% | 16,7% | 35,2% |
| Көкпекті ауданы жастары | 25,3% | 36,4% | 55,3% |

Бұл кестеде сұралғандардың заң туралы әдебиеттерді жүйелі түрде оқитындардың әлі де болса аз екендігі көрініп тұр. Қалада да, ауылда да жастар көгілдір экранды көп көріп, мәліметті содан алады. Ендеше біздің болашақ құқықтық мәдениетті арттыруға байланысты шараларымыз ТВ бағытталуы керек. Бұл көрсеткіштер бәрімізді ойландыратын жағдай.

5 кесте - Жастардың күнделікті түрмыста өз құқықтық білім дәрежесін колдану мүмкіндігі туралы мәлімет

| **Құқық туралы ақпаратты қайдан аласыз?** | **Өзімді құқықтық сауатты деп санаймын** | **Жоқ әлі де болса білімімді жетілдіруім** | **Жауап беруге қиналамын** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Семей қаласы жастары | 21,4% | 57,1% | 23,5% |
| Өскемен қаласы жастары | 34,4% | 49,1% | 17,5% |
| Жарма ауданы жастары | 28,3% | 57% | 15,7% |
| Бородулиха ауданы жастары | 24,4% | 52,1% | 26,5% |
| Абай ауданы жастары | 32,1% | 46,1% | 28,8% |
| Көкпекті ауданы жастары | 24,4% | 59,1% | 26,5% |

6 кесте – Заңды бұзу немесе бұзбау туралы мәлімет

| Заң бұзуға тура келетін жағдай болса сіз не істер едіңіз? | Ойланбастан бұзар едім | Ешқашан бұзбас едім | Жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 34,6% | 46,4% | 20% |
| Өскемен қаласы жастары | 22,6% | 59,3% | 19,1% |
| Жарма ауданы жастары | 22,3% | 51,4% | 27% |
| Бородулиха ауданы жастары | 32,6% | 40,4% | 23% |
| Абай ауданы жастары | 65,6% | 31,1% | 5% |
| Көкпекті ауданы жастары | 39,6% | 50,4% | 24% |

7 кесте – Заңды бұзу себептері туралы мәлімет

| Заң бұзуға тура келетін жағдай болса сіз не істер едіңіз? | Ойланбастан бұзар едім | Ешқашан бұзбас едім | Жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 38,5% | 51,2% | 11,3% |
| Өскемен қаласы жастары | 29,3% | 66,2% | 5,5% |
| Жарма ауданы жастары | 27,4% | 48,1% | 25,5% |
| Бородулиха ауданы жастары | 34,5% | 48,2% | 15,3% |
| Абай ауданы жастары | 44,5% | 33,2% | 23,3% |
| Көкпекті ауданы жастары | 41,5% | 55,2% | 19,3% |

8 кесте – Құқықтарының бұзылуы туралы мәлімет

| Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайлар болды ма? | Болды | Болды бірақ, мән бермедім | Болған жоқ |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 29,2% | 43,2% | 28,6% |
| Өскемен қаласы жастары | 19,3% | 23,2% | 58,5% |
| Жарма ауданы жастары | 24,6% | 18,2% | 58,2% |
| Бородулиха ауданы жастары | 24,2% | 49,2% | 25,6% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Абай ауданы жастары | 29,2% | 53,2% | 18,1% |
| Көкпекті ауданы жастары | 34,2% | 47,2% | 32,6% |

9 кесте – Қазақстан құқықтық жүйесінде толғандыратын мәселе туралы мәлімет

| **ҚР-ның құқықтық жүйенсінде Сізді көп ойландыратын мәселе?** | **Коррупция** | **Мораль принциптері-нің болмауы** | **Сауатсыздық** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 36,2% | 48,6% | 16,2% |
| Өскемен қаласы жастары | 45,4% | 43,6% | 12% |
| Жарма ауданы жастары | 47,3% | 37,6% | 16,2% |
| Бородулиха ауданы жастары | 39,2% | 43,6% | 21,2% |
| Абай ауданы жастары | 20,2% | 42,6% | 38,2% |
| Көкпекті ауданы жастары | 34,2% | 40,6% | 19,2% |

Осы кесте бойынша ауыл жастары мен қала жастары да бірдей дәрежеде коррупция мен мораль құндылықтарының төмендігі толғандырады. Дегенмен сауатсыздықты да жоққа шығармайды, тіптен бұл көрсеткіш Абай ауданында қырық пайызға барып жығылады.

10 кесте – Еліміздегі құқықтық жүйесіне қанағаттану мәселесі туралы мәлімет

| **Біздің еліміздің құқықтық жүйесіне көңіліңіз тола ма?** | **Иә** | **Жоқ** | **Жауап беруге қиналамын** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Семей қаласы жастары | 17,3% | 38,4% | 45,3% |
| Өскемен қаласы жастары | 17,3% | 35,4% | 40,3% |
| Жарма ауданы жастары | 25,1% | 28,4% | 47,5% |
| Бородулиха ауданы жастары | 29,3% | 32,4% | 41,3% |
| Абай ауданы жастары | 52,1% | 19,4% | 29,5% |
| Көкпекті ауданы жастары | 21,3% | 42,4% | 39,3% |

Нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың жауабында екіжақтылық байқалады. Бұл әрине респонденттердің құрамының әртүрлілігімен

түсіндіріледі. Егер Өскемен жастары өз бастарында туындаған қиындықтарды барынша заң жүзінде шешуге тырысатыны байқалады. Ал Семей жастары көбінесе өз дегендеріне жету үшін ешқандай да әдіс-тәсілдерден тайнбайтыны анықталады. Сонымен бірге қала және ауыл жастарының арасындағы құқықтық біліктіліктегі айырмашылықты байқауға болады. Көп жағдайда ауыл жастары өз құқықтырын қорғауды жөн деп самайды, немесе мән бермейді.

Жастардың құқықтық санасының өзіндік ерекшеліктерін зерттей келіп, біздің байқағанымыз, олардың оғаш қылық жасауы заң талаптарын, құқық негіздерін білмегендігі немесе одан бейхабар екендігінен.

Құқықтық сауатсыздықты жою қоғамның құқықтык негізін, демократиялық заңдылықты жэне құқық тэртібін одан эрі нығайтудың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданып отырған бүкіл заңдарды әрбір жас азамат білуге тиіс.

Құқық туралы білім басқа да факторлармен қатар құқық туралы түсінікті қалыптастырады. Қарапайым түрғыда бұл ненің құқыққа сай, ненің құқыққа қарсы екендігін ажырату мүмкіндігі. Құқық туралы түсініктің және оған сәйкес ұғымның қалыптасуы моральдық, саяси, экономикалық т.б. талаптардың негізінде орнығады.

Құқық туралы түсініктің қалыптасуына жалпы құқықтық қағидаларды, заңдардың жалпы талаптарын білу де септігін тигізеді. Мысалы, жастарға еңбек заңдарында қарастырылған жеңілдіктер жалпы белгілі. Осының негізінде оларда жасөспірімдерді ауыр еңбекте пайдаланбау, жұмыс уақытының ұзақтығына қатысты жеңілдіктер т.б. туралы түсініктер пайда болды. Бірақ жасөспірімдер бұл мэселелерді реттейтін нақты нормаларды, заң баптарын білмеуі мүмкін.

Құқықтық білім, оның негізінде орныққан құқық туралы түсінік жалпы қоғамда бірге, қатар эрекет етеді. Екеуі ықпалдаса отырып жастардың құқыққа қарсы әрекет пен құқыққа сай әрекеттің ара-жігін ажыратуларына мүмкіндік береді. Құқық туралы түсініктің қалыптасуында өмірлік тэжірибесінің тигізетін эсері зор. Ол туралы А.И. Долгова былай дейді: «Жизненный опыт является важным источником представлений о праве. Молодые люди дают оценки наблюдаемым им правовым фактам не только с позиции самого права и текста закона, но и с позиции практики его применения. Если такая практика расходится с тем, что записано в праве, у молодых людей может создаться впечатление о формальности правовых предписаний (мол, "закон - одно, а жизнь - другое"). Исследование показывают, что чем выше возраст и образование молодых людей, тем большей мерой они сверяют известное им из уроков, лекций, бесед с фактами из жизни"[1] деп, жастардың құқық туралы түсініктерінің орнығуындағы өмірлік жинаған тәжірибе мен күнделікті өмір ағымының қаншалықты маңызды екендігін тілге орынды тиек етеді.

Құқықтық сананың екі элементіне қолданыстағы құқыққа қатысты көзқарасты және құқыққа қойылатын шарт немесе талапты жатқызуға болады. Құқықтық сананың аталған элементтерінің қалыптасуына құқықтық,

[1] Ибраева А.С. Правовая культура Казахстана: Проблемы формирования, факторы развития. Алматы, -2004.

моральдық, саяси т.б нормаларлармен әлеуметтік тэжірибе негіз болады. Құқықтық сананың бұл элементтері жеке дара элементтерге жатады. Қолданыстагы құқыққа қатысты көзқарастар негізінен дүрыс немесе бұрыс көзқарас ретінде көрінеді. Қолданыстағы құқықты жастардың бағалауына құқық нормаларының қоғам өмірінде тиімді қызмет атқаруы, оны мемлекеттік немесе басқа да күрылымдардың сақтауы, орындау деңгейі өз ықпалын тигізеді. Осыған қарап жастар қолданыстағы күқық туралы өздерінің көзқарастарын тұжырымдайды. Жастар өздерінің құқықтық білімі деңгейлеріне қарай күқыққа әр түрлі талаптар қоюлары мүмкін.

Бір ескертетін жағдай, жастардың құқыққа қоятын талаптары, біздің ойымызша, қазіргі еліміздің даму деңгейін жэне болашақ бағыты тұрғысынан пайымдауы қажет. Қазақстан Республикасы болашақта демократиялық, күқықтық, әлеуметтік мемлекет орнықтыруды мүрат етеді. Жастардың да құқыққа қатысты талаптары биік армандармен астасуы қажет. Қазақстандықтар арасында демократияны қабылдауға қатысты мынандай мәліметтер бар: "У молодых значительно выше доля тех, кто отдает предпочтение свободе духа и демократии, как форме правления.... Учащиеся (как правило молодежь) в два раза выше оценивают такие определения демократии, как свобода духа и форма правления, чем пенсионеры, люди старшего поколения"[1]. Көріп отырғанымыздай, Қазақстан жастары үшін демократия еркіндіктің рухани самғауы деее болатындай. Ал демократияның қанат жайып көркеюінің басты кепілі - құқықтық мәдениеттің жан-жақты дами түсуі. Демократия дегеніміз - шексіз де, шетсіз еркіндік немесе эркімнің ойына келгенін істеуі емес, ол - белгілі дәрежеде заңмен реттеліп отыратын қоғамдық белсенділіктің нысаны.

Жастардың ортасында құқықтық норманың талабын орындауға қатысты екі бағыт қалыптасуы мүмкін. Біріншіден, жасөспірім күқық талабын орындауды іштей қаламауы мүмкін, бірақ орындайды. Әрине, бұл жерде жастың күқық талабын орындауға қатысты ешқандай белсенділігі танылмайды. Ал екінші жағдайда оны орындаушы жас құқық талабының мәнін терең түсінеді және оған құрметпен қарайды. Сондықтан да өте бір ілтипатпен беріліп орындайды.

Жастардың құқықтық санасының қалыптасуына әртүрлі факторлардың әсер ететіндігін біз жоғарыда сөз еттік. Олардың ішінде ерекше тоқталып өтуді қажет ететіндері, біздің ойымызша, жастардың қазіргі елімІздегі саясатқа, реформаға, билІк басындағыларға сенімі қандай және діни ұстамдары қандай деген мэселелер. Себебі, аталған факторлар жалпы құқықтық сананың дұрыс қалыптасуын, оның жоғарғы құқықтық мәдениетпен ұштасуына үлкен ықпал етеді. Елін, жерін, оның басқарушы тұлғаларына деген құрмет жас тұлғаның бойында тұрақты ой-тұжырым сезімін ұялатады. Сондықтан да біз жастардың аталған жағдайларға қатысты көзқарастары мен ой-пікірлерін білуді және оның себептерін ашып көрсетуді жөн санадық.

Әлеуметтанушылар жүргізіп тұратын сауалнамалардың бірінде елімізде

---

[1] Сахипова Л.А. Проблемы формирования правосознания субъектовпедагогических вузов: Дис. канд. юрид. наук. - Алма-Ата, 1989. 133с.

жүргізіліп жатқан реформаларды жастардың ішінде де үлкен үміт күттіретін топтарының бірі - студенттер 28,2 пайызға[1] негативті қырынан бағаланған көрінеді.

"Қазақстан жастары - 2000: жағдайы, тенденциялары, болашағы" атты мемлекеттік баяндаманың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Қазақстан жастарының 28,7 пайызы тұрақты түрде саясатты қадағалап отырады. Ал 44,4 пайызы болса, қоғамдағы саяси жағдайды кездейсоқ оқиғалар желісінен біліп отырады. Жастардың бұл топтары үшін еліміздегі саяси хал-ахуал мүлдем маңызды шаруа болып табылмайды. Әрине, жастар арасындағы бұндай енжарлықты жастар жағдайының өздері сезінетін деңгейінде жақсара қоймауынан. Сонда да болса жоғарыда да айтып өткендей, жастардың арасында еліміздегі демократиялық бағытты қолдайтындар саны өте басым. Қазақстандық жастардың 21,8 пайызы еліміздің кең етек жайған, жеке меншік пен кәсіпкерлікке, азаматтарды жоғары деңгейде элеуметтік тұрғыда қорғайтын капиталистік мемлекеттің жолымен жүруін қалайды. Жастардың 20,5 пайызы мемлекеттік реттеу мен нарық қатынастарының үйлесімді арасалмақты өсуін қалайды. Шын мэнінде, бұл өте қуантарлық жағдай деп есептеуге болады. Себебі, бүгінгі жастар еліміздің ертеңгі мемлекет басында отыратын, өндірісті басқаратын тұлғалар. Бұл Қазақстан Республикасының ашық нарықтық қатынастарға негізделген даму мүмкіндігі жоғары мемлекеттік бағытқа түсуіне толық жол аша алады.

Қазақстандық жастардың қазіргі еліміздің саяси элитасына қатысты көзқарастары да ерекше. Оны жоғарыда сөз етіп отырған мемлекеттік баяндамада келтірілген мына төмендегі тізбеден толық көруге болады[2]:

Таблица 7 - Доверяете ли Вы государственым органам? %

| **Го суд а р ств ен н ы е органы** | **Полностью** | **Частично** | **Не доверяю** | **Затрудняюсь ответить** |
|---|---|---|---|---|
| Президент РК | 23,7 | **41,2** | **17** | 10,6 |
| Правительств | **12,4** | 42,2 | 28,7 | **12,1** |
| Парламент РК | **11,4** | 38,9 | 29,4 | 15,4 |
| Аким области | 18,7 | 38,9 | 23,3 | 14,1 |
| Аким района | **18,4** | **35,4** | **26** | 15,2 |
| Областной маслихат | **10** | **31** | 29,7 | 23,9 |

Қазақстан жастарының басым көпшілігі Республика Президентіне сенетіндерін көрсетіп отыр. Сонымен қатар қазақстандық жастардың 30,9 пайызы еліміздегі үлттар мен ұлыстардың арасындағы қатынастарды достыққа негізделген қатынастар ретінде бағалайды. Жастардың 55,9 пайызы болса, оны өте түрақтъ*, тыныштықтағы қатынастар деп санайды. Тек 1,7 пайызы ғана оны қақтығыстағы қатынастар ретінде бағалап отыр.

Дін, саясат қай қоғамда болмасын маңызды рөл ойнағанына тарих куэ.

[1] Шайкенова А.Т. Отношение казахстанцев к реформам в условиях современной политической обстановки // Саясат. - 2001. -№ 3 - С.50-51.

[2] Шайкенова А.Т. Отношение казахстанцев к реформам в условиях современной политической обстановки // Саясат. - 2001. -№ 3 - С.50-51.

Сондықтан да еліміздің жастарының құқықтық санасының орынды, дұрыс бағытта қалыптасуында олардың атқаратын рөлі күшті. Сондықтан мемлекеттік тұрғыда қазақстандық жастардың имандылыққа шақыратын, діни татулықты уағыздайтын мемлекеттік шараларды жүзеге асырып отыру керек. Жастардың санасы - өте тұрақсыз, себебі ол қалыптасу процесін бастан өткізіп отырған сана. Бұл бізбен аталған бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын бір сэтке де болса, тоқтатуға болмайтандығын көрсетеді.

Жастардың ішінде *кэмелетке толмагандардыц* құқықтық санасы өзіндік көңіл бөлуді қажет етеді. Жастардьщ құқықтық санасының қалыптасуына ата-анасының, туған туыстары мен мектеп үлкен ықпал етеді. Кәмелетке толмаған жастардың арасында ата-аналары мен жақындарының істеген әрекеттері, көрсеткен қылықтары өзінің көрінісін қалайда болмасын табады.

Жастардың тағы да бір категориясы - *ауыл жастары.* Ауыл - қазақтың қазақтығының алтын бесігі. Бүгінгі таңда ауыл жастары өте ауыр күй кешуде. Ауылдағы жүмыссыздық, жастардың бос уақытын өткізуге қатысты мәдени шаралардың келмеске кетуі - ауыл жастарын теріс жолдарға итермелеуге себепші болуда. Ауыл жасының бойынан көп жағдайда біз қазір ұмыт болуға айналып бара жатқан үлкенді сыйлау, кіпііге құрмет сияқты озық ұстанымдарды көре аламыз. Ауыл жасы қанша дегенмен үлкеннің сөзімен өскен. Ағайынгершілік, имандылық көбіне-көп осы ауыл жасының бойынан табылып жатқандығы өтірік емес. Осы уақытқа дейін ауыл жастарының азғындап тозуына ауыл ақсақалдары мен қазақи дэстүрді сақтаған ата-аналарымыз еңбек сіңірді.. Бүгінгі таңда ауыл жасына көңіл бөлетін, бет бұратын уақыт жеткендей. Жұмыссыздықтан ауыл жастары қалаға ағылып, көптеген қылмыстық әрекеттерге ұрынуда. Бұл қазір тенденциялық сипат алуға бет бүруда. Енбеккорлыққа баулу туралы қазақтың белгілі ойшылы Шәкарім Құдайбердиевте кезінде айтып өткен болатың: «Адам мен азаматқа сэби кезінен енбекқорлыққа үйрету тағылымы кэзірігі кездеде өзінің көкейкестілігін жойған емес»[1].

Сондықтан да ауыл жастарының ауылда түрақтандыру үшін мынандай шаралар атқару керек:

- ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешу;
- ауыл жастарының бос уақытын ұтымды өткізу үшін мәдени шаралар ұйымдастыру;
- ауыл жастарының арасында салауатты өмір салтын, ұлттық дэстүрді уағыздайтын кешенді шаралар ұйымдастыру т.б.

Сөз соңында айтарымыз, еліміздің ертеңі жастар десек, олардың дұрыс тәрбие алып, қоғамда өзінің орнын табуына мемлекет тарапынан көмек жасуымыз қажет. Оның жемісін уақыт өте келе көретінімізге кәміл сенуге болады. Барлығына уақыт төреші.

[1] Өзбекұлы С. Казакстанның саяси-құықтыкқ ой-пікір тарихының өзекті мәселелері - Алматы: Білім, 2004. - 128 б.

## 2.3 Жастардың құқықтық мәдениетін жоғарылатудағы мәселелер мен оны шешу жолдары

Құқықтық білім беруді қалыптастыруда жоғары оқу орындары маманның жан-жақты қалыптасуын, құқықтық мәдениеттін дамуын, әлеуметтік және шаруашылық сұрақтарын шешетін, құқық жағынан сауатты болуын талап етеді. Маманның құқықтық сауатылығы құқықтық мемлекеттің саяси жағынан хабардар болу. Бұл міндеттердің шешімі ғылыми-теоретикалық процессті меңгеруде, мемлекеттік құқықтық аспектілер және құқықтық тәртіптегі құқық нормаларын бағалау позициясы. Жоғары оқу орнына сай маманға құқықтық білім беру, маманның құқық нормаларын толық меңгеруі болып табылады. ЖОО құқықтық білім беруде халықаралық – құқықтық аспектілері болуы қажет.

ЖОО құқық курсы осы барлық талаптарға сай болуы керек. ЖОО құқықтық мәліметтерді тереңінен меңгеру үшін спецкурстар ескерілу керек: "Мамандықтық құқықтық сұрақтар, оның өзекті мәселелері". "Ғылыми-техникалық прогрессті құқық жағынан қамтамасыз ету". т.с.с. курс тек дәрістік болмау керек, онда практикалық және семинар сабақтары болуы қажет, "ойын түрінде" компьютерді пайдаланумен және видеотехникамен және әр түрлі формада студенттермен жеке жұмыстар жүргізу. Студенттер құқық курсы бойынша курс юұмыстарын жазу керек.

Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда олардың аудиториядан тыс сабақтарға қатыстыру және өз беттерімен білім алу, әлеуметтік-құқықтық белсенді формаларын дамыту

Оқу мекемелерінде құқықтық білім беруде өздері дайындалатын оқу пәндерімен қамтамасыз ету. Пәнді "Құқық негіздері" деп ұсынылды. Бұл пәннің үш міндеті бар:

1) адамның азаматтылығын қалыптастыру, оның жалпы құқықтық мәдениеті және әлеуметтік белсенділігі;
2) Жастардың арнайы құқықтық білім процесінде таңдап алған қызметіне байланысты дайындалу;
3) Құқықбұзушылықтан сақтандыру

Жастарға құқықтық білім берудегі деңгейі келесі негізгі этаптармен талапқа сай болуы керек;

- бастапқы деңгей (мектепке дейінгі жас, жалпы білім беретін бастауыш сыныптары)
- ортаңғы деңгей (орта мектеп, жалпы білім беретін орта мектеп, кәсіби – техникалық училища, арнайы орта оқу мекемелері)
- Жоғарғы деңгей ( ЖОО, университет факультеттері)

ЖОО құқықтық білім беру мамандарды құқық жүйесімен дайындау институттардың салалары бойынша квалификацияларын жоғарлату, құқық мектептері және т.б.

Жалпы құқықтық педагогикалық теориямен бекітілген жастарға құқықтық білім берудің негізгі мақсаты заңды құрметтеуді қалыптастыру және өмірлік практикада белсенді пайдалана білу. Бұл білім міндеттерден тұрады:

қол жетерлік (жас ерекшеліктеріне байланысты), жүйелілік, практикалық маңыздылығы. Құқықтық білім беруде екіге бөлінеді:

1) жалпы азаматтық құқықтық білімді меңгеру
2) кәсіби қызметіне байланысты, құқықты меңгеру

Біріншісі - жалпы білім беретін орта мектепте шешілсе, екіншісі – кәсіби-техникалық, арнайы орта және ЖОО.

Сондада біріншісі екіншісінің фундаменті негізінде қаланады, өсу барсында толықтырып, құқықтық ситуацияларға негіздеме бере алады.

Жастарға құқықтық білім беру тұжырымдамасы барлық салада құқық жағынан жан жақты дайындалған және педагогикалық кард қатынасында. Бұл мақсатта ЖОО құқық пәндері бойынша оқытушыларды дайындау техникумдарға, университеттердің заң факультеттеріне, оқу-әдістемелік және техникалық және басқа да прогрессивту оқу құралдарын енгізу.

Құқықтық тәрбиелеуді мақсатты түрде оқу бағдарламасына кіргізіп қана қоймай, заң бойынша көмек көрсету орталығын ашу, 70 жылдардағы болған заң қызметі орталығын қайта жандандыру, Ресей оқу орныдарында кездеседі. Мысалы, насихатау қоғамы “Знание” кеңес кезінде жұмыс жасап қызмет көрсетті. Қазіргі уақытта ЖОО білім беру нарығын дұрыс бағалай алмайды, сондықтан ЖОО заң қызметінің рөлі арта түседі. Кейбір ЖОО заң қызметінен бас тартады, мұндай да сұрақ туындайды жауапкершілік немесе қызығушылықпа. Ресей мемлекетінің ЖОО мойындағандай өзінде юрист болуы керек. Әсіресе құқықтық мәдениет деңгейі төменгі сатыда болса.

Заңды қызмет көрсету құзыреттілігіне кіретіндер;

- Заңды бұзбау туралы ескертулер жұмысы;
- ЖОО құқығын қорғау
- Заңды бұзғандармен жұмыс жасау және сотта арыздармен жұмыс жасау, талаптармен қамтамасыз ету;
- Құқықтық дауларды шешу;
- консльтация беру

Құқықтық білім берудегі міндеттерді шешуде орта және жоғары мектептерде жастарға құқықтық білім беру және тәрбиелеу мәселелері құқық пәндері бойынша ғылыми өнделген, жан-жақты теориялық базасы жағынан жабдықталған және әдістемелік білім беру жағынан қамтылғаны қажет.

Кез келген істе табысқа жетудің негізгі кілті - оның мақсатын дұрыс белгілеу. Құқықтық мәдениетті тәрбиелеу негізгі мақсаты -азаматтардың нақты білімдерді игеруі, оны толықтырып отыруға тырысуы, құқықтық тәртіптің дағдысын қалыптастыруы, сонымен қатар, өркениеттің құқықтың мемлекетті қалыптастыруға белсенді араласуға бет алуы.

Мысалы, біздің республикамызды өндірісті көтеруге бағыттылған және өкіметке экономиканың дамуына ықпал ететін тетіктерден қарастыратын көптеген қаулылар шыққан. Мәселен, оны іске асыруда болып отыр. Әлеуметтік мәні бар заңдылық шешімдердің орындалуы үшін екі жағдай болуы қажет:

Біріншіден, заң шығаратын субьектілер өзінің мүмкіндігіне қарай

шығарылған заңның қалай іске асып жатқандығын бақылап отыруы қажет;

Екіншіден, заңның іске асуын орындаушы өкімет жүзеге асыруы қажет.

Халықтың жалпы және құқықтық мәдениетін көтеруде заң үстемдігін насихаттап отыруы жақсы жеміс беретіні сөзсіз.

1998-2000 жылдар арасында қазақстанда экономика, саясат және әлеуметтік мәдени өмірді реттеуге бағытталған 169 заң мен қаулылар қабылдаған. Осы заңдар мен қаулылардың бәрі іске асып отырса, онда көптеген қиыншылықтардың алдын алып отыруға болатын еді.

Көптеген заңдар қағаз жүзінде қалып қояды, өйткені мемлекет тұрғысынан, лауазымды адамдар тұрғысынан бақылау болмайды.

Құқықтық мәдениет адамдарға өздігінен өзі бірден сіңе салмайды. Оны адамдарға етене жақын өтіп, назарын аударып, іс-әрекетінен курс тамырына, өзегіне айналдыру үшін мемлекеттік органдар тарапынан да, юрист-мамандар тарапынан жеткілікті күш жұмсалуы қажет.

Билікті жүйелерде, өндіріс орындарында білікті юрист мамандарының жоқтығы дамуды тежеп отыр. Бізде теледидар, радио арқылы көптеген қылмыс, заң бұзушылық туралы хабар беріліп жатады. Бірақ осы ақпарат туралы аналитикалық талдау жасап, оған құқықтық ғылым тұрғысынан баға беретін сапалы хабар да жоқтың қасы. Теледидарда аса бағыттағы аналитикалық хабар көбірек берілсе нұр үстіне нұр болатыны сөз.

Газет беттерінде құқықтық білімнің мән-мағынасин ғалымдар – заңгерлер түсіндіріп қарапайым халықтың жүрегіне жол сала алатын мақалалар жазса, ол да өз септігін тигізуі мүмкін.

Қоғамның қазіргі санасында діни ұйымдар, конфессиялар өз белсенділігін күннен-күнге арттырып отыр. Олардың заңдық тұрғысынан базасы әлі де берілмей келеді. Бұл мәселе жөнінде заң органдары аса жоғары білікшілік таныта алмай отырғаны белгілі.

Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің қатарында өз борышын өтеп жүрген жастар арасында да құқықтық тәрбие жұмысы әлсіз жүргізілуде.

Республикада басқа мемлекеттерден көшіп келген азаматтардың жағдайы да құқық тұрғысынан қанағаттанарлық деп айту қиын. Қазақстан азаматтарының өркениетті мемлекетте өмір сүре бастауын қамтамасыз ететін құқықтық тетіктер осы бастан істей бастамаса, онда ұлттық қауіпсіздікке шын мәнінде зиян келуі мүмкін. Қазақстан Республикасының болашағы – қазіргі мектеп оқушылары. Біздің бастапқы мақсатымыз мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Қоғамда құқықтық мәдениетті өз табиғатына және болмысына сай талапта және деңгейде қарау керек екендігі, соған сай көзқарас және тұғырнама қажеттігі алға тартылады. Оның объективті ғылыми сұлбасын жасау мақсаты әдістемелік тұғырды қайта қарап, жаңаша ой елегінен өткізуді талап ететіндігі мойындалады. Құқықты түсіндіру жұмысы және құқықтық сауат мәселелері өзара байланысты әрі бірін-бірі қамтамасыз ететін түсініктер болып табылады және қоғам өмірінің барлық қырларына қатысты. Азаматтардың құқықтық мәдениеті деңгейі мемлекет жүргізіп жатқан құқықтық саясат мәселелерінің қаншалықты тиімді шешіліп жатқанына байланысты.

Құқық саласындағы ахуалды талдау құқықтүсіндіру жұмысында, құқықтық мәдениетті қалыптастыру саласында едәуір белсенді іс-қимыл жасау қажет екенін көрсетеді. Әділет министрлігіне, оның аумақтық органдарына құқық түсіндіру жұмысын жүзеге асыруда ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету, заң-наманы түсіндіруге қатысу бойынша үлкен жауапкершілік жүктеген ҚР "Әділет органдары туралы" заңының қабылданғанына бір жылдан асып барады. Қазіргі уақытта, өкінішке орай, осы саладағы мемлекеттік органдардың іс-қимылында бір ауыздылық жоғы байқалады. Сондықтан құқық түсіндіру жұмысын жүргізуде бірегей көзқарас, әдістер әзірлеу қажеттігі туды. Құқық түсіндіру жұмысын күшейтудің маңызды шарты - заңдық ақпаратқа қол жетушілікті қамтамасыз ету, кодекстерді, анықтамалық сипаттағы және көпшілікке арналған заң әдебиеттерін үлкен таралыммен басып шығару.

Заңдық мінез-құлыққа бет бұру әзірше халықтың болмашы бөлігіне тән. Қоғамдық пікір байланысын өзгерту мұқият ойластырылған шаралар, бұқаралық ақпарат құралдарында құқық түсіндіруді жүйелі түрде ұйымдастыру азаматтарды еліміздің құқық шығару және құқық қорғау қызметіне тартудың пәрменді тетіктерін енгізу арқылы ғана мүмкін болады. Заң шығару, оның қолданылуы және орындалуы қоғамдағы құқық пен заңдылық ахуалына, заң нормаларының дәл, сөзсіз орындалуына қол жеткізуге деген әзірлік пен құлшынысқа тікелей байланысты. Дегенмен, жаңа қабылданған заң кесімдері әркез толық орындала бермейді, мұның себебін тиісті саяси және экономикалық тетіктердің болмауынан ғана емес, көптеген азаматтарды және лауазым иелерінің заңды білмеуінен, дұрыс түсінбеуінен, құқықтық мәдениетінің төмендігінен іздеген дұрыс болар. Осыған орай, халық арасында құқықтық білімді насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдары негізгі рөл атқаруға тиіс. Алайда, қазіргі кезде теледидардағы эфир уақытының басым бөлігі қылмыстық оқиғаларды, заңсыздықты, озбырлық, жемқорлық сияқты келеңсіз құбылыстарды көрсетуге арналып жүр. Осы ретте құқық қорғау органдары қол қусырып отыр және олардың қызметінің нәтижесі жоқ деген әсер қалады. Бұған жауап ретінде заңгерлер қызметіндегі жағымды жайларды түгел көрсететін ақпараттық ортаны қапыптастыру қажет. Халықты Қазақстан Республикасының заңнамасынан көбірек хабардар ету мақсатында баспасөзді, қоғамдық пікірді жүйелі түрде талдау, сондай-ақ құқықтық болжам құруға және мемлекеттік-құқықтық процестердің дамуы туралы түсінік жасауға негіз болатын социологиялық сұрау салуды жүргізу қажет. Талдамалы, проблема көтеретін материалдарды көбірек әзірлеу керек. Құқықтық сананы қалыптастыру және құқықтық тәрбие мәселелері бойынша мақсатты зерттеулер жүргізу қажет.

Біздің департаментте жоғарыда аталған және өзекті мәселелер бойынша бірқатар шаралар жүргізілді. Олар қазір де күн тәртібінен түскен жоқ. Бұл, атап айтсақ, қылмыстық саясатты ізгілендіру, қараусыз балалар проблемалары, соның ішінде әке-шешесінің қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері.

Көпшілікке ұсынылатын ақпараттық материалдың түсінікті болуы мәселесінің де маңызы кем емес. Қазіргі жағдайда құқықтық білімді таратуда "барлығы - барлығы үшін" қағидасын ұстану, менің ойымша, онша

қолайсыз әрі тиімсіз. Бұл жерде мемлекеттік органдарды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Осы бағытта жүргізіліп жатқан шаралардың тиімді болуы үшін дәл солардың біліктілігі мен қажетті материалды көпшіліктің санасына жеткізе алуының маңызы зор. Сонымен бірге құқық қорғау және құқық қолдану жүйелері субъектілерінің құқықтық мәдениетін жоғарылату бойынша нақты жүйелі жұмысты қолға алу қажет. Заңгер ғалымдардың пікірінше, азаматтардың заң жағынан сауатты, заңды талап қоя білуі мемлекеттік органдарды, барлық лауазымды тұлғаларды өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін орындауда жауапкершіліктерін арттырып, азаматтардың сұранымдарына дұрыс қарап, шешуге итермелейді.

Қазіргі кезде құқықтық білім беретін мектептердің қызметіне байланысты қарама-қайшы пікірлер бар. Экономикалық қатынастар өзгерген жаңа жағдайда аталмыш мектептерді ұйымдастыру нысандарын да өзгерткен дұрыс. Оларды қаржыландыру мәселесін шешіп, соның арқасында білікті дәріс берушілерді, 3 0 құқық қорғау органдарының мамандарын, т.б. шақыруға болады.

Қазіргі жағдайда қоғамымыздың ұүқықтық мәдениетінің қалыптасуы біркелкі емес десе болады. Шынтуайтқа келгенде, бұқаралық ақпарат құралдары құқықтық нигилизм, заңдық озбырлық және заңдық мәдениетсіздік тақырыбын көтермейтін күн жоқ. Құқықтық нигилизмнің етек жаю ауқымы кеңейіп барады. Көп жағдайда құқықтық нигилизм қоғам дамуының тарихи жолы ерекшелігінің туындысы болып табылады. Көп уақытқа созылған құқықтық озбырлық қоғамдық санада тұлғаға қол сұқпаушылық, барлық адамдардың заң алдында бірдей болуы, сотта іс қараудың әділ болуы сияқты басты демократиялық принциптердің шынайылығына деген сенімсіздіктің туындауын алып келді. Ал, қазіргі өтпелі кезеңде қоғамдағы заңдық нигилизм одан да арта түсуде. Құқықтық реттеудің кенжелеп қалуынан оның қоғамдық санадағы заңдық нигилизмді азайтуға септігі болмай отыр, бұл, басқасын айтпағанда, экономикада, сондай-ақ қоғам өмірінің өзге де салаларында криминогендік алғышарттың ұлғаюына әкелді. Бүгін құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында құқықтың қоғамдық өмірде алатын орнына деген бұрынғы көзқарасты өзгерту керек сияқты. Мемлекет пен құқықтың өзара қатынасында құқықтың рөлі басым болуы керек, ал барлық мемлекеттік органдар Заңға, қолданыстағы заң нормаларына сөзсіз бағынуға тиіс.

Қазір қоғамдық қатынастарды заманға лайық ету, құқықтық мемлекетті қалыптастыру бағытында таңдау жасалған кезде құқықтық мәдениет, оның деңгейін жоғарылату кезек күттірмес мәселеге айналып отыр және оның табысты шешілуі Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құрылыстың тағдырына көп әсерін тигізеді. Әзірше құқықтық ақпарат пен насихаттың бірегей жүйесі жоқ, құқықтық білім негіздерін мақсатты оқыту, нормативтік материалды және заң әдебиетін көпшіліктің қолы жетерліктей жариялау жолға қойылмаған. Құқықтық мәдениетті жоғарылату мәселелері - қоғамның өмір сүруінің объективтік жағдайларының өзгеруіне, мақсатқа бағындырылған идеологиялық, ұйымдық жұмысқа, әлеуметтік-заңдық шараларды жүзеге асыруға байланысты ұзақ процесс екенін қайталап айтқан артық болмас. Осындай жағдайда құқықтық сананы қалыптастыру мемлекеттік билік

институттары алдында тұрған аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осы міндет орындалмай азаматтық қоғам құру, өмірдің көптеген саласын реформалау, әлеуметтік жағымсыз мінез-құлыққа қарсы пәрменді күрес жүргізу мүмкін емес. Әрине, бүкіл заңдарды білу іс жүзінде мүмкін емес, әсіресе заң мәселелерімен арнайы айналыспайтын азаматтар үшін бұл тіпті қиын. Сондықтан азаматтардың білуі үшін неғұрлым қажетті және қолданыстағы заңнамада бағыт-бағдар ұстануға мүмкіндік беретін заңнама салалары мен ережелерін айқындап алу міндеті тұр.

Заңнамаға қол жетушілік, менің ойымша, нормативтік-құқықтық кесімдерді білудің аса маңызды алғышарты болып табылады. Қазір демократиялық қоғамға және нарықтық экономикаға қарай бет бұрыс жасау заңнама рөлінің күрт жоғарылауына алып келген кезде оған қолжетушіліктің мәні айтарлықтай арта түседі. Заңнаманы ресми басылымдарда жариялаудың өзі жеткіліксіз. Оны басқа басылымдарда қосымша жариялау, заңнаманың ең маңызды ережелері бойынша мамандарды сөйлетіп, түсіндірме беру мүмкіндігін қарастыру қажет. Құқықтың көптеген жаңа нормаларын, әсіресе олар бір-біріне қарама-қайшы келетін жағдайда, ал бұл сирек құбылыс емес, маманның көмегінсіз түсіну мүмкін емес.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің компоненттер құрамы – бұл көптеген элементтердің жиынтығы. Солардың ішінде ең негізгілері бұл – қоғамдық әділеттілік, құқықтық біліктілік, құқықпен реттелетін жүріс-тұрыс әрекеті, мемлекеттік органдардың құқықтық қызметі, құқықтық білім және құқықтық білім алу, құқықтық ақпараттану, судьялардың құқықтық практикасы.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті – бұл құқықты білу, құрметтеу, тұлғаның құқықты, заңды және құқықтық практиканы дұрыс бағалауы. Құқықтық мәдениетке қарсы құқықтық нигилизм тұрады. Бұл ұғымның астарында – құқықты идеал ретінде, әділеттік идеясы ретінде қарастырмауы, құқықты білмеу құрметтемеу ұғымдары жатыр. Өкінішке орай, Қазақстан қаоғамында нигилизм өсіп келе жатыр және барлық сатыларына таралуда. Қоғамға ең қауіптісі – заң шығарушылардың құқықтық нигилизмі мен құқық қорғау органдардың құқықтық нигилизмі.

Біздің қоғамдағы құқықтық мәдениет жағдайын төмен бағалауға болады. Қазақстанда құқықтық білім алуға, құқықтық тәрбиеленуге дамыған нормативтік-құқықтық база құрылғанына қарамастан құқықтық мәдениет дәрежесі әлі де төмен қалпында тұр. Қазақстандағы барлығына ортақ құқықтық білім алу туралы заңды ешкім де алып тастамаған, бірақ бұл толық орындалмай жатыр. Бірақ, дегенмен, құқықтық білім алу қоғамға ауадай қажет болып табылады.

Қазір біздің елімізде әйел адамдардың құқықтық білім алуы туралы мәселе өзекті болып отыр. Құқықтық ақпараттануы мен құқықтық білімі әлдеқайда төмен дәрежеде. Оны 2001 ж. Сорос Фонды мен интеллектуалды еңбектің әйелдер Кеңесімен жүргізілген социологиялық зерттеулердің қорытындысы көрсеткен.

Алайда бес жылдан астам уақыт өтсе де, бұл көрсеткіштердің өзгерісі аз. Мысалы, сұралғандардың 9% өз құқықтық білім дәрежесін жоғары деп

бағалады, 68%-орташа, 23%-төмен. Сонымен бірге, әйел адамдар ер адамдарға қарағанда өз білімдерін сәл төмен бағалайды. Көптеген әйелдер ұлттық заңдармен аз танысқан, тіпті кейбір халықаралық-құқықтық құжаттарды естімеген жағдайлар бар. Атап айтқанда, 1981 жылғы әйелдерге қатысты дискриминациялардың барлық формаларын ликвидациялау туралы Конвенция, 1985 жылғы Найробтық перспективті стратегиялары, 1995 жылғы қызметтер платформасы, мен Пекин декларациясысияқты сияқты т.б. құжаттар. Қазақстанда 1997ж. әйелдер жағдайын жақсарту туралы мемлекеттік саясаттың Ковенциясы, 1999ж. – әйелдер жағдайын жақсартуға байланысты Ұлттық іс-әрекетер жоспары жасалынды. Бұл құжаттар, өкінішке орай, кең әйелдер шеңберіне емес, тек мамандардың тар шеңберіне ғана белгілі[1].

Социологиялық зерттеулердің көрсетуі бойынша, негізгі құқықтық білім көздері – БАҚ, өз бетімен білім алу, Жоғары оқу орындарындағы оқу программалары, қоғамдық ұйымның ақпараттық әдебиеттері, достармен, туған-туысқандарымен ақпарат алмасу -22%.

Респонденттердің белгілеуі бойынша, құқықтық білім беру Жоғары оқу орындарында төмен жүргізілуде

Қазіргі таңда құқықтық білім негіздері пәні барлық мамандықтарына мемлекеттік стандартына негізделеді. Бұл қуантатын жағдай, себебі әрбір Қазақстан азаматы өз елінің заңдарын білуі шарт. Сонымен бірге, «Құқықтанушы», «Халықаралық құқық» мамандықтарының қызметшілері білуі тиісті кереғар ситуациялар туындап жатады. 2006ж. қыркүйегінен бастап, бұл мамандықтың бірінші курс студенттерінің барлығы міндетті түрде «Құқықтық білім негіздері» пәнін оқиды. Болашақ заңгер студенттер бір пәнді екі рет қайталап оқуына тура келеді. Бұл жағдайды тез арада шешуді қажет етеді.

Оқытудың кредиттік технологияға өтуі, өкінішке орай, Жоғарғы заң оқу орындарындағы оқыту сапасының артуына еш әсерін тигізбегені мәлім болып отыр. Қазақстанның Жоғарғы оқу орындары оқу процесіне кредиттік технологияны ендіруге материалдық-техникалық, қаржылық, психологиялық, кадрлық салада әлі де дайын емес. Жоғарғы заң оқу орындарының оқыту программалары кредиттік технологияға дайын емес екені анықталып отыр. Ал бұл жағдайдың барлығы Жоғарғы заң оқу орындары төмен дәрежелі мамандарды дайындап шығаратындығына көз жеткізуге болады.

Қазір құқықтық оқытудың теориялық стилі орын алуда. Ал бізге қазіргі кезде, ең алдымен практикалық дағдылардың қажеттігі артып отыр. Бұл ең алдымен салық, қаржылық, азаматтық құқық саласы бойынша. Қазіргі таңда заң ұйымдарына көп мөлшерде квалификацияланған заңгер кадрларына қажеттілік туындап отыр. Жоғарғы заң оқу орындарының көп санына қарамастан, жақсы кадрлар жоқтың қасы. Атап өтетін бір жайт, Жоғарғы заң оқу орындарында оқитындардың жартысынан көбі әйел адамдар құрайды. Ал бұрын заңгер мамандығы ер адамдарға тән болатын.

Құқықтық мәдениет ең алдымен адамгершілік, этика, этикалық нормалармен байланысты. Құқықтық мәдениеттің басты міндеті заңды немесе

---

[1] www.akimvko.gov.kz – ШҚО әкімдігінің сайты

құқықтарды жатқа білу емес, сауаттлықтан басқа маңыздысы адамға тән болуы тиіс қасиеттер – адамгершілік, мораль, міндет, ар-ұят, намыс сияқты постулаттармен байланысты дамуы тиіс. Өз жетістіктерінің дамуы және басқа адамдардың жетістіктерін құрметтеу - жастарды негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Жастардың құқықтық мәдениеті жайлы айтқанда, адамгершілік және құқықтық нормалардың тығыз өзарабайланысын көрсету қажет.

Жастардың құқықтық білім алу үрдісінде тегін заңи, брошюраларды шығаруына, тегін заң консультациялардың жүруіне, саяси партиялардың белсенді жұмыстары және т.б. шараларға мемлекеттік қолдау қажет. Әлемдік практиканың көрсетуі бойынша, жаңа мыңжылдық барлық демократиялық елдерде құқықтық мәдениетке байланысты жаңа қоғамдық өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерін алады. ҚР Президенті Н.Назарбаев Қазақстанның прогрессивті дамуын Қазақстан жастарының дамуы және өмірінің барлық саласындағы белсенділігімен тікелей байланыстырады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі Қазақстандағы кең көлемді реформалар мен өзгерістерге қарамастан, елде, әлі де болса, құқықтық мемлекет құруға негіз болатын басты фактор – құқықтық мәдениетті дамытатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және саяси жағдайлар толық қалыптаспаған.

Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік реформалар жеке тұлғаның құқықтық еркіндігін қорғау қажеттігін, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық аномия мәселелерін тудырды. Соңғысы қоғам өмірінде моральдық және аморальдық ұғымдар айырмашылығының күннен-күнге азаюы, әділеттілік пен әділетсіздіктің алмасуы, жеке тұлға құндылықтарының өзгеруі – материалдық құндылықтардың басты рөлге шығуынан, рухани құндылықтардың құлдырауы, құқықтық нигилизмнің кеңінен өріс алуына байланысты болып отыр.

Көпшілік үшін қоғамға пайда келтіру ұғымы қауқарсыз түсінікке айналып, негізінен, тұтынушылық мүдделер алға шықты, сонымен қоса элитарлыққа, индивидуалдық пен прагматизмге ұмтылу үрдістері бой көрсетті. Ұлттық құндылықтар мен құлықтық қағидалар күн өткен сайын мән-маңызын жоғалтып барады. Мұндай жағдайда қоғам үшін ең керегі – бұрынғы рухани, адамгершілік құндылықтар мен құықтық дәстүрлерді қайта жаңғыртып, көпшілдік, төзімшілдік, мейірім мен келісім сынды игі құндылықтардға ұмтылу, оларды өміршең қылуға қызмет ету керек деп білеміз.

Егер бұған дейін, құқықтық мәдениеттің қалыптасу мәселелері партиялық және мемлекеттік органдар айналысатын іс ретінде танылып келсе, бұл күнде ол, көп жағдайда, әрбір жеке азаматтың өз бағыт-бағдарын айқындау мәселесіне келіп тіреледі, оның өздігінен білім алуына, өз дүниетанымы мен көзқарастарын, мәдени деңгейін дамыту әрекетіне тікелей байланысты.

Сондай-ақ әсіресе жастардың құқықтық мәдениетінің қалыптасу процесіне ықпал ететін басты құрал – мемлекеттік идеология болуы керек деп білеміз. Мемлекеттік идеология қашанда қоғам тұрақтылығы мен ел тыныштығының кепілі болатыны сөзсіз. Қазіргі таңда қоғам дамуы көп ұлтты Қазақстан үшін баршаны біріктіретін ортақ бір идеяның қажеттігін дәлелдейді. Біздің ойымызша, мемлекеттік идеяның негізгі бағыттары келесідей болуы керек:

– тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстан тағдырының еркіндігі мен өзіндік болмыс-бітімін насихаттау;

– демократия мен еркіндікке, даму мен көркеюге біртіндеп қадам жасау, қазақстандық даму жолын айқындау;

– қазақстандық патриотизм;

– қоғамның басты құндылығы ретінде жеке тұлға мен оның құқықтары мен міндеттерінің біртұтастығын тану;

– қоғам мүшелерінің рухани-адамгершілік қасиеттерінің жоғары болуы.

Бұл идеялар Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен күшіне енген Құқықтық саясат концепциясында көрініс тапқан.

Біздің пікірімізше, осы құжат іспеттес, Құқытық мәдениет концепциясын құрастыру керек. Оның негізіне келесі принциптерді алған жөн:

– қоғамдық келісім және мемлекет пен халық арасындағы түсіністік идеясының басымдығы;

– құқық нормаларында адами құндылықтарды дәріптеу;

– Конституция мен заңнамада құқықтарды міндеттермен ажырамас бірлікте қарастыра отырудың негізінде тұлғаның бойында жоғары руханилықты тәрбиелеу;

– жан-жақты мемлекеттік қолдау арқылы әлеуметтің құқықтық білімділігі мен құқықтық ағартуын қамтамасыз ету;

– құқықтық жүйеде ұлттық құқықтық құндылықтар мен идеялардың жандануы, нақтылай айтсақ: жергілікті өзін-өзі басқару органдарының деңгейінде билер институтының жаңғыруы, құқықтық тәжірибеде билер сотының демократиялық ұстанымдарын қолдану.

Азаматтардың құқықтарын қорғау маңызды міндет болып табылады. Мемлекет бар заңдарға, қажет жағдайда сәйкестікке, талдауға, құқықтық санаға сүйене отырып азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін, қызығушылықтарын қорғауға міндетті.

Мемлекеттік органдардың бойкүйездігі мемлекетке зор рухани зиян келтіреді, заңның беделін, заңға құрметті, заңның әділдігіне сенімді, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігін кетіреді. Бұл жғдайда құқықтық мәдениет пен оны жоғарылату жөнінде айтудың өзі артық.

Құқықтар мен міндеттердің бірлігі аксиома мен постулат. Сонымен қатар құқықтардың міндеттерден басым түсу қаупі бар, бұны бұрынғы коммун-социалистік ұжымдастыруға қарсы реакция секілді сипаттауға болады. Құқықтардың міндеттерден басым түсуі негізінде «өзгеге де өзіне қалағандай қызмет қыл» ережесі бар қоғамдық құлық сенімсіздгіне әкелуі мүмкін, жеке құқықтардың кез келген адамның құқықтарынан басым түсуіне әкеледі. Идеологияда міндеттерді орындау адами қарым-қатынастардың тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған қажеттілік пен игілік идеясы болуы тиіс. Қоғамның әрбір мүшесінің өз міндеттерін орындауына жеке адам мен әлеуметтің өмір сапасы тәуелді.

Тұлғаның құқықтық мәдениеті бірқатар объективті факторлар әсерінен қалыптасады: әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси және т.б. Сонымен қатар оның қалыптасуындағы маңызды рөл бағытталған құқықтық тәрбие қызметіне қатысты. Құқықтық тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажет, сонымен қатар әр категория халықтарының білім берудегі, кәсіби және жас аралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Осы жұмыс үшін мемлекеттік органдарды, ғылыми мекемелерді, оқу орындарын, қоғамдық ұйымдарды тарту дұрыс. Бұл жүйенің ұйытқысы құқық қорғау органдары БАҚ болу керек.

Құқықтық тәрбие құқықтық оқыту негізінде берілу керек, яғни құқықтық білім мен оны жүзеге асыратын кәсіби білік педагогикалық процесс жүзінде берілуі тиіс. Құқықтық оқыту адамдар бойында заңға деген құрмет, құқықтық сенім сияқты құндылықтар қалыптастырады. Әрине, құқықтық оқыту

азаматтардың барлық заңдарды біліп шығуын қамтамасыз етпейді. Дегенмен адамдар әрекетін реттейтін негізгі заң нормаларын барлығының да білгені дұрыс.

Біздің ойымызша, бұған дейін де құқықтық тәрбие берудің ең тиімді тәсілі ретінде қалыптасып үлгерген баспасөз, теледидар, радио және көркем құралдар арқылы насихат жұмысын қолдану керек. Құқықтық насихат – құқықтық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі. Бұл орайда БАҚ ролі арта түседі. БАҚ – мемлекеттік идеологияны жеткізудің теңдессіз құралы. БАҚ-тың адамдар санасына әсер ететін ықпалы өте жоғары. БАҚ арқылы адамдар бойында мейірім мен ынтымақ, ізгілік пен ар-ұят сезімдерін оятуға болады. Адамдар санасына күн сайын, тіпті сағат сайын ықпал ететін БАҚ, жеке индивидтердің дүниетанымы мен көзқарастарына түбегейлі өзгерістер енгізе алады. Әсіресе балалар мен жасөспірімдерге арналған құқықтық тәрбие беретін бағдарламалардың маңызы басым. Бұл орайда телевизиялық хабарлар барысында зұлымдық пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын кинофильмдер көрсетуді азайту керек деген ұсыныс жасаймыз.

Құқықтық мәдениет – адам санасында генетикалық тұрғыдан сақаталып берілетін арнайы ақпараттар жиынтығы десек те болады, ол – адам болмысын айқындайтын құбылыс. Ол арқылы адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас негіздері айқындалады. Сол себепті де, адамның құқықтық мәдениетінің басты құраушысы – ол сол адамның рухани, моральдық мінез-қасиеттері екендігін мәлімдейміз. Яғни сол қасиеттер, адамның өз құқықтарын, құқықтарымен қоса міндеттерін де толық орындаған жағдайда, адамның өмір сүріп, өзін-өзі дамытуына кепілдік береді.

Құқықтық мәдениет – мораль мен имандылықсыз мүмкін емес. Біздің ойымызша, қоғам өмірінде қандай әрекет болмасын, оған алдымен адамшылдық, имандылық, мораль тұрғысынан баға беру керек. Бұл әсіресе мемлекеттік органдардың қызметіне тікелей қатысты. Имандылықтың азаюы адамдар өмірінің барлық саласына да теріс әсерін тигізетіні хақ. Бүгінгі таңда қоғам өміріндегі заңдылық пен құқықтық саланы құқықтық нигилизм мен құқықтық скептицизм жайлап барады. Адамдар бойындағы басты түсінік – құқықтық қорғалуға деген сенім мен құқыққа қарсы әрекет үшін жаза қолданудың міндетті екендігіне деген сенім азайды. Өкінішке орай, қазіргі кезде қоғам игілігінің кепілі болатын құқық, мораль мен имандылық ұғымдары өзініің мән-маңызын жоғалтып бара жатқандығын мойындаймыз.

Білім мен білімділікке деген ұмтылыстың азаюы, терең білім алуға құлықсыздық – бір сөзбен айтқанда, қоғам мен жеке адамның рухани деградациясын білдіреді. Бұл әсіресе заңгерлік білімге қатысты. Өйткені ол тұлғаны әлеуметтендірудің басты құралы болып табылады. Заңгерлік жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламалары ізденушіге тек заңгерлік білімді беріп қана қоймай, тұлға бойында адами жауапкершілік сезімін қалыптастыратындай етіп жасалынуы тиіс.

Түбінде құқықтық мемлекет құруды мақсат ететін әрбір мемлекет азаматтарына құқықты оқытуға ерекше көңіл бөлуі тиіс, оқыту бағдарламаларын кеңейтуге, құқықты оқытуға бөлінетін сағат саны мен

құқықтық әдебиеттерді көбейтуге, құқықтық тәжірибені дамытуға мүдделі болуы керек. Балаларға мектеп жасынан қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауға, өзгелердің ар-ожданын құрметтеуге үйрету арқылы құқықтық тәрбие беру керек.

Құқытық мәдениетті қалыптастырудың басты факторларының бірі – бұл қарапайым құқықтық қатынастар жүріп жататын өмір сүру салтын жетілдіру. Мұндай жетілдіру қоғамдық өмірдің әр алуан қырларын құрайды: экономикалық, саяси, әлеуметтік, ғылыми, жоғарғы мектеп, мамандарды даярлау, т.т.

Заңгерлік ғылымның маңызы ерекше. Қазақстан Республикасында бір кездері мемлекет пен құқық мәселелерін жоғары деңгейде қарастыратын Мемлекет пен құқық институты бар Ұлтттық Ғылым Академиясы қызмет еткен.Ұлттық Ғылым академиясын қысқарту заңгерлік білімге де өзінің кері әсерін тигізді. Бүгінгі таңда заңгер ғалымдар теориялық ойлар мен құықтық практика арасындағы үлкен айырмашылық бар екендігін баса айтады. Мұндай жағдай «сөз жүзіндегі құқықтың» монополиясына әкеліп соқтығуы мүмкін. Яғни сөз жүзінде айтылған, қағаз жүзінде жазылған құқық, құқықтық нормалар, құқықтық принциптер, т.б. нақтылы іс жүзіне аспай қалуы мүмкін. Бұндай жағдайдың кері әсері айтарлықтай көп. Теория – практиканың негізгі болмысы. Теориясыз ғылым да болмайды. Ал бүгінгі таңда аналитикалық юриспруденция практикалық юриспруденциядан қалып қойып отыр.

Құқықтық мәдениет құндылықтарын, құқықтық прогрестің мәні мен мазмұнын зерттеп білудің мақсатын түсіну үшін, жалпыадамзаттық гуманистік даму үрдісіне ден қою керек. Бүгінгі таңда, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыруда өріс алған гуманизм мен имандылық үрдістері әлемдік адамзат прогресін сипаттайтын негізгі белгілер десек те болады.

Құқықтық мәдениеттің дамуы адам санасында әділетті, еркін әрі гуманды қоғам құруға шақыратын игі құндылықтарды қалыптастыруға қызмет ететіні сөзсіз.

Құқықтық мәдениет – бұл қоғамның құқық билігіне бағынатын, құқықтық пинциптерге сай өмір сүретін, адамның еркіндігі мен табиғи құықтарына толықтай кепілдік беретін орта жасауға бағытталған амал-әрекетінің нақтылы жемісі. Атап айтсақ, құқытық мәдениет дегеніміз – бұл қоғамда құқытың орнауы (гуманистік тұрғыдағы), құқық қорғаудың қамтамасыз етілуі, қоғамның құқықтық санасының дамуы, заңгерлік ғылым, құқытық білім мен тәрбиенің басымдығы.

Құқықтық мәдениетті біртұтас өркениет құбылысы ретінде қарастыру, келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

